3) аса ірі залал және аса ірі мөлшер – 188, 189, 190, 191, 192, 194, 197, 202 және 204-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 214-бапта – сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 215 және 216-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бес мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен елу мың есе асатын сомада келтірілген залал; 217-бапта – сомасы бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 229, 230-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомадағы залал; 234-бапта – он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, алып өткізілген тауарлардың құны; 245-бапта – елу мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, бюджетке түспеген төлемдер сомасы; 253-бапта – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 307-бапта – сомасы бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 337 және 343-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі; 365-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 366 және 367-баптарда – он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын

сомадағы залал мөлшері;

4) ауыр зардаптар – ҚК көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар:

адам өлімі; екі немесе одан да көп адамның өлімі; жәбірленушінің немесе оның жақынының (жақындарының) өзін-өзі өлтіруі; денсаулыққа ауыр зиян келтіру; екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру; адамдардың жаппай сырқаттануы, ауру жұқтыруы, сәулеленуі немесе улануы; халық денсаулығы мен қоршаған орта жай-күйінің нашарлауы; қаламаған жүктіліктің болуы; техногендік немесе экологиялық зілзаланың, төтенше экологиялық ахуалдың туындауы; ірі немесе аса ірі залал келтіру; жоғары қолбасшылық қойған міндеттерді орындамай қалдыру; мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіру, апаттар немесе авариялар; әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің ұзақ уақыт төмендеуі; жауынгерлік міндеттерді орындамай қалдыру; жауынгерлік техниканың істен шығуы; келтірілген зиянның ауырлығын куәландыратын өзге де зардаптар;

5) әкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

6) әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар – ҚК-тің 18-тарауында көзделген, әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы бағытталған, шақыру бойынша не келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер, сондай-ақ запастағы азаматтар жиындардан өтуі кезінде жасаған іс-әрекеттер;

7) банда – қаруды не қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып немесе қолдану қатерін төндіріп азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ;

8) басқа механикалық көлік құралдары – тракторлар, мотоциклдер, өздігінен жүретін машиналар (экскаваторлар, автокрандар, грейдерлер, катоктар);

9) билік өкілі – мемлекеттік қызметте жүрген, қызмет бабымен өзіне тәуелді емес адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен билік ету өкілеттіктері берілген адам, оның ішінде құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органның, әскери полиция органының қызметкері, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын әскери қызметші;

10) болмашы мөлшер – 187-бапта – ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құны;

11) денсаулыққа ауыр зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті зиян не денсаулыққа: көру, сөйлеу, есту қабілетінен немесе қандай да бір ағзадан айырылуға; ағзаның өз функцияларын жоғалтуына; бет-әлпетінің қалпына келмейтіндей бұзылуына; жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты түрде жоғалтумен ұласқан денсаулықтың бұзылуына; кәсіби еңбек қабілетін толық жоғалтуға; жүктілікті үзуге; психиканың бұзылуына; нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыруға әкеп соққан өзге де зиян;

12) денсаулыққа ауырлығы орташа зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақыт (жиырма бір күннен астам мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (үштен бір бөлігінен кем) тұрақты түрде айтарлықтай жоғалтуға әкеп соққан зиян;

13) денсаулыққа жеңіл зиян – денсаулықтың қысқа мерзімге (жиырма бір күннен аспайтын мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (оннан бір бөлігінен кем) тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан адамның денсаулығына келтірілген зиян;

14) елеулі зиян – ҚК көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар:

адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың

құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін бұзу; айтарлықтай залал келтіру; жәбірленуші адамда өмірлік қиын жағдайдың туындауы; ұйымдардың немесе мемлекеттік органдардың қалыпты жұмысының бұзылуы; маңызды әскери іс-шаралардың өткізілмей қалуы не әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің қысқа мерзімге төмендеуі; қарулы топтарды немесе жекелеген қарулы адамдарды, құрлықтағы, әуе немесе теңіз жауынгерлік техникасын дер кезінде байқамау немесе оларға тойтарыс бере алмау, адамдардың және көлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы кедергісіз заңсыз өтуіне, контрабандалық жүктердің өткізілуіне жол беру, шекараны қорғайтын шекара құрылыстарына, техникалық құралдарға залал келтіретін іс-қимылдарға салғырт қарау; келтірілген зиянның елеулі екендігін куәландыратын өзге де зардаптар;

15) жалдамалы – қарулы қақтығысқа, соғыс қимылдарына немесе мемлекеттің конституциялық құрылысын құлатуға немесе бүлдіруге не аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған өзге де күш қолдану әрекеттеріне қатысу үшін арнайы азғырып көндірілген, материалдық сыйақы алу немесе өзге де жеке басының пайдасы мақсатында әрекет ететін, қақтығысып жатқан тараптың немесе көрсетілген іс-қимылдар қарсы бағытталған мемлекеттің азаматы болып табылмайтын, қақтығысып жатқан тараптың қарулы күштерінің жеке құрамына кірмейтін, өзінің қарулы күштерінің құрамына кіретін адам ретінде ресми міндеттерді атқару үшін басқа мемлекет жібермеген адам;

16) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекет функцияларын және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей атқару үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Парламент депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам;

17) жымқыру – бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып, кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру;

18) заңсыз әскерилендірілген құралым – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген, әскерилендірілген типтегі ұйымдық құрылымы бар, жеке-дара басшылыққа ие, соғысқа қабілетті, қатаң тәртіпке бағынған құралым (бірлестік, жасақ, дружина немесе үш және одан да көп адамнан тұратын өзге де топ);

19) коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам – мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы не мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйым болып табылмайтын ұйымда тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді орындайтын адам;

20) көлік – теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, оның ішінде шағын көлемді теңіз және өзен кемелері, әуе, қалалық электр, оның ішінде метрополитен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы магистральдық құбыржол көлігі;

21) қоғамдық бірлестік лидері – өзінің ықпалы мен беделі арқылы осы қоғамдық бірлестіктің қызметіне жеке-дара басқарушылық ықпал жасауға қабілетті қоғамдық бірлестіктің басшысы, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктің өзге де қатысушысы;

22) қылмыстық әрекеттерді үйлестіру – қылмыстарды бірлесіп жасау мақсатында ұйымдасқан топтар (қылмыстық ұйымдар) арасындағы келісу (ұйымдасқан топтар (қылмыстық ұйымдар) басшыларының немесе өзге де қатысушыларының арасында тұрақты байланыстар орнату, қылмыстар жасау үшін жоспарлар әзірлеп, жағдайлар жасау, сондай-ақ қылмыстық ықпал ету аясын, қылмыстық әрекеттен түсетін табыстарды бөлісу);

23) қылмыстық қоғамдастық – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды бірлесіп жасау, сол сияқты осы қылмыстық ұйымдардың кез келгенінің бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды өз бетінше жасауына жағдайлар жасау үшін сөз байласқан екі немесе одан да көп қылмыстық ұйымның бірігуі;

24) қылмыстық топ – ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым;

25) қылмыстық ұйым – қатысушылары ұйымдық, функционалдық және (немесе) аумақтық оқшауланған топтарға (құрылымдық бөлімшелерге) бөлінген ұйымдасқан топ;

26) лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

27) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты;

28) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбекақысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингте, ұлттық компанияда, ұлттық даму институтында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымға тиесілі заңды тұлғада басқару функцияларын орындайтын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері;

29) сыбайлас жемқорлық қылмыстар – ҚК-тің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 215(екінші бөлігінің 3) тармағында), 216 (екінші бөлігінің 4) тармағында), 217 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249(үшінші бөлігінің 2) тармағында), 307 (үшінші бөлігінің 3) тармағында), 361, 362(төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарындакөзделген іс-әрекеттер;

30) террористік қылмыстар – ҚК-тің 170, 171, 173, 177, 178, 184, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 269 және 270-баптарындакөзделген іс-әрекеттер;

31) террористік топ – бір немесе бірнеше террористік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ;

32) топбастаушы жағдайына ие адам – ұйымдасқан топтардың (қылмыстық ұйымдардың) басшылары қылмыстық әрекеттерді үйлестіру жөнінде өкілеттіктер берген адам не топ мүшелері өздерінің мүдделерін қозғайтын және олардың қылмыстық әрекетінің бағыты мен сипатын айқындайтын, неғұрлым жауапты шешімдерді өз мойнына алу құқығын танитын адам;

33) трансұлттық қылмыстық қоғамдастық – екі немесе одан да көп трансұлттық қылмыстық ұйым бірлестігі;

34) трансұлттық қылмыстық ұйым – екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатын көздейтін

қылмыстық ұйым;

35) трансұлттық ұйымдасқан топ – екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ;

36) ұйымдасқан топ – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатында алдын ала біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобы;

37) ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызмет бабымен бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтарды және өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

38) ірі залал және ірі мөлшер – 185, 186 және 458-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомадағы

залал; 188, 189, 190, 191, 192, 194, 195, 196, 197, 200, 202 және 204-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 198 және 199-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын залал мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері даналарының немесе өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросхемалар топологиялары қамтылған тауарлардың құны; 214-бапта – сомасы он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 214, 221, 237, 238, 239, 240, 242 және 243-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 215 және 216-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада келтірілген залал; 217-бапта – сомасы бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 218-бапта – жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға қылмыстық жолмен алынған ақша және (немесе) өзге

мүлік; 219, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228 және 241-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал; 220, 229, 230-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомадағы залал; 221-бапта – сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 231-бапта – қолдан жасалған банкноттардың, монеталардың, бағалы қағаздардың, шетел валютасының айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын құны; 234-бапта – алып өткізілген тауарлардың бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 235-бапта – ұлттық және шетел валютасында қайтарылмаған қаражаттың он бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы; 236-бапта – төленбеген кедендік төлемдердің бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 244-бапта – бюджетке түспеген төлемдердің екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы; 245-бапта – бюджетке түспеген төлемдердің жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы; 247-бапта – үш жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын, адам алған сома немесе оған көрсетілген қызметтер құны; 253-бапта – бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 258-бапта – бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, мүліктің, мүліктік сипаттағы пайданың, көрсетілген қызметтердің құны; 274-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 292-бапта – жеке тұлғаға айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал; 307-бапта – сомасы бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс; 323-бапта – жалған жасалған дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың немесе медициналық техниканың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын

құны; 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 338, 340, 341 және 343-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі; 344-бапта – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын залал мөлшері; 350, 354, 355 және 356-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын мөлшерде келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын мөлшерде келтірілген залал; 365-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал; 366 және 367-баптарда – үш мыңнан асатын, он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 399-бапта – арнайы техникалық құралдардың бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомадағы залал мөлшері;

39) экстремистік қылмыстар – ҚК-

тің 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 404 (екінші және үшінші бөліктерінде) және 405-баптарында көзделген іс-әрекеттер;

40) экстремистік топ – бір немесе бірнеше экстремистік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ;

41) электрондық жеткізгіш – есептеу техникасы құралдарының көмегімен өңделетін ақпаратты жазу, сақтау және тыңдап-көрсету үшін пайдаланылатын материалдық жеткізгіш.

4. ДӘРІСТЕР КОНСПЕКТІСІ

1-тақырып. Қылмыстық құқықтың ұғымы, міндеті және жүйесі. Қылмыстық құқықтың ғылымы.

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық құқық - іс-әрекеттің жазаланушылығын, қылмыстылығын анықтайтын заң нормаларының жүйесі. Қылмыстық құқықтың пәні және әдісі.

2. Қылмыстық заң, қылмыс пен жаза қылмыстық құқықтың түсініктері.

3. Қылмыстық құқықтың қағидаларының түсінігі. Қылмыстық құқық қағидаларының жүйесі, жалпы құқықтық қағидаларымен өзара байланысы және оның маңызы.

4. Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларымен арақатынасы. Қылмыстық саясат - мемлекет саясатының бір бағыты.

5. Қылмыстық құқық ғылымы. Қылмыстық құқық курсының жүйесі.

1. Қылмыстық құқық - жеке құқық саласы ретінде адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын, қоғамды және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған қоғамдық қатынастарды реттейді. Мұндай реттеу үш түрлі жолмен жүзеге асырылады. Оның біріншісі, қылмыстық құқық нормасы арқылы қоғамдық қатынастарды реттеу функциясы болып табылады. Ол қылмыс істеуге байланысты қылмыс жасаған адам мен (субъектімен) мемлекет арасында пайда болады. Мұндай құқықтық қатынасқа қатысушылардың әрқайсысының өзіне тән құқықтары, міндеттері пайда болады. Субъект қылмыс істеуге байланысты қылмыстық жауапқа және жазаға тартылуға міндетті болса, екінші субъект әділ сот органдары (сот, тергеу, прокуратура) қылмыс істеген адамды сол міндетті орындауға күшпен міндеттейді. Сонымен, қылмыстық құқықтық қатынастарды реттейтін бұл функция орын алған қылмыс оқиғасына байланысты қылмыстық жауаптылықты және жазаны қолдану немесе қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату сияқты мәселелерді жүзеге асырады.

Екіншіден, қылмыстық құқық нормасы арқылы жазамен қорқытып, тыйым салынған іс-әрекеттерді істеуге байланысты қоғамдық қатынастар реттеледі.

Яғни, қылмыстық заңның болуы және оны бұзған адамдарға қолданылатын жазаның қылмыстық құқықтық нормаларда көрініс алуы осы көрсетілген құқықтық функцияның толық жүзеге асырылуына мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, қылмыстық құқық қылмыстық құқықтың нормасы арқылы азаматтарға қылмыстық жолмен қиянат келтірілгенде олардың одан қорғануға байланысты қатынастарын ретке келтіреді. Мысалы, қажетті қорғану, мәжбүрлі қажеттілік немесе қылмыскерді ұстауда әрбір азамат заңда белгіленген тәртіппен қорғануға құқылы. Бұл мәселе тек қылмыстық құқықтық норма арқылы реттеледі.

Қылмыстық құқық туралы сөз болғанда оның үш түрлі мағынасын ескеруіміз қажет. Қылмыстық құқық - бұл жалпы құқық жүйесінің негізгі бір саласы және пән болып табылады. Осы ұғымдардың бәрінің жиынтығы қосылып *қылмыстық құқық курсы деген* түсінікті білдіреді.

Қылмыстық құқық пәнін құқық саласы ретінде қарастырғанда жалпы құқық теориясына тән белгілердің, негізгі принциптердің осы құқық саласына да тән екендігін ескеру қажет. Сонымен бірге қылмыстық құқық өзінің ерекшеліктерін белгілейтін және өзін жеке құқық саласы ретінде қарастыруға негіз болатын өзіндік мазмұн, өзгешелік белгілері мен принциптері бар құқық саласы болып табылады.

Құқық саласы ретінде қылмыстық құқық заң шығарушы органдар қабылдаған қылмыс пен жаза, қылмыстық жауаптылық негізі, жаза жүйелерін, жазаны тағайындаудың тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды белгілейтін заңдылық нормаларының жиынтығы болып табылады.

2. Басқа құқық салалары сияқты қылмыстық құқықтың да негізгі заңдылық базасы - Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Қылмыстық құқықтың

ережелері мен институттарының мазмұны қолданылып жүрген қылмыстық құқықтың нормаларында анық көрсетілген. Қылмыстық құқық нормалары мазмұнына қарай екі түрлі қызметті жүзеге асырады. Оның біріншісі, қылмыстық құқықтың жалпы ережелерін, принциптері мен институттарын белгілеу арқылы негізгі екі ұғым — *қылмыс пен жазаны* анықтайды.

Бұл нормалар қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімінің мазмұнын құрайды.

Екінші бір нормалар қоғамға қауіпті әрекеттің немесе әрекетсіздіктің қылмыс қатарына жататын белгілерін, шеңберін және оны істегені үшін тағайындалатын жазаның түрлері мен шегін белгілейді. Мұндай нормалар қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің мазмұнын құрайды.

Қылмыстық құқық жеке құқық саласы ретінде мынадай өзіндік ерекше белгілерімен көрініс табады:

Қылмыстық құқық пәні қылмыс істеуге байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды ретке келтіреді. Ал мұндай ретте қылмыстық құқықтық қатынастардың субъектілері болып бір жағынан қылмыс істеген адам және қылмысы үшін соларға мемлекет атынан шара қолданатын мемлекеттік құқық қолдану және құқық қорғау органдары болады.

Белгілі бір әрекетті немесе әрекетсіздікті қылмыс қатарына жатқызып, оған жаза тағайындау, қоғамға, жеке адамға және мемлекетке қарсы қылмыстық іс-әрекетке тыйым салып, оны бұзғаны үшін қылмыстық жауапқа және жазаға тартатын нормаларды белгілеу — мемлекеттің құзыреті. Осы тұрғыдағы қоғамдық қатынастарды ретке келтіру қылмыстық құқыққа ғана тән әдіс болып табылады. Қылмыстық құқық Жалпы және Ерекше бөлімнен тұрады.

Қылмыс пен жаза туралы ұғым, қылмыстық заңның түсінігі, міндеттері, қылмыстық жауаптылықтың негізі және одан босату, қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі, қылмыстық заңның кеңістіктегі және мезгілдегі күші, іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін жоятын мән-жайлар туралы түсініктер, сондай-ақ, қылмыс істеу сатылары туралы ұғыммен, қылмысқа бірге қатысу, жазаның мақсаты және жүйелері, жаза тағайындаудың немесе қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатудың мәселелері осы Жалпы бөлімде зерттеледі.

Ерекше бөлімде нақты қылмыс құрамдары және оларды істегені үшін белгіленген жаза түрлері көрсетіледі. Жалпы және Ерекше бөлім өзара тығыз байланысты, осы екі бөлімнің жиынтығы қылмыстық құқықты құрайды. Жалпы және Ерекше бөлімнің бірлігі олардың

Қылмыстық кодекстің 2-бабына сәйкес қылмыстық заңдардың міндеттері болып:

1. Адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу болып табылады.

2. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін ҚК-те қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді делінген.

3. Қылмыстық құқықтың принциптері. Қылмыстық құқық өзінің алға қойған қорғаушылық, сақтандырушылық және тәрбиелік міндеттерін тек қана белгілі бір қылмыстық-құқықтық принциптерді сақтау арқылы ғана жүзеге асыра алады.

Қылмыстық-құқықтық принциптер — заң шығарушыға, ғылымға, құқық қорғау және қолдану органдары мен азаматтарға қылмыспен қарсы күрес жүргізу саласындағы қажетті, негізгі және міндетті ережелердің көрінісі болып табылады.

Заңдылық қағидасы Парламент немесе Президент қабылдаған қылмыстық заңның құқық қолдану тәжірибесінде де, заң нормаларын қабылдау саласында да, сөз жоқ, үстемдік ету

арқылы көрініс табады. Бұл көрініс бірнеше құқықтық талаптардың жиынтығынан құралады. Оның біріншісі — Республика Қылмыстық кодексінің халықаралық, қылмыстық құқықтың жұрт таныған принциптері мен нормаларын басшылыққа алуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының, 4-бабының үшінші тармағында Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады деп көрсетілген. Адам құқықтары жөніндегі 1948 жылғы Жалпыға бірдей декларация, 1986-1989 жылғы Вена келісімі, наркоманияға және террорлық актіге қарсы күрес туралы халықаралық, Конвенция және осы сияқты басқа да халықаралық құжаттар халықаралық аймақта істелетін қылмыстар үшін жауаптылық белгілейді. Мысалы: 1986 жылғы Вена келісімінде көптеген халықаралық қылмыстық-құқықтық нормалар белгіленіп, кеңеске катысушы елдерге ұсынылған. Осы келісімнің «Қағидалар» деген тарауының 10, 10 баптарында террорлыққа қарсы күрес, 23-бабында БҰҰ қабылдаған тұтқындармен қарым-қатынастың төменгі стандартты ережелерін сақтау; сондай-ақ БҰҰ бекіткен лауазымды адамдардың құқық тәртібін сақтаудағы мінез-құлқы жөніндегі Кодекс туралы; 23-бабында адамды оның құқығын бұзатын психиатриялық немесе басқадай дәрігерлік тәжірибеден қорғау; 24-бабында өлім жазасын қолдану туралы қылмыстық заңды қолдану жөніндегі ұсыныстар туралы мәселелер көрсетілген.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы осындай халықаралық құқық нормаларын қастерлейді және осындай халықаралық шарттар Республикада бекітілген уақыттан бастап басшылыққа алынады. Заңдылық қағиданың екінші бір талабы - қылмыстық заңның Конституциялық заңға негізделуі болып табылады. Конституцияда көрсетілген негізгі ережелерді қылмыстық заң сөзсіз басшылыққа алуы тиіс. Өйткені Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың, бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады (4-бап, 2-тармақ). Мысалы, Конституцияның 15-бабының 2-тармағында өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, делінген. 17-бапта адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтыны, ал 16-бапта әркімнің жеке басының бостандығына құқы бар екендігі көрсетілген. Қылмыстық кодекстің көптеген баптары осы Конституциялық заңдарға негізделіп қабылданған. Заңдылық принциптерінің тағы бір талабы «арнайы заңда көрсетілмейінше қылмыс та, жаза да жоқ» деген тұжырымға негізделген. Заңдылық принциптерінің осы талабына сәйкес жазба, жария түрде қабылданған қылмыстық заң, қылмыстық құқықтың негізгі қайнар көзі болуға тиіс. Барлық қылмыстық-құқықтық нормалар бірыңғай жүйеге келтіріліп, Қылмыстық кодекске біріктірілуі қажет. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар оларды ҚК-ке енгізгеннен кейін ғана қолданылуға тиіс (ҚК-тің 1-бабы).

Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді (ҚК-тің 4-бабы 1-бөлігі). Адамның ойы, пиғылы, дүние танымы, көзқарасы Конституциялық нормаға қаншалықты қайшы келсе де ол белгілі бір нақты іс-әрекетпен ұштаспаса қылмыс ретінде қаралуға тиіс емес. Қоғамға қауіпті, қылмыстық заңға қайшы, кінәлі іс-әрекеттер заң шығарушы орган арқылы қылмыс деп табылады. Қылмыс пен жаза туралы мәселелер қылмыстық заңдарда тікелей көрсетіледі және оларға тиісінше заңдылық анықтама беріледі. Қылмыстық заңда арнайы көзделмеген ретте адамның іс-әрекеті қылмысқа жатпайды. Қылмыс жоқ жерде жазада болмайды.

Қылмыстық құқықтың екінші бір қағидасы - азаматтардың заң алдындағы теңдігі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 1-тармағында - заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең деп аталған. Қылмыс жасаған адам оның тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, саяси сеніміне, жынысына, біліміне, тіліне, дінге қатынасына, кәсібінің түрі мен сипатына, сондай-ақ тұрғылықты жеріне және басқа да жағдайларға қарамастан жауаптылыққа тартылады. Азаматтардың қылмыстық заң алдындағы теңдігі істеген қылмысы үшін қылмыстық жауаптылыққа және жазаға тартылуы болып табылады. Бұл жерде заң алдындағы теңдікті бір түрлі қылмыс істеген кінәлі адамдардың барлығына бірдей етіп жаза тағайындау деп түсінбеу қажет. Жаза кінәлінің қылмысының ауырлығы мен түріне, оның жеке басының қасиеттеріне, жауаптылықты

ауырлататын немесе жеңілдететін мән-жайларға байланысты дараланып тағайындалады. Қылмыс істеген адам тек қана қылмыстық заңда көрсетілген негіздерге сәйкес қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босатылуы мүмкін. Жасы кәмелетке толмағандар және жүкті немесе емшекте жас балалары бар әйелдерге, кәрі адамдарға қылмыс істеген басқа субъектілерге қарағанда ізгілік қағидасы басшылыққа алына отырып, жеңілдеу жаза тағайындалуы мүмкін.

Қылмыстық құқықтың үшінші бір принципі - жауаптылықтан құтылмайтындық принципі. Бұл принцип бойынша әрбір кез келген адам лауазымдық, басқа да жағдайларға қарамастан өзі істеген қылмысы үшін сөзсіз, міндетті түрде жауапты болады. Яғни, қолымен істеген қылмысты мойнымен көтереді. Бұл үшін қылмыстық-құқықтық жауаптылықты белгілейтін заң нормалары тайға таңба басқандай анық түсінікті болуы керек. Сөйтіп, ол істелген қылмыс үшін нақты жауаптылықты айқындау қажет. Жауаптылықтан құтылмайтындық принципінің жүзеге асырылуы үшін бұл өте керек. Сондай-ақ осы принциптің жүзеге асырылуы құқық қорғау және құқық қолдану органдарына үлкен міндет жүктейді. Тәжірибе керсетіп отырғандай, көптеген қылмыстардың ашылмай, кінәлі адамдардың жазасыз қалуы, жасалған қылмыстардың тіркелмеуі, тіркелген қылмыстардың біразының ашылмауы осы принциптің жүзеге асырылуындағы келеңсіз көріністерді көрсетеді. Мұның өзі құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік деңгейінің, азамат-тардың қылмыспен күресудегі белсенділік дәрежесінің, қолданылып жүрген заңдардың әлі де болса пәрменділігінің жеткіліксіздігінің көрінісі болып табылады. Бұл жерде айтылатын басты мәселе сол қылмыс істеген адам ерте ме, кеш пе бәрібір қылмыстық жауапқа тартылады, заң бойынша тиісті жазасын алады. Бұл қағиданың түпкі мәні осында.

Қылмыстық заңның төртінші принципі - жеке жауаптылық қағидасы болып табылады. Адам өзінің кінәсі анықталған жағдайда ғана қоғамға қауіпті әрекеттер (әрекетсіздік) және бағытталған қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылады. Бұл принципке сәйкес адам өзінің жеке істеген немесе қылмысқа бірлесіп қатысуы арқылы істеген қылмысы үшін сол адамның өзі дербес, жеке жауапты болады. Жеке жауаптылық принципіне сәйкес қылмыстың субъектісі болып, есі дұрыс, заңда белгіленген жасқа толған жеке адам танылады. Мұндай тұлғаны қылмыстық құқықта қылмыстық субъектісі деп атайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі заңды тұлғаларды қылмыс субъектісі деп танымайды. Материалдық, моральдық немесе басқа жағынан келтірілген зияндары үшін тек азаматтар ғана қылмыстық заңға сәйкес жауапқа тартылады.

Қылмыстық құқықтың бесінші принципі кінәлі жауаптылық принципі болып табылады. Бұл қағиданың мәні сол, кінәсіз қылмыста болмайды дегенді білдіреді. Қылмыстық жауаптылықта оны істеген адамның іс-әрекетінде кінә болған жағдайда ғана, яғни қылмыс істеген адамның өзінің іс-әрекетіне қасақаналық немесе абайсыздық түрде білдірген саналы, психикалық қатынасы жатады. Іс-әрекеттің зардабы қанша ауыр болса да, егер ол кінәсіз жағдайда істелсе, ол қылмыс болып табылмайды. Жазықсыз зиян келтіру - қылмыс емес, оқыс оқиға болып саналады (ҚК-тің 23-бабы).

Кінәнің түсінігі Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің арнаулы баптарында берілген (19,20,21-баптар).

Қылмыстық құқықтың алтыншы принципі әділеттілік принципі болып табылады. Бұл принциптің мәнісі сол қылмыстық жауапқа және жазаға іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының толық белгілері бар адамдар тартылуы керек. Негізсіз, дәлелсіз қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді. Бұл қағиданың жүзеге асырылуы үшін ең алдымен қылмыстық заңның өзінің әділ болуы және істеген қылмысы үшін сот тағайындаған жазаның және қылмыстық-құқық ықпал ететін өзге шаралары соған сай әділ болуы керек. Қоғам мүшелерінің, халықтың шын еркін білдіретін қоғамдық мүддеге сай, әлеуметтік қажеттілікке сай қабылданған заңдар ғана әділетті болып табылады. Қылмыстық заңды қабылдау кезінде кеткен ағаттықтар, қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді дер кезінде қылмыс қатарына қоспау немесе ондай қоғамға қауіптілігі жоқ іс-әрекеттерді қылмыс қатарынан алып тастамау да заңның әділетсіздігін көрсетеді. «Маңызы болмағандықтан қоғамдық

қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмейтін қылмыстар» деген Қылмыстық кодекстегі (10-бап, 2-бөлігі) қағиданы басшылыққа алып, қылмыстық заңның қолданылуындағы әділетсіздіктерге жол берілмеуі керек. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың негізі болуы тиіс. Әділеттілік қағидасының жүзеге асырылуы әділ жаза тағайындауға тікелей байланысты. Соттар әділ жаза тағайындау үшін қылмыс істеген кінәлі адамға жазаны даралауға негіз беретін: іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігінің мәні мен дәрежесін, кінәлінің жеке басын, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды, қылмыстың істелуінің себептерін есепке ала отырып, оның түзелуіне және қайтадан қылмыс істемеуіне қажетті және негіз болатын, әділетті жаза тағайындауы керек.

Әділеттілік принципі бойынша бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайталап қылмыстық жауапқа және жазаға тартуға болмайды (4-бап).

Қылмыстық құқықтағы бір принцип - ізгілік принципі болып табылады. Ізгілік принципінің жүзеге асырылуы ең алдымен қылмыстық заң арқылы азаматтардың жеке басын, олардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау арқылы көрініс табады.

Жаңа Қылмыстық кодекстің 2-бабында адам мен азаматтың жеке басы, олардың құқықтары мен бостандықтары қылмыстық құқық қорғайтын объектілердің ең алғашқыларының бірі ретінде көрсетілген. Қылмыстық заң әрбір азаматқа қажет болған жағдайда қорғануға құқық береді, іс-әрекеттің қылмыстылығын жою мұндай мән-жайлар қылмыс болып саналмайды. Қылмыстық заңның бұл нормасы әрбір азаматтың әлеуметтік белсенділігін арттыруға өзінің Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, мүддесін батыл қорғауға тікелей жағдай туғызады. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде азаматтардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын олардың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға арналған арнаулы тараулар бар.

Қылмыстық құқықтағы ізгілік принципі - қылмыстық заңды бұзған адамдарға да қолданылады. Қылмыстық жазаның мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталғандарды түзеу болып табылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның адамгершілік намысына тиіп, қадір-қасиетін қорлау мақсатын көздемейді. Жаза жүйелерінің көпшілігі сотталған адамды бас бостандығынан айырмайтын жаза түрлерінен құралған. Ату түріндегі өлім жазасы заңда көрсетілген реттерде ерекше ауыр қылмыстар үшін ғана қолданылады. Қылмыстық заң ізгілік қағидасын басшылыққа ала отырып, қылмысты он сегіз жасқа толмай істеген адамдарға, сондай-ақ әйелдерге және сот үкімі шығарған сәтке 65-ке толған еркектерге ату жазасы тағайындалмайды.

Ізгілік принципі жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру, шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату, жүкті әйелдердің, және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыруы, ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату, шартты түрде соттаудың күшін жою, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі арқылы да жаңа Қылмыстық кодексте заңдылық көрініс тапқан.

Ізгілік қағидасы негізінде жаңа Қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы деген арнаулы бөлім берілген. Мұнда кәмелетке толмағандардың жас мөлшері, психологиялық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері ескеріліп, олардың жазасы жеңілдетілуі немесе олар жазадан босатылуы да мүмкін. Ізгілік қағидасын дұрыс іске асыру қылмыстық заң міндеттерін жүзеге асырудың алғы шарты болып табылады.

4. Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларымен арақатынасы. Қылмыстық саясат - мемлекет саясатының бір бағыты.

Қылмыстық құқық туралы сөз болғанда оның үш түрлі мағынасын ескеруіміз қажет. Қылмыстық құқық — бұл жалпы құқық жүйесінің негізгі бір саласы және пән болып табылады. Осы ұғымдардың бәрінің жиынтығы қосылып *қылмыстық құқық курсы деген* түсінікті білдіреді.

Қылмыстық құқық пәнін құқық саласы ретінде қарастырғанда жалпы құқық теориясына тән белгілердің, негізгі принциптердің осы құқық саласына да тән екендігін ескеру қажет. Сонымен бірге қылмыстық құқық өзінің ерекшеліктерін белгілейтін және өзін жеке құқық саласы ретінде қарастыруға негіз болатын өзіндік мазмұн, өзгешелік белгілері мен принциптері бар құқық саласы болып табылады.

Құқық саласы ретінде қылмыстық құқық заң шығарушы органдар қабылдаған қылмыс пен жаза, қылмыстық жауаптылық негізі, жаза жүйелерін, жазаны тағайындаудың тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды белгілейтін заңдылық нормаларының жиынтығы болып табылады.

5. Қазақстан Республикасының қылмыстық ғылымы да басқа ғылым салалары сияқты өзіне жүктелген зор, жауапты міндеттерді атқарады. Қылмыстық ғылымның негізгі зерттеу объектісі қылмыстық заң және оның құқық қолдану органдары тәжірибесінде дұрыс қолдануын, жаза тағайындаудың, қылмыстылықпен күрес жүргізудің ғылыми негіздерін белгілеп беру болып табылады.

Осы күрделі мәселелерді зерттеуде қылмыстық құқық ғылымы қылмыстылықпен күрес жүргізетін криминология, құқықтық статистика, қылмыстық орындау, криминалистика, сот психологиясы, сот психиатриясы және басқа ғылым салаларымен тығыз байланыста болады. Осы ғылым салаларының, ортақ міндеті — қылмыстылықпен күрес проблемаларын белгілеу, оны азайтудың, одан сақтандырудың жолдарын, әдістерін және тәсілдерін зерттеу болып табылады. Аталған ғылым салалары осы міндеттерді жүзеге асыруда әрқайсысы өзіне тән әдістерін қолданады. Қылмыстық құқық ғылымы қылмыстық заңдарды, қылмыстық институттар мен түсініктерді, нақты қылмыс құрамдарын, яғни қылмыстық-құқықтық нормаларын зерттейді.

Сонымен бірге қылмыстық құқық ғылымы Қазақстан Республикасындағы қылмыстық құқық ғылымының тарихын, даму кезеңдерін, шет мемлекеттердің де қылмыстық құқықтық ілімдерін терең талдайды. Дамыған, өркениетті елдердің қылмыстық заңдарының ғылыми жетістіктерінің пайдалы жақтарын елімізде кеңінен қолдануды ұсынатын да қылмыстық құқық ғылымы болып табылады.

Қылмыстық құқық ғылымын дамытудың негізгі шарты — оның құқық қорғау, құқық қолдану органдары тәжірибесімен тығыз байланысында.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқықтың түсінігін сипаттаңыз.
2. Қылмыстық құқықтың қағидалары, жүйесі және қайнар көздерін сипаттаңыз.
3. Қылмыстық құқықтың басқа пәндермен байланысы қандай.
4. Қылмыстық құқық ғылымының мазмұны.

2-тақырып. Қылмыстық заң.

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық заңның ұғымы және мәні, оның негізгі мазмұны. Қылмыстық заңның құрылымы.

2. Қылмыстық-құқықтық норманың ұғымы және ерекшеліктері.

3. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші. Қылмыстық заңның уақыт бойынша қолданылуы. Қылмыстық заңның кері күші.

Қылмыстық заңды түсіндіру.

1. Қылмыстық заң - Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Республика Парламенті қабылдаған құқылық акті болып табылады.

Қылмыстық заңның міндеттері — бейбітшілікті және адамзаттың қауіпсіздігін, адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті аумақтық

тұтастықты, конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, табиғи ортаны қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау және қылмыстың алдын алу болып табылады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қылмыстық заңдар қылмыстық жауаптылықтың негіздерін белгілейді. Жеке адамға, мемлекетке немесе қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің қандайы қылмыс болып табылатынын айқындайды. Қылмыс істеген адамдарға қолданылуы мүмкін және өзге де ықпал ету шараларын белгілейді.

Қылмыстық заң жазалау қатерімен тыйым салу арқылы адамның жеке басына, қоғамға, мемлекетке кінәлі түрде зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін тудыратын қылмысты әрекеттерді істеуге тыйым салады. Қылмыстық заң сонымен қатар тиісті органдарға және лауазымды адамдарға іс-әрекетінде қылмыс белгісі бар кінәлі адамды қылмыстық жауапқа тарту немесе көрсетілген негізге сүйеніп, оларды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды міндеттейді. Сонымен қылмыстық құқықтық норма бір мезгілде тыйым салушы және міндеттеуші нормалар болып табылады. Бұл нормалардың тағы да сақтандырушылық және тәрбиелік мәні бар.

Қылмыстық құқықтық норманың сақтандырушылық функциясы — істелген іс-әрекеті үшін тиісті баптардың, санкциясында көрсетілген жазаны кінәлі адамға тағайындау мүмкіндігі арқылы өз көрінісін табады, осы арқылы барлық азаматтарды қылмыс істеуден күні бұрын сақтандыру арқылы тәрбиелік ықпал ету шарасы жүзеге асырылады. Қылмыстық-құқықтық норма, сонымен бірге кез келген азаматтарды заңды бұлжытпай орындауға тәрбиелеумен бірге, оларды қылмыс істегендермен ымырасыз күрес жүргізу рухына баулиды. Қылмыстық құқықтық норма қоғамдық қатынастарды қорғап қана қоймайды, ол сонымен бірге мұндай қатынастарды ретке келтіреді, өйткені қоғамдық қатынастарды қорғаудың өзі соны ретке келтіру арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық құқық белгілі бір қоғамдық мінез-құлық өрелерін белгілеумен бірге, осы өрелерді бұзушыларға қарсы қылмыстық құқықтық нормаларды қолдану арқылы өз міндеттерін жүзеге асырады. Қылмыстық құқықтық норма өзінің реттеушілік ықпалымен, кез келген азаматтарды қылмысты құбылысқа төзімсіз болуға, олармен ымырасыз күрес жүргізуге баулу арқылы іске асырады.

Қылмыстық заң — қылмыстық құқықтың ең негізгі көзі. Сот үкімі, ұйғаруы немесе қаулысы құқықтың көзі болып табылмайды. Олардың нақты қылмыстық істер бойынша ғана заңдылық күші бар.

Сондай-ақ Республика Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларын да құқық нормасы болып табылады. Мұндай қаулылар белгілі бір қылмыстық-құқылық норманың түпкі мәнін ашып көрсетеді, оларды түсіндіреді. Сондықтан да ондай қаулылардың Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады. Сот прецеденті біздің Республикамызда құқық нормасы болып саналмайды. Ол Ұлыбритания, Канада сияқты мемлекеттерде ғана құқық нормасы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабында қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында белгіленген шектерде және ҚК-тің Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады деп белгіленген. Жаза тағайындағанда сот істелген қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, айыпкердің жеке басының ерекшеліктерін, мінез-құлқын, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалын толық есепке алады. Қылмыс істеген адамға оның түзелуіне немесе жаңа қылмыс істеуден сақтандыруына қажетті және жеткілікті әділ жаза тағайындауы керек. Мұның өзі соттың жаза тағайындауында заң талаптарымен қоса өзінің құқықтық сана-сезімін басшылыққа алатынын көрсетеді. Алайда, құқықтық сана-сезім құқық нормасы болып табылмайды. Ол сотқа тек қана қылмыстық құқықтық норманың мазмұнын дұрыс түсінуге жөн сілтейді. Қылмыстық заң басқа заңдар сияқты барлық лауазымды адамдар, азаматтар, заңды тұлғалар үшін міндетті күші бар заң, нормасы болып табылады. Оны қандай да бір болмасын сылтаумен бұзуға немесе орындамауға жол берілмейді.

Қылмыстық заң қылмыстық құқықтық норманы білдірудің нысаны, ал оның нормасы оның мазмұнының көрінісі болып табылады.

Қазақстан Республикасында қылмыспен күрес жүргізу қылмыстық құқық норма ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Заңды күшіне енген үкім бойынша тағайындалған қылмыстық жазалардың орындалуы қылмыстық атқару кодексімен реттеледі. Кейбір реттерде жекелеген жазалардың орындалуы басқадай, арнайы заңдылық актімен де белгіленуі мүмкін. Қазақстан Республикасының 1993 жылы 15 қазанда бекітілген «Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы» заңына сәйкес «төтенше жағдай кезінде істелген қылмыс үшін сот ісін жүргізудің төтенше турлерін енгізуге жол берілмейді" деп белгіленген. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына сәйкес қылмыстық заңдар Республика Парламентінде қабылданады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 1-тармағына сәйкес заң шығару, оның ішінде қылмыстық заң шығару бастамасы құқығы да Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне беріледі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады. Ұсынылған заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және қарау Мәжілістің ерекше қарауында болады (56-бап, 1-тармақ). Республика Конституциясының, 54-бабының, 1)-тармақшасына сәйкес заңдар Парламент Палаталарының бөлек отырысында әуелі Мәжілісте, одан кейін Сенатта өз кезегімен қаралып қабылданады.

Президент Парламент Сенаты ұсынған заңға он бес жұмыс күні ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады (44-бап, 2)-тармақша). Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заң баптары бойынша ол қарсылық жіберген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылығының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президент жеті күн ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы еңсерілмесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданады деп есептелінеді. (53-бап, 3)-тармақша). Конституцияның 53-бабының 4)-тармақшасында кезделген ретте Республика Президенті заңдар шығарады, ал 61-баптың 2-тармағында көзделген ретте Республиканың заң күші бар Жарлықтары шығарылады. Бұрын қолданылған Қазақ ССР Қылмыстық кодексі 1959 жылы қабылданған еді. Жаңа Қылмыстық кодекс 1997 жылы 16 шілдеде қабылданды. Қылмыстық кодекс дегеніміз барлық қылмыстық заңдардың белгілі бір жүйеге келтірілген жиынтығы болып табылады. Кодексте қылмыстық құқықтың жалпы ережелері мен принциптері, қылмыстық-құқықтық қатынастарды реттейтін және қандай қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің қылмыс болып табылатынын анықтайтын ұғымдар, қылмыс істеген адамдарға қолданылуы мүмкін жазалар белгіленеді. Қылмыстық кодекс Жалпы және Ерекше бөлімнен тұрады. Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінде жоғарыда айтылған қылмыстық құқықтың жалпы ережелері, міндеттері, қылмыс пен жазаның түсінігі, қылмыс пен жазаны жоятын мән-жайлар, т. б. мәселелер қарастырылады. Жалпы бөлімнің баптары өзара бір-бірімен тығыз байланыста болады. Мысалы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар жаза тағайындауда және шартты жазаны қолдануда міндетті түрде есепке алынады.

Ерекше бөлімде жекеленген нақты қылмыс түрлері үшін жауаптылық және жаза белгіленген. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі бірнеше тарауларға бөлінген. Әр тарауға бір объектінің маңыздылығына қарай тиісінше орын берілген. Қылмыстық заңның заң шығарушының еркін білдіретін белгілі бір техникалық ережелерге негізделген өзіндік құрылымы бар.

2. Қылмыстық құқылық нормалар мазмұнына қарай үш түрлі топқа бөлінеді:

I. Декларативті — яғни, қылмыстық құқықтың жалпы міндеттерін айқындайтын нормалар (Қылмыстық кодекстің 2-бабы).

II. Анықтаушы — яғни, қылмыстық құқықтың түсінігі мен жекеленген институттарына айқындама беретін нормалар (Қылмыстық кодекстің 10-бабы — қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы).

III. Арнаулы — яғни, нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамына және оған тағайындайтын жазаға сипаттама беретін нормалар (мысалы, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі, барлық, нақты, жекелеген қылмыс құрамдары). Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің бабы өзінің құрылысы жағынан Ерекше бөлімдегі баптың құрылысынан өзгеше болады. Жалпы бөлімнің бабы тек қана диспозициядан құралса, ал Ерекше бөлімнің бабында диспозицияға қоса санкция да болады.

Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің баптары *топтық* және *турлік* болып екіге бөлінеді. Топтық, баптар біртектес қылмыстардың ортақ және соларға тән белгілерін анықтайды. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 3-бабында. Түрлі баптар бойынша заңда көрсетілген жекелеген қылмыстың белгілері және осы қылмысты істегенде қандай жаза тағайындалу керек екендігі көрсетіледі. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптары диспозициядан және санкциядан құралады. Кодекстің Ерекше бөлімі бабындағы қылмыстың атауын және оның белгілеріне сипаттама беретін жағын диспозиция деп атаймыз. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 120-бабындағы әйелді зорлаудың диспозициясы былай: «зорлау, жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе қолданбақшы болып қорқытып, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып, жыныстық қатынас жасау» деп көрсетілген. Диспозицияның төрт түрі бар:

I. Жай диспозиция. Жай диспозиция қылмыстық іс-әрекеттің атын ғана айтып қояды, оның нақты белгілерін ашып көрсетпейді. Жай диспозиция қылмыстық Іс-әрекеттің мазмұны оның белгілерін ашып көрсетіпегеннің өзінде жеткілікті түрде түсінікті болған жағдайда қолданылады. Мысалы, 99-баптағы «Адам өлтіру», 188-баптағы «Ұрлық».

II. Сипаттамалы диспозиция. Қылмыстың барлық белгілерін заңның өзінде нақтылап көрсететін диспозицияны сипаттамалы диспозиция деп атаймыз. Жай диспозицияға қарағанда қылмыстық құқық бұзушылық құрамын айқындайтын сипаттамалы диспозицияның артықшылығында дау жоқ.

Сипаттамалы диспозицияға 175-бапта көрсетілген тыңшылық жасау құрамы мысал бола алады. Мұнда шпиондық жасау аталып қана қоймай, оған «мемлекеттік немесе әскери құпияны құрайтын мәліметтерді шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне беру, сол сияқты оларға беру мақсатында жинау, ұрлау немесе сақтау, сондай-ақ шетелдік барлаудың тапсырмасы бойынша өзге де мәліметтерді Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне зиян келтіре отырып пайдалану үшін беру немесе жинау, егер осы әрекеттерді шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам жасаса» деп толық түсінікті сипаттама беріп отыр.

III. Бланкеттік диспозиция. Бланкеттік диспозиция бойынша бапта көрсетілген нақты қылмыстың құрамын анықтау үшін басқа заңдарға немесе нормативті актілерге, үкімет қаулылары мен жарлықтарына, бұйрықтар мен ережелерге, нұсқауларға жүгіну қажет. Яғни, қылмыстық заңның талаптарының бұзылуы орын алғандығы туралы мәселені шешу басқа заңдармен немесе нормативтік актілермен анықталады. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 295-бабындағы темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін бұзуы. Бұл қылмыстық құқық бұзушылық құрамын анықтау үшін көлік құралдарының осы түрлерінің қауіпсіздігі мен пайдалану ережесін реттейтін тиісті нормативті актіні басшылыққа алу қажет. Егер осы сияқты бланкеттік нормаларды ҚК-тің өзінде тізіп көрсете берсек, сонда кодекстің баптарының көлемі тым ұлғайып, оны пайдаланудың өзі қиынға түсер еді.

IV. Сілтемелі диспозиция нақты қылмыс құрамын анықтайды. Бұл диспозиция бойынша қайталап жатпау үшін қылмыстың осы құрамын анықтаған қылмыстық заңның тиісті бабына, баптың тармағына сілтеме жасайды.

3. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші Қылмыстық кодекстің 7-бабындағы (аумақтық), 8 бабындағы (азаматтық) және 9-бабындағы (қылмыскерді ұстап беру туралы халықаралық шарт) принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7-бап. Қылмыстық заңның Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ҚК- бойынша жауаптылыққа жатады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында басталған немесе жалғастырылған не аяқталған іс-әрекет Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады. ҚК-тің күші Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында және айрықша экономикалық аймағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарға да қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының портына тіркелген және Қазақстан Республикасының шегінен тыс ашық су немесе әуе кеңістігінде жүрген кемеде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, ҚК- бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады. Қазақстан Республикасының әскери кораблінде немесе әскери әуе кемесінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам да, өзінің қай жерде болғанына қарамастан, ҚК- бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

4. Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінің және иммунитетті пайдаланатын өзге де азаматтардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе осы адамдар Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жағдайда, халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі.

8-бап. Қылмыстық заңның Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер олар жасаған іс-әрекет аумағында сол іс-әрекет жасалған мемлекетте қылмыстық жазаланады деп танылса және егер осы адамдар басқа мемлекетте сотталмаған болса, ҚК- бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады. Аталған адамдарды соттаған кезде жазаны аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасалған мемлекеттің заңында көзделген санкцияның жоғары шегінен асыруға болмайды. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке беруге болмайтын жағдайларда, олар да осы негіздерде жауаптылықта болады. ҚК-тің ережелері, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, террористік немесе экстремистік қылмыс не бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасалған жағдайларда, Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қылмыстың жасалған жеріне қарамастан қолданылады.

2. Адамның басқа мемлекеттің аумағында сотталғандығының және қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасауының өзге де қылмыстық-құқықтық салдарының, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе немесе егер басқа мемлекеттің аумағында жасалған қылмыстық жазаланатын іс-әрекет Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғамаса, осы адамның Қазақстан Республикасының аумағында жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін қылмыстық-құқықтық мәні болмайды.

3. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде орналасқан оның әскери бөлімдерінің әскери қызметшілері шет мемлекеттің аумағында жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, ҚК- бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

4. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыс жасаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрмайтын шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, егер осы іс-әрекет Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталған жағдайларда және Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайларда, егер олар басқа мемлекетте сотталмаған болса және Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық жауаптылыққа тартылатын болса, ҚК- бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады.

9-бап. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап беру

1. Басқа мемлекеттің аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, ұстап беруге жатпайды.

2. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін.

3. Ешкімді де шет мемлекетке, егер сол мемлекетте оған азаптау, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсету немесе жазалау қатері бар деп пайымдауға айтарлықтай негіздер болса, сондай-ақ өлім жазасын қолдану қаупі жағдайында, егер Қазақстан Республикасының шарттарында өзгеше көзделмесе, ұстап беруге болмайды.

Қылмыстық заңның мезгілдегі күші. Қылмыстық кодекстің 4-бабында қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни ҚК-те көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Дәл сол бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайталап тартуға болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді.

Қылмыстың істелген уақыты істелген қылмыстың мәнісіне, оның ерекшелігіне байланысты. Қылмыс істелу уақытының ұзақтығына қарай *жалғаспалы* және *созылмалы* қылмыс болып бөлінеді. *Жалғаспалы* қылмыс үшін заң бойынша жауаптылық оны істеудің алғашқы кезеңін жүзеге асырған уақыттан, ал *созылмалы* қылмыс үшін жауаптылық кінәлінің әрекетіне тыйым салынған немесе қылмысты актінің соңғысын істеп үлгерген уақыттан бастап басталады. Қылмысқа бірге қатысу арқылы істелген қылмыс орындаушының іс-әрекеттің объективтік жағын орындау уақытынан бастап аяқталған деп саналады. Қылмыстық кодекстің 5-бабы қылмыстық заңның кері күшін қолдануға, яғни жаңадан қабылданған қылмыстық заңның күшінің, оның заңды күшіне енгенге дейінгі істелген іс-әрекетіне қолданылуына мүмкіндік береді.

4. Қылмыстық заңды түсіндіру. Қылмыстық заңды түсіндірудің мәнісі, сол заңды дұрыс қолдану үшін оның мазмұны заң шығарушының заң еркіне сайма-сай етіп, ашып көрсету болып табылады. Заңды заң шығарушының еркіне сайма-сай, дәлме-дәл қолдану үшін оның мазмұнын ашып көрсетуді қылмыстық заңды түсіндіру деп білеміз. Қылмыстық заңды түсіндіру субъектісіне, әдісіне және көлеміне қарай түсіндіруге байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді. Заңды түсіндіретін субъектісіне байланысты түсіндіру — аутентикалық, легальды (ресми), соттық, ғылыми (доктринальды) болып бөлінеді. Заң бойынша құзыретіне сәйкес заң шығарушы органның өзінің заң атүсіндірме беруін аутентикалық түсіндіру дейміз. Аутентикалық түсіндірудің заңдылық күші бар және ол жалпыға бірдей. Аутентикалық түсіндіруді заңшығарған органның өзі жүзеге асырады. Ресми ашық түсіндіру деп — заң бойынша өзіне жүктелген осы міндетті атқаруға құзыретті органның заңға түсіндірме беруі айтылады. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес қылмыстық заңды қабылдайтын, оған түсінік беретін орган Парламент болып табылады. Конституциялық кеңес Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді (72-бап). Ресми түсіндірме барлық мемлекеттік органдар, жеке тұлғалар, лауазымды адамдар және ұйымдар

үшін міндетті түрде орындауға жататын заңдылық күші бар құжат болып табылады. Сот түсіндірмесі деп қылмыстық заң нормаларын қаралатын істер бойынша дұрыс қолдануға берілетін түсіндірмесін айтамыз. Сот түсіндірмесінің нормативті күші бар, оны орындау баршаға міндетті. Сот талқылауын жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құзыреті болып табылады. Мысалы, Республика Жоғарғы Соты Пленумының 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 1 «Әйел зорлағаны үшін жауапкершілікті белгілейтін заңдарды соттардың қолдануы тәжірибесі туралы» қаулысында зорлаудың, ауыр зардаптардың, жәбірленушінің дәрменсіздігін, топ болып зорлау сияқты ұғымдардың мағынасы ашылып, осы жөніндегі заңдарды қолдануда соттарға тиісінше түсіндірмелер берілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының, 31-бабына сәйкес Республиканың Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық және жалпы сот ісін жүргізудің соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі Жоғарғы Сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында ола-дың қызметін қадағалауды жүзеге асырады. Сот тәжірибелері бойынша түсініктемелер беріп отырады. Ғылыми (доктринальды) түсіндіру деп ғылым мекемелердің, заңгер-ғалымдардың, құқық қолдану және құқық қорғау қызметкерлерінің заңға беретін түсіндірулерін айтамыз. Мұндай түсіндірулер ғылыми мақалаларда, монографияларда, оқулықтарда, заңға түсіндірмелерде кездеседі. Ғылыми түсіндірудің қылмыстық заңдарды заман талабына сай жетілдіріп, оны дұрыс қолданудағы маңызы ерекше, бірақ мұндай түсіндірудің ресми заңдылық күші болмайды. Мұндай түсіндірулер ғылыми пікір, ой, ұсыныс ретінде қабылданады.

Әдісіне қарай түсіндіру грамматикалық немесе филологиялық, жүйелі және тарихи түсіндірулер болып бірнеше түрге бөлінеді. Заңның мазмұнын грамматикалық, синтаксистік, этимологиялық ережелердің, көмегі арқылы қылмыстық заңда қолданылатын жекелеген терминдердің, сөздердің және анықтамалардың мәні мен мағынасын ашып көрсетуді грамматикалық немесе филологиялық түсіндірме деп атаймыз. Түсіндірудің бұл әдісі көбінесе қылмыстық заңда қолданылатын жекелеген терминдердің, түсініктердің, атаулардың мәнісін ашып көрсетуде жиі пайдаланылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1994 жылдың 23 желтоқсандағы «Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қарсы әрекеттер үшін жауапкершілікті реттейтін заңдарды соттардың қолдануы туралы № 7 қаулысында пайдақорлық ниетпен кісі өлтіру деген терминге грамматикалық түсіндірме беріліп (5-тармақ), онда өзіне немесе басқа біреуге материалдық пайда келтіру (ақша, зат, мүлік, тұрғын үйге ие болып қалу құқығы, үшінші жақтан ақы алу т. б.) яғни, материалдық шығыннан құтылу, ақы алып біреуді өлтіру, пайдақорлық ниетпен қасақана кісі өлтіру болады деп түсіндірілген. Қылмыстық заңның мазмұны, оның қылмыстық заң жүйесіндегі алатын орнын, сондай-ақ оны мазмұны жағынан ұқсас заңдардан салыстыра отырып, ажыратуды жүйелі түрде түсіндіру деп айтамыз, яғни жүйелі түсіндіру арқылы әр түрлі қылмыстық заң нормалары мен оның бөліктері салыстырыла отырып, бір-бірінен ажыратылады. Мысалы, қылмыстық әрекетінен кісі өлімі болған кінәлі адамның іс-әрекетін дұрыс саралау үшін Қылмыстық кодекстегі 99 баптардың жүйелі, салыстырмалы түрде зерттеліп түсіндірілуі арқылы кінәлінің іс-әрекеті тиісті бап бойынша сараланады. Республикада қылмыстық заңды қабылдауға негіз болған әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларды түсіндіруді тарихи түсіндіру дейміз. Көлеміне қарай қылмыстық заңды түсіндіру дәлме-дәл (буквальный), тар көлемдегі және кең көлемдегі болып келеді.

Заңның өзінің мәтіні мен заң нормаларының, оның мазмұнына және мәнісіне, оның сөйлем құрамына тура келуін дәлме-дәл түсіндіру деп айтамыз. Заң нормасындағы өз мәтініндегі дәлме-дәл көрсетілгеннен гөрі, тар мағынада, тар шеңберде қолдануға мағына беретін түсіндіруді заңда тар мағынада түсіндіру деп айтамыз. Жалпы ереже бойынша бұл қылмысты істегені үшін жауаптылыққа сырттай қарағанда 16 жасқа толған адамдар тартылуы керек сияқты. Бірақ бұл қылмыс істегені үшін тек 18-ге толған адамдар ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Себебі: заң нормасының атауы жасы кәмелетке толмағандарды қылмыс істеуге тарту деген сөздің мағынасы бұл қылмысты тек кәмелетке, яғни 18-ге толғандар ғана істей алатынын көрсетеді. Яғни, заң нормасы осыған орай тар мағынада түсіндіріліп отыр.

Кең көлемдегі түсіндіру деп заңға дәлме-дәл түсіндіруден гөрі кең мағына беретін және осы заң нормасын кең шеңберде қолдануға негіз беретін түсіндіруді айтамыз. Қылмыстық заңда кең көлемдегі түсіндіруге Қылмыстық кодекстегі 138-бапта керсетілген бала асырап алудың құпиясын жария ету мысал бола алады. Заңда бала кылып алудың құпиялығын жариялағаны үшін қылмыстық жауаптылықты белгілегенде қыз кылып алудың құпиялығын жариялауы үшін де осындай жауаптылықтын бар екендігін еске алып отыр. Яғни, бұл кезде бұл заңдардың мағынасы өзінің мәтінінен гөрі кең көлемде, кең мағынада бала деген ұғым қыз және ер бала екендігі түсіндіріліп отыр.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық заңның түсінігі, белгілері, құрылымы және міндеттерін сипаттаңыз.
2. Қылмыстық заңның кеңістіктегі, мерзімдегі және кері күші қалай жүзеге асады?
3. Қылмыстық заңды түсіндірудің түрлерін ашыңыз.

3-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы.

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы және әлеуметтік мәні. Қолданыстағы қылмыстық заңнамадағы қылмыстық теріс қылық пен қылмыстың анықтамасы. Қылмыстық құқық бұзушылық белгілері және олардың мазмұны.

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа құқық бұзушылықтардан қоғамға қарсы әреттерден айырмашылығы.

3. Қолданыстағы заңнамадағы Қылмыстық құқық бұзушылықтың топтастырылуы, оның мінездемесі мен мәні. Қылмыстық құқық бұзушылық және қылмыстылық.

1. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары (10-бап). 1. Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

2. ҚК-ке айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. 3. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады. 4. Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Қылмыс құқылық құбылыс ретінде осы құбылыстың мәнді жақтарын бейнелейтін белгілі бір белгілермен сипатталады. Қолданылып жүрген қылмыстық заңға сәйкес қылмыстың түсінігі заңның өзінде керсетіледі.

Бұрынғы кеңестік жүйеде қылмыстың ұғымы алғаш рет 1919 жылы РСФСР-дың Қылмыстық құқық жөніндегі басшылық негіздерінде (5-бап): «Қылмыстық құқық пен қорғалатын қоғамдық қатынастар тәртібін бұзушылық қылмыс деп танылады» делінген. РСФСР-дың 1922 жылғы Қылмыс кодексінде «Қылмыс дегеніміз кез келген қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік» деген ұғыммен тұжырымдалады.

1924 жылы КСРО және одақтас республикалардың қылмыстық заңдарының негізгі бастамаларында қылмыс туралы ұғымға арнаған бап болған жоқ. 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінде «қылмыс дегеніміз қоғамға қауіпті Іс-әрекет» деп көрсетіледі (1-бап). Бұл жерде кеңестік құрылысқа немесе құқық тәртібіне бағытталған әрекет немесе әрекетсіздік қоғамға қауіпті деп жарияланды. КСРО және одақтас республикалардың 1958 жылғы қылмыстық заңдардың негізінде «Қылмыстық заңда көзделген, оның саяси және экономикалық жүйелеріне, социалистік меншігіне, азаматтардың жеке басына, саяси, еңбек,

мүліктік және басқа да құқықтары мен бостандықтарына қиянат жасайтын қоғамдық қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), сондай-ақ социалистік құқық тәртібіне қиянат жасайтын қылмыстық заңда көзделген қоғамдық қауіпті іс-әрекет қылмыс деп табылады» делінген. Дәл осындай анықтама бұрынғы Одаққа кірген барлық республикалардың, оның ішінде 1959 жылы 22 шілдеде қабылданған Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде де (7-бап) берілді. 1997 жылы жаңа Қылмыстық кодекс қабылданды. ҚК-те өмірімізде, қоғамда орын алған елеулі әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістерге сәйкес қылмыстың жаңа ұғымы берілген. Онда «жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамға қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады» делінген (9-бап). Осы анықтамадан қылмыстық құқыққа қайшылық қоғамға қауіптілік, кінәлілік, жазаланушылық қылмыстың белгілері екендігі көрініп тұр.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің, тиісті баптарының диспозицияларында жекеленген қылмыс құрамдары арнаулы көрсетілген. Қылмыстық құқықта қылмыстың осы нақты құрамдарына қарсы іс-әрекет істеуді құқыққа қайшылық деп атау қалыптасқан.

1960 жылға дейінгі қолданылған Қылмыстық кодекстерде ұқсастығы бойынша яғни, қылмыстық заң нормасында әдейі көрсетілмеген іс-әрекеттерге де сонда көрсетілген соған ұқсас, жақын нормаларды қолдануға жол берілген еді. Мұның өзі заңды бұзуға және осы мәселеде бейберекетсіздікке кетушілікке әкеліп соқтырды. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы жаңа Конституциясында, осыған орай жаңа Қылмыстық кодексте қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді делінген.

Адамның қылмыстық құқықтық норма тыйым салған іс-әрекеттерді істеуін қылмыстық құқыққа қайшылық деп атаймыз. Адамның қылмыстық заң тыйым салмаған, осы заңда көрсетілмеген іс-әрекеттерді істеуін қылмыс қатарына жатқызуға болмайды. Тек заң шығарушы ғана белгілі бір іс-әрекетті қылмыс қатарына жатқызуға мүмкіндік беретін оның мәнді белгілерін анықтайды. Қылмыстық құқыққа қайшылықтың міндетті белгісі болып осы заңда көрсетілген іс-әрекетті істеген жағдайда нақты нормада көрсетілген қылмыстық құқылық санкция белгілеген жазаның белгілі бір түрінің тағайындалуы болып табылады. Іс-әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын белгілеген тиісті заңның жарияланған уақытынан бастап ондай іс-әрекеттер қылмыс қатарына жатады. Мұндай ретте мемлекет осындай іс-әрекеттермен қылмыстық құқылық норма арқылы күрес жүргізуге мүмкіндік алады. Керісінше, белгіленген тәртіппен күші жойылған қылмыстық-құқылық норма қылмыс қатарынан шығарылады. Ондай іс-әрекеттер қылмыс деп саналмайды. Мысалы: елімізде нарықтық қатынастардың дамуына байланысты Қылмыстық кодекстен алыпсатарлық деген қылмыстық құқық бұзушылық құрамы қатарынан алынып тасталды. Бұрын қылмыс қатарында жоқ жалған банкроттық, табысты жасыру, салық төлемегені үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін көптеген жаңа нормалар пайда болды.

2. Қылмысты басқа құқық бұзушылықтан және беморальдық жат қылықтардан ажырату. Қылмыс құқық бұзушылықтың жеке бір керінісі болып табылады. Осыған орай қылмысты азаматтық құқылық, әкімшілік және тәртіптік құқық бұзушылықтан және бейморальдық жат қылықтардан ажырата білудің маңызы ерекше. Қылмыс пен басқа құқық бұзушылықтың, өзара басты айырмашылығы құқыққа қайшылықтың мәніне байланысты. Қылмыс әр уақытта да қылмыстық заңға қайшы болады. Басқа құқық бұзушылық құқық саласының басқа нормаларына, заңдар мен нормативті актілерге қайшы. Істелген қылмыстың зардабы болып мемлекеттің ең ауыр қуштеу шарасы — қылмыстық жаза және содан туындайтын сотталғандық атақ болып табылады. Басқа құқық бұзушылықта мұндай жазалау шаралары жоқ, ал қолданылған ықпал ету шаралары сотталғандық атақ әкелмейді.

Кейбір қылмыстар басқа құқық бұзушылықта орын алмайтын қоғамдық қатынастарға (адамның өмірі, мемлекеттің қауіпсіздігі) қол сұғады.

Қылмысты қол сұғушылықтың объектісі бойынша айқындалатын қоғамға қауіптіліктің сипаты мұндай іс-әрекетті қылмыс қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда

қылмысты басқа құқық бұзушылықтан ажыратудың, еш қиындығы жоқ. Кейбір реттерде құқық бұзушылықта да, қылмыста да бір объектіге қол сұғу мүмкін. Мысалы, көлік құралдарын жүргізуші адамдардың көлік құралдарының жүріс қауіпсіздігі мен пайдалану ережелерін бұзу үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылық белгіленген. Мұндай аралас құқық бұзушылықта қоғамға қауіптіліктің дәрежесін дұрыс анықтаудың маңызы ерекше. Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің негізгі көрсеткіші келтірілген зиян мөлшері болып табылады. Егер көлік құралдарын жүргізуші адамдардың көлік құралдарының жүріс қауіпсіздігі мен пайдалану ережелерін бұзуы, осының салдарынан жәбірленушінің денесі орта немесе одан жоғары дәрежеде жарақатталса немесе едәуір материалдық нұқсан келтірілсе іс-әрекет қылмыс қатарына, ал көрсетілгеннен гөрі аз зиян келтірілсе, әкімшілік тәртіппен жазаланатын құқық бұзушылыққа жатады. Сонымен, келтірілген зиян мөлшері қылмысты басқадай құқық бұзушылықтан ажыратуға мүмкіндік беретін бірден-бір белгі болып табылады. Лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік қызметшінің лауазымды адамның өкілеттігін өз бетінше пайдаланып, заң қорғайтын мүдделерге елеулі зиян келтіретін қасақана әрекеті қылмыс, ал елеулі зиян келтірмеген басқа әрекеттер тәртіптік теріс қылық болып табылады. Өзінің нақты құқығын немесе басқа адам таласа алатын жорамалды құқығын, белгіленген тәртіптен тыс өз бетінше жүзеге асыру, бұл азаматтың құқығының елеулі түрде бұзылуына әкеп соқтырса, қылмыс ретінде сараланады. Ал елеулі түрде бұзушылық жоқ болса, мұндай әрекет әкімшілік жол-мен жазаланатын құқық бұзушылыққа жатады. Қылмыс пен басқа құқықбұзушылықты бір-бірінен қоғамға қауіптілік дәрежесінің көрсеткіші арқылы ажыратуға да болады. Қазақ ССР-інің 1959 жылғы Қылмыстық кодексі бойынша көп жағдайларда бірінші рет істеген құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жазалау шаралары қолданылған адамның дәл сол іс-әрекетті қайталап жасауы қылмысқа тартуға негіз болып табылатын. Мысалы, кәсіптік маңызы бар суларда рұқсатсыз немесе аулауға тыйым салынған кезде, я рұқсат етілмеген тұстарда балық аулау, су аңдарын аулау, суда жүргізілетін басқа бір кәсіппен айналысу, егер бұл әрекеттер бұрын да осындай тәртіп бұзғаны үшін әкімшілік жолмен айыппұл тартқаннан кейін істелген болса, ол қылмыстық жазаланатын әрекет болып табылатын. Ондай болмаған жағдайда іс-әрекет әкімшілік құқық бұзушылық ретінде қарастырылатын. Енді іс-әрекетке әкімшілік шарасы қолданылса, ол қайталану санына қарамастан қоғамға қауіптілік дәрежесіне ие болмайды, яғни қылмыс қатарына жатпайды. Әскери қылмыстарды тәртіптік теріс қылықтан ажыратуға көп жағдайда іс-әрекеттің істелген уақыты, жағдайы, орны үлкен әсер етеді. Мысалы: соғыс уақытында өз бетімен кетіп қалу — қылмыс, ал бейбіт уақытта істелген осы әрекет тәртіптік теріс қылық болып табылады. Іс-әрекетті қылмыс немесе басқа құқық бұзушылық қатарына жатқызуға негіз болатын қоғамға қауіптіліктің дәрежесі қылмысты субъективтік белгілерге жататын кінәнің нысандарын, ниет пен мақсатты дұрыс анықтауға да байланысты. Мысалы, денені жеңіл түрде қасақана жарақаттау қылмыс, ал абайсызда денені жеңіл түрде жарақаттау қылмысқа жатпайтын іс—теріс қылық, мұндай ретте келтірілген зиянды өтеу азаматтық құқық тәртібімен реттеледі. Егер лауазымды адам пай-дақорлық немесе басқа бір зұлымдық ниетпен құжаттарға жалғандық жасаса — қылмыс, ал ондай ниет болмаса, ол қылмыс болмайтын құқық бұзушылықтың түрі болып табылады. Қылмыс пен бейморальдықтың ара қатысын дұрыс түсінудің де маңызы ерекше. Кез келген қылмыс бір мезетте моральға жат құбылыс болып табылады. Яғни, моральдық норманың ауқымы үлкен. Кез келген құқық бұзушылық бір мезетте моральдық норманы бұзушылық негізінде бағаланады.

Дегенмен, қылмыс пен бейморальдық теріс қылық бірінен-бірі объекті, қоғамға қауіптілік, сондай-ақ құқыққа қайшылық белгілері бойынша ажыратылады.

Бейморальдықтың объектісі қылмыстың объектісіне қарағанда кең ауқымда болады — адамдардың өзара қатынасы, мысалы, махаббат, достық, жан ашырлық сияқты құбылыстар тек қана мораль нормалары арқылы ғана реттеледі. Бұл моральдық нормалардың объектісін құрайды. Қылмыс әр уақытта белгілі бір іс-әрекет, ал адамдардың теріс мінез-құлқы, жаман ойлары, соларды айтудың өзі моральға жат құбылыс болып табылады. Қылмысқа қарағанда

моральға жаттеріс қылықтан қоғамға ке летін зиян едәуір аз. Әдетте, моральға жат теріс әрекеттер ар-намысты аяққа басу, өзімшілдік сияқты өзара тіркес әлеуметтік-психологиялық мазмұнға ие.

Қылмыс пен бейморальдықты құқыққа қайшылық белгісі арқылы нақты ажыратуға болады. Қылмыс дегеніміз қылмыстық заң арқылы тыйым салынған іс-әрекеттер. Ал моральдық, жат қылықтар құқық нормаларымен реттелмейді. Мораль нормалары ауызша (мысалы, әдет-ғұрып) немесе жазбаша (жолдастық немесе билер соттарының ережелері, адамдардың этикалық кодексі, қала тұрғындарының моральдық кодексі, Гиппократ анты) болуы мүмкін. Отбасы мүшелерінің арасындағы қатынасты реттеу мораль нормалары арқылы реттеледі. Мысалы, ата-ананың балаларға, балаларының ата-аналарына деген қамқорлығының бұзылуы немесе оқушы мен оқытушының өз арасындағы педагогикалық өнегелік нормаларының бұзылуының орын алуы мораль нормаларымен анықталады.

Балаларды асыраудан немесе тәрбиелеуден бас тарту, бұлтарту, қорғаншылық құқықтарын пайдаланып қиянат жасау, ата-анасына немесе жұбайына көмектесуден бұлтарту қылмыс болып табылады. Мұндай іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген. Бұл Іс-әрекеттер әрі моральға жат құбылыс, әрі қылмыс, өйткені моральдық норманың ауқымы қылмыстық норманың ауқымынан кең.

Моральдық норманың қылмыстық нормадан тағы бір өзгешелігі сол, моральдық нормаңы бұзған жағдайда оны бұзушыларға жұртшыл ұжым мүшелерінің жеккөрушілігі сияқты қоғамдықәсер ету шаралары қолданылады. Ал істелген қылмыс үшін әр уақытта заңда белгіленген белгілі бір жауаптылық түрі белгіленеді.

3. Қылмыс санаттары. *Қылмыс санаттары* деп оларды нақты белгілері бойынша топқа бөлуді айтамыз.

Қылмыс санаттары -11-бап.

1. Қылмыстар сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар және аса ауыр қылмыстар деп бөлінеді.

2. Жасалғаны үшін ҚК-те көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін ҚК-те көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттер онша ауыр емес қылмыстар деп танылады.

3. Жасалғаны үшін ҚК-те көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған іс-әрекеттер ауырлығы орташа қылмыстар деп танылады.

4. Жасалғаны үшін ҚК-те көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер ауыр қылмыстар деп танылады.

5. Жасалғаны үшін ҚК-те он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер аса ауыр қылмыстар деп танылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі мен белгілері, қылмыстың санаттары қандай?
2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың пен қылмыстық жауаптылықтың арақатынасы қандай?

4-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ұғымы. Қылмыстық құқық бұзушылық пен қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ара қатынасы.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы қылмыстық жауаптылық негізі ретінде.
3. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері мен белгілері.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері. Қылмыстық заңды қолдану үшін қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін анықтаудың мәні.

1. Қылмыстық заң қылмыстық құқық бұзушылық құрамы деген түсінікті ашпайды. Бұл түсінікті қылмыстық құқық теориясы ғана береді қылмыстық құқық бұзушылық құрамы деп - қылмыстық заң бойынша қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді белгілі бір қылмыстың қатарына жатқызуға мүмкіндік беретін қылмыстың объективтік және субъективтік жақтарынан құралған элементтердің және олардың белгілерінің жиынтығын айтамыз. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының әрқайсысы оның субъективтік және объективтік белгілерімен сипатталады. Барлық жүйелер секілді қылмыстың құрамы да белгілі бір элементтерден тұрады. Осы белгілердің қосымша жүйелерінің ең болмағанда біреуінің жоқ болуы жүйенің болмауына, яғни қылмыстық құқық бұзушылық құрамының тұтастай жоқ болуына әкеп соғады. Бұл жерде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері деп, қылмыс құрамы жүйелерін құрайтын бастапқы компоненттерді айтамыз. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілеріне мынадай 4 түрлі элементтер жатады: объект, объективтік жағы, субъект, субъективтік жағы. Мысалы, бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру қылмысы белгілері болып біріншіден, басқа біреудің мүлкіне қол сұғу, екіншіден, осы мүлікті жою немесе бүлдіру, үшіншіден, осы әрекетті қасақана істеу, төртіншіден, бұл іс-әрекет ауырлататын жағдайда жасалса ол үшін 14-ке толған адам жауапқа тартылады. Осы көрсетілген төрт белгінің біреуі жоқ болса, онда бұл қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмайды. Егер адам бөтен адамның мүлкін абайсызда бүлдірсе немесе жойса онда кінәлінің әрекетінде басқа бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болады. Себебі, бұл жерде көрсетілген қылмыстың басты белгісі қылмысты қасақаналықпен істеу жоқ. Әрбір қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері Ерекше бөлімдегі баптардың диспозициясында ғана емес, қылмыстық заңның Жалпы бөлімінде оның тиісті баптарында да айтылады. Ерекше бөлімнің баптарының диспозицияларында әр түрлі қылмыстың көптеген белгілері аталып көрсетілген. Мұның өзінде диспозициялардың қылмыстың ерекшелігін анықтайтын және оны басқа қылмыстардан ажырататын соған тән белгілерінің тізбегін береді. Барлық қылмыстарға жалпылама ортақ немесе нақты қылмыс топтарына тән белгілер Жалпы бөлімнің баптарында анықталады.

Ерекше бөлімнің баптарында әдетте аяқталған немесе орындаушының тікелей істеген қылмыстары көрсетіледі. Алдын ала қылмысты әрекеттерде немесе қылмысқа қатысушы адамдардың: ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші әрекеттеріне сол немесе басқа қылмыстың құрамының барлық белгілері болмайды. Мысалы, әйелді зорлауға оқталғанда онымен зорлап жыныстық қатынас жасау орындалмайды немесе кісі өлтіруге оқталғанда қылмыстың зардабы — адам өлімі жоқ. Бірақта осы жағдайларда кінәлінің әрекеттерінде Ерекше бөлімдегі аталған баптарда көрсетілген қылмыстың барлық белгілерінің болмауы олардың іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жоқ, деуге негіз болмайды. Бұл жағдайда да қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар, бірақ ол оның құрамы Ерекше бөлімнің, сол сияқты Жалпы бөлімнің тиісті баптары керсетіле отырып белгіленеді. Мысалы, әйел зорлауға оқталғанда кінәлінің әрекетінде Қылмыстық кодекстің 120 және 24-баптарында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының заңдылықты сақтауда және оны нығайтуда маңызы зор. Заңдылықты қатаң сақтау, бұлжытпай жүзеге асыру, тәуелсіз мемлекетіміздің нығаюының негізгі шарты. Заңдылық қағидасын сақтау, жүзеге асыру құқық қорғау органының қызметкерлерінің қасиетті борышы. Бұл азаматтардың конституциялық құқығын, бостандықтарын жүзеге асырудың негізгі кепілі болып табылады. Заңдылық талабын дұрыс жүзеге асыру қылмыс істеген адамға заңды дұрыс қолданып, оның әрекетіне заң талабына

сай баға беру болып табылады. Қылмыстық заңды дұрыс қолданудың, маңызды шарттарының бірі қоғамға қауіпті іс-әрекеттерге заңды дұрыс қолданып, әрекет немесе әрекетсіздікке қылмыстық заң нормасының талабына сай баға беріп саралау болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты саралау дегеніміз адамның қоғамға істеген қауіпті іс-әрекетін қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмыс құрамының белгісі бар бапқа дәлме-дәл жатқызу болып табылады. Қоғамға қауіпті іс-әрекет қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамымен қамтылса, онда ол дұрыс сараланған деп саналады. Қылмысты саралауда іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық құрамының тиісті баптары немесе оның бөліктеріне, тармақтарына сай келетіндігін дәлме-дәл көрсету қажет. Егер адамның іс-әрекетінде бірнеше қылмыстың құрамы болса, онда оның іс-әрекеті заңның бірнеше баптары немесе баптардың бірнеше бөліктері, тармақтары бойынша сараланады. Қандай түрде болса да қылмысты дұрыс сараламау, ол заңдылықты бұзуға, қылмысқа қарсы күрес жүргізетін органдардың беделіне нұқсан келтірумен байланысты болады. Мұндай құбылысқа жол бермеу үшін қылмыстық заңды дұрыс қолданып, істің мән-жайын терең зерттей білу, істелген іс-әрекетті дұрыс саралау қажет, сондай-ақ қылмысты қылмыс еместіктен немесе соған ұқсас басқа қылмыстардан ажырататын белгілерді анықтау керек. Міне, бұл жерде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының, оның белгілерінің қылмысты саралаудағы, заңдылықты сақтаудағы маңыздылығы ерекше болып отыр. Біздің құқықтық мемлекетімізде бірде-бір адам, егер оның істеген іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жоқ болса, қылмыстық жауапқа тартылуға немесе жазалануға тиісті емес. Өйткені жаңа Қылмыстық кодекстің негізгі талабы қылмыстық жауапқа және жазаға тек қана қылмыс істегенге, яғни қылмыстық заңда көрсетілген, қоғамға қауіпті іс-әрекетті қасақана немесе абайсыздықтан істеген кінәлі адамды ғана тарту болып табылады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық пен қылмыстық құқық бұзушылық құрамы өзара тығыз байланысты, бірақ бір-біріне ұқсамайтын қылмыстық-құқықтық түсініктер. Олардың өзара мазмұны да, бастамасы да әр түрлі. Жоғарыда айтқандай қылмыстық құқық бұзушылық туралы ұғым Қылмыстық кодекстің 10-бабында берілген. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамалға алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады. Айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

Қылмыстық құқық теориясында, оқулықтарда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының жалпы түсініктері кеңінен қолданылады. Жалпы және нақты қылмыстың құрамының түсінігі жалпы қылмыс түсінігіне қарағанда заңдылық ұғым емес, ғылыми ұғым болып табылады. Бұл ұғым теорияда нақты қылмыстардың түсінігінен, қылмыстың нақты құрамының, жинақталған белгілері арқылы анықталады және өз бойында жалпылама барлық қылмыс құрамдарының белгілері мен элементтерін сипаттап, көрсетеді. Нақты қылмыстың құрамы нақты қылмысқа тән белгілерді көрсетеді деп жоғарыда атап өттік. Бірақ әрбір қылмыстық құқық бұзушылық құрамында барлық қылмыстардың құрамына тән, жиынтығында қылмыстық құқық бұзушылық құрамының жалпы түсінігін құрайтын, яғни кез келген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының жалпы белгілерін белгілейтін белгілер бар. Қылмыстық құқық теориясы әрбір қылмыста болатын төрт түрлі міндетті элементтерді: қылмыстың объектісін; объективтік және субъективтік жақтарын, субъектісін атап көрсетеді.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі деп, сол қылмыстық қиянаттың неге бағытталғанын, оның қандай зиян келтіргенін немесе келтіруге нысана алғанын айтамыз. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі заң қорғайтын қоғамдық қатынастар болып

табылады Қылмыстық құқық бұзушылық құқықта олар шартты түрде жалпы, топтық және тікелей объект болып бөлінеді. Қылмыстың объектісін оны сипаттайтын қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін дұрыс анықтаудың қоғамға зиянды іс-әрекеттің сипаты мен дәрежесін белгілеу үшін және оны саралау үшін маңызы ерекше.

Қылмыстық құқық бұзушылық сыртқы пішінін көрінісін сипаттайтын белгілердің жиынтығы қылмыстың объективтік жағын құрайды. Объективтік жағының белгісіне ең алдымен қоғамға қауіпті мінез-құлық актісінің, сыртқы көрінісі — адамның әрекеті немесе әрекетсіздігі жатады. Қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздіктің нысандары мен түрлері қылмыстық заң тұжырымдарында әр түрлі және жан-жақты (мүлікті жою немесе бүлдіру, өмірді жою, қауіпті жағдайда қалдыру, т.б.). Біршама қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағы әрекет немесе әрекетсіздіктен басқа қылмыстың зардабы және іс-әрекеттің зардап пен себепті байланысын керсетеді. Көрсетілген белгілерден басқа заңда кейбір қатынастардың объективтік жағын сипаттауда оның міндетті белгілеріне уақыт, орын, жағдай, қылмыстың жасалу тәсілдері де жатады. Қылмыстық құқық бұзушылық ажыратып жіктеуде, оның қоғамға қауіптілігінің дәрежесін белгілеуде, қылмысты саралауда объективтік жақтың осы белгілерінің маңызы зор. Қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағының белгілеріне қылмыстың ішкі жағын құрайтын белгілері, яғни адам істеген қоғамға қауіпті іс әрекет не психикалық қатынас сипатталады. Субъективтік жақтың белгілеріне кінә, ниет және мақсат жатады. Кінә екі түрлі нысанда: қасақаналық және абайсыздық түрінде (20, 21-баптар) көрініс табады. Қылмыс құрамының субъективтік жағының белгілерін анықтау, қылмыстық құқық бұзушылық саралауда қылмыстың және қылмыскердің қауіптілік дәрежесін анықтау үшін және жаза мөлшерін белгілеу үшін аса маңызды болып табылады. қылмыстық заң бойынша қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып, қылмыстық жауаптылыққа тартылуда кез келген адам жатады. Қылмыстық жауаптылыққа есі дұрыс, қылмыс жасаған уақытта 16-ға, кейбір қылмыстар үшін 14, 18-ге толған (14, 15-бап) жеке адамдар жатады.

Сонымен кез келген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының субъектісінің жалпы белгілері болып: жеке адам, есі дұрыс адам, белгілі жасқа толғандар саналады. Қайсыбір қылмыс құрамдары үшін жауаптылыққа осы жалпы белгілерден бетен қосымша белгілер болғанда ғана жол берілуі мүмкін. Әдетте, мұндай қосымша белгілер осы қылмыс үшін жауап беруі мүмкін адамдардың шеңберін шектейді. Мысалы, пара алудың субъектісі болып тек қана мемлекеттік органдардың адамдары ғана, ал әскери қылмыстардың субъектісі болып әскери қызметшілердің болуы қылмыстың субъектісін белгілейтін белгілердің қылмысты саралау үшін, қылмыстық жауаптылық мәселелерін шешуде және жаза мөлшерін белгілеуде маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда қылмыстық құқық теориясында қылмыстың құрамының жалпы түсінігі, қылмыс құрамының қажетті, міндетті белгілері және факультативті белгілері болып өзгешеленеді. Мұндай өзгешелену қылмыс құрамының мазмұнын ашуға, қылмыстық іс-әрекетті дұрыс саралауға көмектеседі. қылмыстың құрамының қажетті, белгілері дегеніміз бұл кез келген қылмыстық құқық бұзушылық құрамында болатын белгілер. Ондай белгілердің кем дегенде біреуінің болмауы қылмыс құрамының мүлде болмауының көрінісі болып табылады. Мұндай белгілерге жататындар: әрекет немесе әрекетсіздік, кінәнің нысаны, адамның есі дұрыстығы және оның белгілі жасқа толуы.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының факультативті нысандары дегеніміз бұл заң шығарушының, кейбір қылмыс құрамдарын сипаттау үшін қолданатын белгілері болып табылады. Факультативтік белгілерге жататындар: уақыт, қылмыс істеу тәсілі, қылмыстық ниет, мақсат, қылмыстың заты, қылмыстың арнаулы субъектісі, қылмыстың зардабы, себепті байланыс.

Егер факультативтік белгі сол немесе басқа бір құрамда атап көрсетілсе, онда ол өзінің мәні жағынан осы құрамның қажетті, негізгі белгісіне айналып кетеді. Мысалы, басқа біреудің мүлкін тонауды алсақ, мұнда тонаудың тәсілі - мүлікті ашықтан ашық алу, осы қылмыстың белгісі. Егер факультативтік белгісі қылмыс құрамына енгізілмесе, онда ол қылмысты саралауға әсер етпейді. Тек қана қылмыстық-құқықтық жаза белгілегенде есепке

алынады. Мысалы, қызметшінің құжаттарды қолдан жасау қылмысын саралауда оның қандай тәсілмен, қандай құралмен істелгені есепке алынбайды (314-бап). Бірақ қолданылған тәсіл, мақсат, жаза тағайындалғанда сөз жоқ ескеріледі. Қылмыс құрамының жалпы түсінігінің ол туралы ілімінің заңдылықты сақтауда және оны нығайтудағы маңызы орасан зор.

Қылмысты дұрыс саралау үшін, нақты қылмыс құрамдарының белгілерін тиісінше дұрыс түсіну қажет. Осындай әдіс қылмыстық құқық бұзушылық құрамының жалпы белгілерін білуге жәрдемдеседі. Ал қылмыс құрамының жалпы түсінігі нақты қылмыс құрамын қатесіз табудың аса қажетті сатысы болып табылады.

4. Жекелеген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының мазмұнын терең ашу, олардың белгілерін анықтауды жеңілдету және нақты істелген іс-әрекетті дұрыс саралау мақсатымен қылмыстық құқық бұзушылық құрамының, түрлері нақты белгілер бойынша өзара бөлінуі мүмкін.

Қылмыстық құқық ғылымында мұндай бөлінудің негізі (критеріі) болып: біріншіден, іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің дәрежесі, екіншіден, қылмыстық құқық бұзушылық құрамының сипатталу тәсілі, үшіншіден, қылмыстық құқық бұзушылық құрамының құрылысы есепке алынады. Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің дәрежесі мен мәніне қарай құрамдар негізгі, жауаптылықты ауырлататын қылмыс құрамдары және жауаптылықты жеңілдететін қылмыс құрамдары болып бөлінеді. Негізгі қылмыс құрамы деп іс-әрекеттің, белгілі түрі бойынша онда негізгі, тұрақты белгілердің болуын айтамыз. Негізгі қылмыстық құқық бұзушылық құрамында ауырлататын немесе жеңілдететін жағдайлар көрсетілмейді. Егер қылмыс құрамында осы іс-әрекеттің негізгі белгілерінен басқа жауаптылықты жеңілдететін жағдайлар көрсетілсе, онда ондай қылмыстық құқық бұзушылық құрамын жауаптылықты жеңілдететін қылмыс құрамы деп айтамыз. Мұндай қылмыстық құқық бұзушылық құрамына Қылмыстық кодекстің 101-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жатады (жан күйзелісі жағдайында болған кісі өлтіру).

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының сипатталу тәсіліне қарай құрам *жай қылмыстық құқық бұзушылық құрамы*, *күрделі қылмыстық құқық бұзушылық құрамы* және *балама қылмыстық құқық бұзушылық құрамы* деп бөлінеді. *Жай құрам* дегеніміз қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерінің біркелкі болуы, яғни оның бір ғана объектісі, бір ғана объективтік жағы ғана болуы. Бұған мысалы, 125-баптың 1-бөлігінде көрсетілген адамды ұрлау жатады. *Күрделі қылмыстық құқық бұзушылық құрамы* деп қылмыстық құқық бұзушылық құрамы элементтерінің бірінің күрделенуін айтамыз (объект, объективтік жағы, субъект, субъективтік жағы). Мысалы, екі объектіге бірдей кол сұғуын (192-бап — қарақшылық). Кінәнің екі түрлі нысаны болатын қылмыстар. *Балама құрам* деп Қылмыстық кодекстің бабындағы диспозициясында көрсетілген әрекеттердің біреуін істегендікті айтамыз. Мысалы, есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, сатып алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының құрылысына қарай құрамды түрге бөлудің де практикалық маңызы ерекше. Осы белгісі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық құрамы *материалдық*, *формальдық* және *келте* қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болып бөлінеді. Іс-әрекеттің нәтижесінен болатын зардап қылмыстық құқық бұзушылық құрамында көрсетілсе ондай қылмысты *материалды қылмыстық құқық бұзушылық құрамы* деп атайды. Мұндай қылмыстық құқық бұзушылық құрамы әрекет немесе әрекетсіздік жасалған уақыттан бастап қана емес, заңда көрсетілген қылмыстың зардабы болған уақыттан бастап аяқталған деп саналады. Мысалы, қызмет өкілеттігін теріс пайдаланып қиянат жасауды келтіруге болады. *Формальдық*, *қылмыстық құқық бұзушылық құрамы* деп зардабы болмайтын қылмысты айтамыз. Формальдық қылмысқа жататындар: пара беру, қызмет жөніндегі жалғандық, Пара беру, параны кез келген нысанда берген уақыттан бастап, белгілі бір зардаптың болуына қарамастан аяқталған қылмыс деп саналады. Кейде заң шығарушы қылмыстың аяқталған уақытын алдын ала қылмысты әрекет сатысына көшіреді. Мұндай құралымда қылмыстық

құқық бұзушылық құрамын *келте құрам* деп атаймыз. Келте қылмыс құрамына адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтыру қаупінде қалдыру жатады. Бұл құрам бойынша заң шығарушы аяқтау уақытын оның зияндылығына байланысты оқталу сатысына көшірген. **Яғни**, бұл қылмыс деп аталған адамдард жәбірленушіге осы ауруды жұқтырған уақытынан емес, оларға осы ауруды жұқтыру қаупін туғызғап уақыттан бастап аяқталған деп танылады. Келте қылмыстық құқық бұзушылық құрамына бандитизм жатады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылық құрамы ұйымдастырылған уақыттан бастап-ақ біткен қылмыс деп есептелінеді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі, қылмысты саралаудың түсінігі мен маңызын ашыңыз.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы және қылмысты саралау ұғымдарының арақатынасын талдаңыз.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлерін ашыңыз.

4. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері, қылмыстың объектісі, қылмыстың объективтік жағы, қылмыстың субъективтік жағы, қылмыстың субъектісі қандай?

5-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі.

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің ұғымы. Қылмыстық-құқықтық қорғау объектілері туралы қылмыстық заң.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлері: жалпы, топтық (оның ҚР ҚК Ерекше бөлімін жүйелеудегі маңыздылығы) және тікелей (оның қылмысты саралаудағы маңыздылығы)

3. Көпобъектілі қылмыстық құқық бұзушылық. Негізгі, қосымша және факультативті объектілер.

4. Қылмыстық құқық бұзушылық заты және оның қылмыстық құқық бұзушылық саралаудағы мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісі мен қылмыстық құқық бұзушылық затының ара қатынасы.

1. Кез келген қылмысты іс-әрекеттің мәнін ашу үшін қылмыстық құқық бұзушылық объектісін анықтаудың маңызы ерекше.

Әрбір істелген қылмыстық құқық бұзушылық белгілі бір объектіге қол сұғумен қатар оған белгілі бір зиян келтіру қаупін туғызады. Қылмыстық заң нормасымен қорғалатын объектіге қылмыстың қол сұқпауы мүмкін емес. Сондықтан да қылмысты қол сұғушылықтың объектісін дұрыс анықтаудың теориялық, практикалық маңызы ерекше.

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісін дұрыс анықтау ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір-бірінен, қылмыстық құқық бұзушылықты қылмыстық құқық бұзушылық емес әрекеттерден ажыратуға жәрдемдеседі. Өйткені қылмыстық-құқылық қорғау объектісі-не әрқашан да өзінің мәні мен дәрежесіне қарай ерекшеленген маңызды қоғамдық қатынастар жатады. Объекті маңызды болса соған сәйкес істелген қылмыс та қауіпті болып саналады, соған орай оны қылмыстық-құқылық қорғау да қатаң түрде жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстың объектісі деп қылмысты қол сұғушылықтан қылмыстық заң бойынша қорғалатын қоғамдық қатынастарды айтамыз. Әрбір істелген қылмыс белгілі бір жағдайларда қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіру қаупін туғызады. Сондықтан да қылмыстық құқық ғылымы қорғалатын қоғамдық қатынастарды барлық қылмыстардың жалпы объектісі деп таниды. Қылмыстың заңмен қол сұғушылықтан қорғалатын қатынастардың тізбегі Қылмыстық кодекстің оның заңдарының міндеттерін айқындайтын 2-бабында атап көрсетілген.

Қылмыстық заңмен кез келген қоғамдық қатынастар қорғала бермейді. Мысалы, мұрагерлікке байланысты мәселелерде мұрагердің заңды құқығының бұзылуы қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды. Мұндай ретте олардың құқықтары азаматтық заңмен реттеледі. Қарыз беруші мен борышқордың арасындағы қатынас та азаматтық құқық нормасымен шешіледі. Жұбайлардың арасындағы мүліктік қатынас та отбасылық құқық нормаларымен қорғалады. Жұмыс беруші мен еңбекшінің арасындағы еңбек қатынастары еңбек туралы заңдар арқылы қорғалады.

Сондықтан да қылмыстық құқық бұзушылық істеу арқылы қоғамдық мүддеге елеулі қауіп келтіретін немесе қауіп келтіруі мүмкін жағдайда ғана қылмыстық құқылық нормамен қорғалатын қоғамдық қатынастар қылмыстық құқық бұзушылық объектісі болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы объектісі болып танылатын қоғамдық қатынастардың өзі тарихи өзгермелі болып отырады. Оның қатары жаңа құбылыстардың қылмыстық құқық бұзушылық болып танылуына байланысты кеңейі немесе қылмыстық құқық бұзушылық болып келген кейбір нормалардың күшін жоюына байланысты тарылуы мүмкін. Мысалы, бұрын қылмыстық құқық бұзушылық қатарында болмаған компьютерлік акпаратқа кіру, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату жаңа заң бойынша қылмыстық құқық бұзушылық, ал бұрын қылмыстық құқық бұзушылық болып саналатын екі немесе көп әйел алушылық, алыпсатарлық жана заң бойынша қылмыс емес, яғни қылмыстық заң қорғайтын қоғамдық қатынастарға жатпайды.

Сондықтан да Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 2-бабының екінші бөлігінде «...ҚК-те қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатыны айқындалады» деп көрсетілген. Яғни, мұның өзі қолданылып жүрген қылмыстық заңдар бойынша белгілі бір қорғауға алынған қоғамдық қатынастар ғана қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы объектісі болып табылатынын көрсетеді.

Алайда, қылмыстық-құқық теориясында қоғамдық қатынастардың мазмұнын құрайтын элементтер жөнінде әр түрлі пікірлер бар. Мысалы, профессор Б.С. Никифоров қылмыстың жалпы объектісі болып табылатын қоғамдық қатынастың құрамында «қоғамдық мүдде» орын алады деп санайды. Профессор Я.М. Брайнин осыған ұқсас пікірді қолдап «қоғамдық қатынастарға басқа элементтермен бірге қоғамдық қатынастардың субъектілерінің мүдделері де кіреді»,— деп тұжырымдаған. Профессор Е.А. Фроловтың пікірінше «мүдде - қоғамдық қатынастардың ядросы» болып саналады.

Профессор Ю.И. Ляпунов «мүдде — барлық қоғамдық қатынастардың мазмұнын бейнелейді» деген қорытындыға келген.

Қазақстандық ғалым, заң ғылымының докторы, профессор Е.І. Қайыржанов қоғамдық қатынастар деген ұғымды қоғамдық мүдде деген түсінікпен алмастыруды ұсынған

Профессор А. В. Наумов қылмыстың жалпы объектісін қылмыстық заңмен қорғалатын кез келген игіліктер деп бекітті.

Біздің пікірімізше мүдде деген ұғым қоғамдық қатынастардың құрамдас бір бөлігі ғана. Өйткені қоғамдық қатынастар қылмыстың жалпы объектісі ретінде өз бойына мына элементтерді: қоғамдық қатынастардың субъектілерін; олардың әрекеттері мен өзара қатынастарын; қоғамдық қатынастар субъектілерінің заңмен қорғалатын материалдық, заттық, мүліктік, басқа да игіліктері мен мүдделерінің жиынтығы болып табылады.

Осыған орай, қоғамдық қатынастар дегеніміз адамдардың белгілі бір әлеуметтік қажеттілікке байланысты мінез-құлықтары, іс-әрекеттері мен олардың өзара байланыстарының көріністерінің жиынтығы болып табылады. Қоғамдық қатынастар бұл — өте күрделі және әр түрлі, жан-жақты әлеуметтік, өз бойына бірнеше элементтердің жиынтығын қамтитын құрылым болып табылады. Оған жататындар қатынастардың субъектісі (адамдар, мемлекет, ұйым және т. б.) материалдық заттар, игіліктер (заттар, құжаттар) қоғамдық қатынастың өзара байланысы олардың іс-әрекеті жағдайы т.б. Бұл элементтер өзара тығыз байланысты, осы элементтердің өзара бір тұтас бірлігі қоғамдық қатынастардың тұтастығын құрайды. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам осы

қоғамдық қатынастардың белгілі бір элементтеріне қол сұғады. Ол қол сұғушылық осы қоғамдық қатынастардың қатынасушылардың біріне (заңды тұлға немесе жеке тұлға) белгілі бір қауіп келтірілу әсері арқылы көрінеді.

Қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі болып табылатын қоғамдық қатынастардың маңыздылық дәрежесі де қылмыстық заңдарды рет-ретімен орналастыру үшін аса қажет. Осы белгісіне қарай қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің тарауларының, сондай-ақ әрбір тараудағы баптардың бірінен кейін екіншісінің орналасуы жүзеге асырылады. Қоғамдық қатынастардың маңыздылығы, оған келтірілген зиян мөлшері қылмысты саралау үшін, сондай-ақ сол қылмыс үшін жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін де аса қажет.

2. Қоғамдық қатынастар қоғамның қоғамдық-экономикалық формацияларына байланысты пайда болады, дамиды, жетіледі. Қоғамдық қатынастар қылмыс заңы арқылы жасалмайды, қылмыстық заң қоғамдық мүддеге сай келетін қоғамдық қатынастардың жетілуіне, дамуына, нығаюына тікелей әсер етеді. Қылмыстық заң ең маңызды, құнды қоғамдық қатынастарды қорғауды өз міндетіне алады.

Қылмыстық ғылым теориясында қылмыстың объектісін жете білу үшін оның маңызын және атқаратын ролін, қызметін түгел ашу мақсатымен қылмыстың объектісін жалпы, топтық, және тікелей деп бөлу қағидасы қалыптасқан.

Қылмыстық құқық бұзушылық *жалпы объект деп* қылмыстың заң нормасы арқылы қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығын айтамыз. Қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстық іс-әрекеттің кез келгенінің барлық уақытта да қоғамдық қатынастардың белгілі бір түріне қиянат келтіруінің өзі қоғамдық қатынастардың барлық қылмыстардың жалпы объектісі екендігін көрсетеді.

Қылмыстық кодекстің 2-бабының 1-бөлігінде ең маңызды қоғамдық қатынастардың тізбегі берілген. Қылмыстың жалпы объектісі қылмыстық құқықтың әлеуметтік саяси мазмұнын, жалпы қылмыс атаулының табиғатын дұрыс анықтауға, іс-әрекеттің жалпы қылмыс қатарына жатқызылуының, негізгі қағидасын, сонымен бірге қылмысты басқа құқық бұзушылықтан ажыратуға толық мүмкіндік береді.

Бірақ жалпы объектінің түсінігі біртектес нақты іс-әрекеттердің, ерекшелігін бейнелеуде жеткіліксіз болып табылады. Осыған байланысты қылмыстық ғылым теориясы қылмысты қол сұғушылықтың топтық және тікелей объектілерін бөліп қарастырады.

Топтық объект дегеніміз қылмыстық қол сұғушылықтан қылмыстық заң қорғайтын біртектес немесе өзара ұқсас қоғамдық қатынастардың белгілі бір бөлігі болып табылады. Мысалы, қарақшылық, басқа біреудің мүлкін ұрлау, тонау, оны алаяқтықпен алу, бір топтық объектіге — басқа біреудің мүлкіне, меншігіне байланысты қарсы қоғамдық қатынастарға қылмыстық қол сұғуды білдіреді. Бір топтық объектіге қол сұғуына байланысты қылмыстар Ерекше бөлімнің жеке-жеке тарауларына біріктірілген. Қылмыстың топтық объектісінің атауы көп жағдайларда Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тарауларында көрсетіледі, кейбір реттерде заң, шығарушы оны Ерекше бөлімнің бір бабында да атап көрсетеді. Ал қайсыбір жағдайда оның атауы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының мазмұнына талдау жасау арқылы анықталады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде Ерекше бөлім жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың *тікелей объектісі* деп қылмыстық заң қорғайтын нақты қатынастарға бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтардың тура немесе тікелей бағытталуын айтамыз. Мысалы, Қылмыстық кодексте көрсетілген бұзақылық қоғамдық тәртіпті бұзуға бағытталған. Қоғамдық тәртіп - осы бұзақылықтың тікелей объектісі.

3. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті тарауына жатқызады. Сондықтан да қылмыстық құқық теориясында тікелей объект *негізгі, қосымша және факультативті тікелей* объектісі болып бөлінеді.

Негізгі тікелей объект деп бұл қоғамдық, мүддені қорғау үшін қылмыстық заң нормасы шығарылатын және осы басты белгісі бойынша Қылмыстық кодекстің тиісті тарауына орналастыруға негіз болатын объектіні айтамыз. Мысалы, қарақшылықтың негізгі тікелей объектісі - бөтен біреудің мүлкі болады.

Қосымша тікелей объект дегеніміз қылмыстық заң бойынша қорғалып, негізгі объектіге зиян келтірілгенде немесе зиян келтіру қаупі болғанда жол-жөнекей оған да қауіп туатын, тағдыры негізгі тікелей объектімен байланысты объектіні айтамыз. Мысалы, қызмет өкілеттігін теріс пайдаланып, қиянат жасауды алайық. Бұл қылмыстың тікелей негізгі объектісі болып нақты мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдардың, ме-кемелердің дұрыс, бірқалыпты қызметі болады. Ал жеке адамдардың мүддесі, мемлекет т. б. мүдделеріне зиян келтірілуі арқылы қосымша тікелей объектілерге де қылмыстық құқық бұзушылықты қол сұғылады.

Факультативті тікелей объект дегеніміз қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде зиян келтірілу қаупі туатын, бірақ қылмыстық құқық бұзушылық құрамының негізгі элементіне жатпайтын, қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарды айтамыз. Мысалы, бұзақылықтың негізгі тікелей объектісі қоғамдық тәртіп болады. Бірақ та бұзақылық әрекеті көп жағдайларда қоғамдық тәртіпті бұзумен қатар, қоғамды қадірлемейтін көріністерге, сонымен бірге қоғам оның меншігіне, жеке басқа қарсы әрекеттермен де ұштасады. Бұл соңғылар қылмыстық құқық бұзушылықтың факультативті белгілеріне жатады. Қосымша және факультативті объектілердің қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға әсері болмағанмен олар кінәліге жаза тағайындағанда еске алынады.

Көптеген жекелеген қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының тікелей объектісі қылмыстық заңның диспозицияларында көрсетілмеген. Мұндай жағдайларда оны табу үшін қылмыстық заңның мазмұнын талқылап, сот тәжірибелерін кеңінен қолдану қажет.

Қылмыстың тікелей объектісін анықтау қылмысты дұрыс саралау үшін, істелген қылмыстық құқық бұзушылық қоғамға қауіптілігін, мәні мен дәрежесін дәл анықтау үшін, істелген қылмыстық құқық бұзушылыққа тиісті әлеуметтік құқылық баға беру үшін аса қажет.

4. Қылмыстық құқық бұзушылық заты. Қылмыстық құқық бұзушылық заты қылмыстық құқық бұзушылық құрамының факультативті белгісі болып табылады. Дегенмен де қылмыстық құқық бұзушылық объектісінен оның затын ажырата білген жөн. Өйткені біршама қылмыстық құқық бұзушылықтар оның затына, бұйымына әсер етумен байланысты болады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың затына әсер ету арқылы қылмыскер оны бүлдіруі, жоюы немесе оның жағдайын өзгертуі мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі қоғамдық қатынастар, ал қылмыстық құқық бұзушылықтың заты сыртқы дүниедегі материалдық нәрселер, қылмыскер соған әсер ету арқылы тиісті объектіге қол сұғуды жүзеге асырады, яғни қоғамдық қатынастарды бұзады. Мысалы, біреудің автомашинасын ұрлауда қылмыстың заты болып, автомашинаның өзі болады, ал объектісі болып соған меншіктік құқығы саналады. Міне осы қоғамдық қатынастар (заты емес) қылмыстың объектісі болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты саралау үшін де қылмысты қол сұғу затының маңызы ерекше. Кейбір жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылық затының құны, бағасы қылмысты саралауға тікелей әсер етеді.

Қылмысты қол сұғушылықта қылмыс заты әр түрлі күйге душар болады. Біреудің меншігін қылмысты жолмен иемденсе, сол мүлік бастапқы түрінде қала береді, өзінің материалдық құндылығын жоғалтпайды. Мысалы, ұрланған ақша бәз қалпында сақталуы мүмкін. Кейбір жағдайларда қылмыстың заты, мысалы, азық-түлік өнімдерінің түбірімен өзгеріске түсуі немесе жойылып кетуі, я болмаса ішіп-жемге ұшырауы мүмкін.

Қылмыстың барлығында қылмыс затын кездестіре бермейміз. Кейбір қылмыстарда мемлекетке опасыздық, бұзақылық, зорлау сияқты қылмыстық құқық бұзушылық құрамында қылмыстық қол сұғудың заты болмайды.

Қылмыстық құқық бұзушылық затын қылмыс істеудің, құралынаң ажырата білуіміз керек. Қылмыстың құралы дегеніміз қылмыскердің сол құрал арқылы затқа қол сұғып әсер етуін айтамыз. Мысалы, атылатын қару кісі өлтіруде, шабуыл жасап тонауда, қылмыстың құралы ретінде пайдаланылады. Бір зат бір қылмыстық құқық бұзушылық қылмыстық құқық бұзушылықтың заты болса, екіншісінде қылмыс істеу құралы болып кетуі мүмкін. Осы бапта да қылмыстың заты заңның мәтінінде ап-айқын аталып тұр. Кейбір ретгерде қылмыстың объектісіне қол сұғу қоғамдық қатынастың, субъектісіне әсер ету арқылы өз керінісін табуы мүмкін. Мұндай жағдайда қоғамдық қатынастың, субъектісі болып жәбірленуші танылады. Әйткені, жәбірленушіге әсер ету нәтижесінде соған материалдық, моральдық немесе басқадай зиян келтірілуі мүмкін. Мысалы, қорлауды алайық. Қорлау арқылы кінәлі адам негізгі объект адамның жеке басына қол сұғу арқылы жәбірленушінің арнамысы, кадр-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту арқылы оған моральдық зиян келтіреді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түсінігі мен маңызы.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық объектілерінің түрлері.
3. Қылмыстық құқық бұзушылық затының түсінігі.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі мен қылмыс затының арақатынасы.
5. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі бойынша саралау.

6-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағы Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының түсінігі және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының белгілері.
2. Қоғамға қауіпті және құқыққа қарсы әрекеттер.
3. Қылмыстық құқық бұзушылық зардабының ұғымы және түрлері. Материалдық, формальдық және қысқартылған құрамды қылмыстық құқық бұзушылық. Қылмыстық құқық бұзушылық зардабының қылмыстық-құқықтық мәні.
4. Қоғамды қауіпті әрекет пен қылмыстық құқық бұзушылық зардабының арасындағы себепті байланыс. Нақты және кездейсоқ себепті байланыс.
5. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың әдісі, орны, уақыты, жағдайы, қаруы және құралы, қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының факультативтік белгілері ретінде және олардың қылмыстық-құқықтық мәні.

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы қылмысты істеген адамның мінез-құлқының сыртқы көрінісін білдіреді.

Қолданылып жүрген қылмыстық заңға сәйкес (10-бап) ондай мінез-құлық біріншіден қоғамға қауіпті, екіншіден қылмыстық заңға қайшы болуы керек.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының мазмұны көптеген белгілерінің жиынтығынан тұрады. Ең бастысы қылмыстық заң құрайтын заң қорғайтын қоғамдық қатынастарға қиянатпен қол сұғатын және оған қол сұғу қауіпін тудыратын қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Қылмыстық құқықтағы зиян қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының белгісі болып табылатын «қоғамға қауіпті зардап» деген ұғымды білдіреді.

Қоғамға қауіпті іс-әрекет пен одан туындайтын зардаптың арасын байланыстыратын белгіні *себепті байланыс* деп атайды. Сонымен, қоғамға қауіпті іс-әрекет, қылмыстық зардап, себепті байланыс қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының белгілері болып табылады. Адамның мінез-құлқының сыртқы көрінісі болып табылатын қауіпті іс-әрекет белгілері бір кеңістікте және уақытта орын алатын нақты көрініс болып табылады. Қылмыстық құқықта кеңістік деген ұғым нақты іс-әрекеттің істелген орны ретінде қарастырылады. Сондықтан да қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының мазмұнын ашып көрсететін белгілер қатарына қоғамға қауіпті іс-әрекет, істелген орын және

уақыт та қосылады. Кейбір реттерде заң шығарушы нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін анықтағанда қоғамға қауіпті іс-әрекеттің белгілі бір жағдайда істелетіні туралы да еске салады. Демек, мұндай жағдай қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының бір белгісі болып саналады. Кез келген қоғамға қауіпті іс-әрекет белгілі бір тәсілмен, кейбір реттерде нақты құралдар мен қару-жарақтар қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, кісі өлтіруде бірнеше тәсіл қолданылуы мүмкін: кісіні өлтіру үшін мылтық немесе пышақ, у дәрі пайдалану, адамды түншықтыру, қылғындыру немесе автокөлікпен әдейі қағып кету арқылы да өлтіреді. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың тәсіліне алдау немесе сенімге қиянат жасау (мысалы, алаяқтықта немесе салық қылмыстарында) болуы мүмкін. Осы айтылғандарға байланысты қылмыстық құқық бұзушылық істеудің тәсілі, құрал және қару-жарақ деген ұғымдар да қылмыстың объективтік жағының мазмұнын ашатын белгілер қатарына жатады. Сонымен, жоғарыда айтылған белгілердің барлығы да қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының белгілері болып табылады және осы белгілер арқылы объективтік жақтың мазмұны айқындалады. Кез келген жеке қылмыстық құқық бұзушылық құрамы үшін объективтік жақ сол нақты құрамның төрт элементтерінің бірі ғана. Қылмыстық құқылық нормамен белгіленген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін талдағанда сол қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы нақты қандай белгілерден тұратынын анықтау өте қажет. Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің нақты нормаларын талдағанда, жоғарыда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының барлық белгілері түгелдей дерлік, нақты нормалардың әрқайсысында кездесе бермейді.

Көптеген жағдайларда қоғамға қауіпті іс-әрекеттен міндетті түрде туындайтын зардаптың (мысалы, ауыр немесе өте ауыр емес дене жарақаты) болуын заңның өзінде атап көрсетеді. Мұндай ретте заң шығарушы объективтік жақтың - уақыт, орын, жағдай, тәсіл немесе басқа да белгілерін заңда көрсетпейді.

Біршама қылмыстық-құқылық нормалар қоғамға қауіпті іс-әрекетті атап өтумен ғана шектеледі. Мысалы, пара беру, қызметтік жалғандық жасау.

Кейбір жекелеген қылмыстық-құқылық нормаларда қылмыстық құқық бұзушылықтың істелген орны, уақыты немесе жағдайы тура көрсетіледі. Яғни, қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының мазмұнына тән бір топ белгілердің ішінен тек біреуі ғана қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік кез келген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағының міндетті, қажетті белгісі, ал қалған белгілерінің барлығы да факультативтік белгілер болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының маңызы біріншіден, оның белгілерін дәлме-дәл анықтау арқылы істелген қоғамға қауіпті іс-әрекетті дұрыс саралаудың негізі болып табылады. Екіншіден, объективтік жағының белгілері арқылы өзара жақын, ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік туады (мысалы, ұрлықты тонаудан, алаяқтықты ұрлықтан т. б.). Осыған байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ішіндегі ең маңызды элементтері қатарына жатады.

2. Іс-әрекет кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының қажетті белгісі болып табылады.

Қоғамға қауіпті іс-әрекет бұл адамның құқыққа қайшы, саналы, белсенді немесе ең жар түрде қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін мінез-кұлқының сыртқы көрінісі болып табылады.

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекет объективтік тұрғыдан алғанда қоғамға қауіпті. Оның қауіптілігі құқық қорғайтын қоғамдық қатынастарға қиянатпен қол сұғу арқылы немесе қол сұғу қауіпін туғызу арқылы керінеді. Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің дәрежесін ең алдымен келтірілген зиянның мөлшері, қол сұғылатын объектінің құндылығы арқылы анықталады.

Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің міндетті белгілерінің бірі оның құқыққа қайшылығы болып табылады. Мұндай белгінің болуы азаматтарды заңсыз қылмыстық жауапқа тартуға жол бермеуінің кепілі болады және заңдылықтың қатаң сақталуын қамтамасыз етеді.

Іс-әрекет - адам мінез-құлқының сыртқа шыққан шынайы көрінісі болып табылады. Сондықтан да адамның ниеті, пікірі, ойы қаншалықты зиянды болғанымен, ол белгілі бір іс-әрекетпен ұштаспаса, ол қылмыстық жауапқа тартылмайды. Іс-әрекет - адамның саналы мінез-құлқының көрінісі. Сондықтан да адамның санасына тысқары болған кез келген дене қозғалысы, ол қаншалықты қоғамға зиянды залал келтіргені не зиян келтіру қаупін төндіргеніне қарамастан, қылмыстық-құқылық тәртіппен жазаланатын Іс-әрекетке жатпайды.

Адамның өзінің еркіне байланысты емес, одан тыс жағдайда тойтарылмайтын күштер (күш қолдану мен қорқыту) арқылы қоғамға зиянды залал келтірілсе, онда қылмыстық-құқылық Іс-әрекет туралы сөз болуы мүмкін емес.

Тойтарылмайтын күш, күш қолдану және қорқытып зорлаудың түсінігі қылмыстық заңда көрсетілмеген.

Тойтарылмайтын күшке — табиғат апатының, хайуанаттар, есі ауысқан адамдар мен дүлей күштің әсерінен адамның өз ойы, еркі арқылы белгілі бір іс-әрекетті істеу мүмкіндігінен айырылуы жатады. Мысалы, дәрігер ауру адамға аяқ астынан су тасқыны болып кетуге байланысты, дер кезінде барып көмек бере алмайды. Сондай-ақ, ормандағы өртті сөндіру мақсатымен орман ағашын кесу арқылы өрттің жолын бөгеу де қылмыс болып саналмайды.

3. Адамның істеген кез келген іс-әрекеті сыртқы дүниеде белгілі бір өзгеріс туғызады. Қоғамға қауіпті іс-әрекеттер де қоғамға зиянды өзгерістер туғызуға немесе соны болдыру қаупін туғызуы мүмкін. Іс-әрекет арқылы келтірілген нақты зиянды анықтау арқылы материалдық өмірге нақты қандай өзгерістер келтірілгенін білеміз.

Қылмыстық зардап — бұл қылмыстық заңда көрсетілген қоғамдық қатынастарға әрекет немесе әрекетсіздік арқылы келтірілген зиян болып табылады.

Жаңа қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде көрсетілген нормаларға талдау жасап, іс-әрекетті істеу арқылы заң қорғаған, Қылмыстық кодекстің тиісті бабының диспозициясында бейнеленген қоғамдық қатынастарға қандай өзгерістер келтірілетінін анықтаймыз. Мысалы, мемлекеттік қылмыстық құқық бұзушылықтарды істегенде мемлекеттің конституциялық құрылысын, егемендігін және мемлекеттің, қауіпсіздігін реттейтін қоғамдық қатынастарға теріс өзгерістер келтіріледі.

Қылмыстық кодекстің нақты баптарының диспозицияларындағы қоғамға зиянды зардаптарды анықтау үшін заң шығарушы әр түрлі терминдерді, түсініктерді қолданады.

Кеп жағдайларда заң шығарушы қоғамға зиянды нақты іс-әрекеттен туындайтын зардаптардың бірнеше балама түрлерін көрсетіп берген. Осы сияқты баптардағы бірнеше балама зардаптың біреуін орындағанның өзінде-ақ іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар деп есептелінеді.

Заң шығарушы қоғамға зиянды іс-әрекеттен келтірілетін зиянды анықтағанда «ауыр зардап», «селеулі бұзу», «едәуір зиян» деген түсініктерді қолданады.

Адамға күш қолдану немесе басқадай материалдық игіліктерге тікелей әсер ететін қоғамға зиянды зардабы көп жағдайларда материалдық түрде болуы мүмкін. Мысалы, кісі өлтірудің зардабы — кісі өлімі, денеге жарақат түсірудің зардабы — әр түрлі дәрежедегі дене жарақаты. Меншікке қылмыстық құқық бұзушылыққа қол сұғылғанда одан мүліктік зардап туындайды. Тікелей мүліктік зиян немесе тиісті табыс көзінен айырылуы т. б.

Қоғамға қауіпті істелген іс-әрекетті дұрыс саралауды шешу үшін көп жағдайларда келтірілген жағдайлардың түрін ғана емес, оның шамасын анықтаудың маңызы зор. Материалдық залалдың мөлшері кейде заңның өзінде атап көрсетіледі. Қылмыстық кодекстің 175-бабының ескертуінде ірі мөлшер немесе ірі залал деп қылмыс жасалу сәтіне Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айлық есепті көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін мүліктің құны мен залалдың мөлшері танылады делінген. Мұның өзі бөтеннің

мүлкіне қылмысты қол сұққандардың қоғамға қауіпті іс-әрекетін баптың тиісті бөлімдері бойынша меншікке ірі залал келтіру арқылы немесе ірі мөлшерде қылмысты қол сұққаны үшін дұрыс саралауға мүмкіндік береді.

4. Сонымен себепті байланысты анықтағанда ең алдымен іс-әрекетті істеген мезгілде қоғамға зиянды зардаптың нақты болу (мүмкін) қаупін төндіретінін, одан кейін, осы зардаптың сөз жоқ, істелген іс-әрекеттің нәтижесінен туындағанын анықтау керек.

Себепті байланыс әрекет немесе әрекетсіздік арқылы істелетін материалдық қылмыс құрамдарының міндетті белгісі болып табылады. Әрекетсіздік күйде жасалатын материалдық құрамға мысалы, лауазымды адамның салақтығын алайық (316-бап). Лауазымды адам өз қызметіне салақтықпен қараса, нәтижесінде оның өзінің қызмет борышын орындамауы келтірілген елеулі зиянмен қажетті себепті байланыста болса, ол осы бап бойынша жауапқа тартылады. Мұндай жағдайда әрекетсіздікпен келтірілген зардаптың арасындағы себепті байланысты анықтау үшін лауазым адамына қандай арнаулы міндет жүктелгенін және осы міндетті оның орындамағанын анықтау қажет. Белгілі бір жағдайларда бірнеше адамдардың әрекеттерінен орын алған зардаптың қажетті себепті байланысын анықтау қажет болады. Мысалы, материалдық құрамдағы қылмысқа бірге қатысып істеген жағдайда, қылмысқа қатысушылардың әрқайсысының әрекеті мен келтірілген зиянның арасын байланыстыратын себепті байланысты табу, бірлесіп істелген қылмыстан келген зардапты анықтау да қылмысты саралау және қылмысқа бірге қатысушыларға әділ жаза тағайындау олардың әрекетін дұрыс саралау үшін өте маңызды роль атқарады.

Сонымен, себепті байланыс материалдық құрамдағы қылмыстың объективтік жағының негізгі белгісі болып табылады.

5. Қайсыбір қылмыстар белгілі бір уақытта, белгілі бір жағдайда немесе белгілі бір тәсілмен, құралмен жүзеге асырылады. Мұндай жағдайларда қылмыстың объективтік жағының осы факультативтік белгілері арқылы іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігіне елеулі әсер етуі мүмкін. Сол себепті заң шығарушы оның әрқайсысын белгілі бір нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамының негізгі белгісі етіп көрсетуі мүмкін.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың тәсілі дегеніміз кінәлі адамның іс-әрекетті істеудегі қолданылатын әр түрлі әдістері мен айдалары болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың істелу тәсілі бойынша меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық бір-бірінен ажыратылады. Қылмыстық кодекстің арнаулы бабында тыйым салынған механикалық көлік немесе әуе көлігін, жарылғыш заттарды, газдарды, т.б. пайдаланып аң аулағаны үшін жауаптылық көрсетілген.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың істелу жағдайы кейбір реттерде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағының қажетті белгісіне айналып кетеді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың істелу орны біріншіден қылмыс істеген кеңістікті, екіншіден жер бетінің қай бөлігінде қылмыс істелгенін анықтайды. Мысалы, Қылмыстық кодекстің қылмыстың істелу орны теңіз немесе су жолы, ашық теңіз, құрылықтық шельф, ерекше экономикалық аймақ, орман деген ұғымдармен, ал кейбір жағдайларда Қылмыстық құқық бұзушылық істеу мерзімі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағының белгісі ретінде өте сирек кездеседі. Қылмыстық құқықта мерзім деген ұғымға тәулік, жыл уақыты, сондай-ақ белгілі бір жағдайлар жатады. Мысалы, соғыс уақыты. Сот тергеу тәжірибесінде істелген қылмыстың қайсы мерзімде болған, қанша уақытқа созылғаны (де-зертирлікте) қоғамға зиянды зардаптың қашан орындалғаны сот-тергеу құжаттарында міндетті түрде көрсетіледі. Кейбір баптарда қылмыс істеу мерзімі құрамы объективтік жағының белгісі ретінде көрсетіледі. Қылмыстық кодекстің 53-бабында қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар айтылған. Осылардың ішінде қылмыстың жасалу жағдайын белгілейтін бірнеше белгілер бар. Мән-жайлардың тоғысуы салдарынан алғаш рет кішігірім қылмыс жасау, жеке басына, отбасына немесе өзге де ауыр мән-жайлар тоғысуының салдарынан не жаны ашынғандық себепті қылмыс жасау, күштеп немесе

психикалық мәжбүрлеу салдарынан да материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігі себепті қылмыс жасау, қажетті қорғаудың құқықтық дұрыстығының шартын бұзу, аса қажеттілік, қылмыс жасаған адамды ұстау, негізді тәуекел, бұйрықты немесе үкімді орындау жағдайларында қылмыс жасау, қылмыс жасау үшін түрткі болып табылатын жәбірленушінің заңға қайшы немесе адамгершілікке жатпайтын қылығы.

Қылмыстық кодекстің 54-бабында жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар көрсетілген. Олардың ішінен қылмыстың объективтік жағына мыналар жатады: аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қорлап қылмыс жасау, қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, оны бейнелеуші қондырғылар, арнайы дайындалған техникалық құралдар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтар, улы және радиоактивті заттар, дәрілік және өзге де химиялық фармакологиялық дәрі-дәрмектерді пайдаланып, сондай-ақ күш көрсетіп, психикалық мәжбүрлеу, не жалпы қауіпті қолданып қылмыс жасау. Жоғарыда айтылғандарға байланысты қылмыстың объективтік жағының факультативтік белгілерінің негізінен үш түрлі маңызы бар екендігін көреміз. Біріншіден, мұндай белгілер қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті қажетті белгілері болуы мүмкін. Екіншіден, факультативтік белгілер қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ауырлататын түрін белгілеуі мүмкін. Үшіншіден, қылмыстық құқық бұзушылық саралауға әсері болмаса да жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар ретінде қарастырылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағының түсінігі мен маңызы.
2. Қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет пен әрекетсіздік).
3. Қоғамға қауіпті зардаптың түсінігі мен түрлері.
4. Материалдық, формалдық және келте қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары.
5. Себепті байланыс және оның қылмыстық құқықтағы маңызы.
6. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың әдісі мен тәсілі, қылмыстың жасалу жағдайы, орны және олардың қылмыстық құқықтық маңызы.

7-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің ұғымы және белгілері.
2. Қылмыстық жауаптылық басталатын жас.
3. Есі дұрыстық қылмыстық жауаптылықтың міндетті шарты ретінде. Есі дұрыс еместіктің ұғымы және оның өлшемі.
4. Арнайы субъектінің ұғымы.

1. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған және заңға сәйкес сол үшін қылмыстық жауаптылықты кетеруге қабілетті адам танылады. Қылмыстық кодекстің 4,6,7,8,9-баптарының талаптарына сай Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің күші Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағындағы азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ шетелдіктерге қолданылады. Бұдан туатын қорытынды, қоғамға қауіпті іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылыққа тек қана тірі адам — азамат тартылады. Заттар, жануарлар дүниесі, табиғат күштері келтірген зиян үшін олар қылмыстық жауапқа тартылмайды, яғни бұл аталғандар қылмыс субъектісі болып танылмайды. Егер адам жануарларды немесе табиғи күштерді пайдалану арқылы қасақана немесе абайсыздықпен басқаға зиян келтірсе, онда қылмыстық жауаптылыққа сол адамның өзі тартылады. Мысалы, қабаған итке адамды қасақана әдейілеп қаптырса, онда сол адам жөнінде қасақана дене жарақатын келтіргені үшін қылмыстық жауаптылық мәселесі қарастырылады, ал мұндай жағдайда ит қылмыс субъектісі емес, қылмысты істеудің құралы болып табылады. Сондай-ақ заңды тұлғалар - мекеме, ұйым, кәсіпорын және басқа да заңды ұйымдар қылмыстың субъектісі болып танылмайды.

Кайсыбір кәсіпорын, мекеме, ұйымда еңбек қорғау ережелерінің елеулі бұзылуы үшін қылмыстық жауаптылыққа мекеме, ұйым, кәсіпорын емес, сол еңбек қорғау ережелерін кінәлі түрде бұзған лауазымды адам, егер сонын салдарынан адамдар қайғылы жағдайға ұшыраса жауаптылыққа тартылады. Жаңа Қылмыстық кодекстің 15-бабында (1-бөлігі) «есі дұрыс, ҚК-те белгіленген жасқа толған жеке адам ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс» деп тура айтылған. Осыған орай, яғни қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып тек қана жеке тұлға - адам саналады. Бұл субъектінің бірінші белгісі болып табылады. Қылмыстық заң қылмыстық жауаптылыққа өзінің істеген іс-әрекетіне есеп бере алатын және өзін-өзі басқаруға қабілеті бар адамды, яғни есі дұрыс адамды ғана тарта алады. Адам қоғамға қауіпті іс-әрекет істеген кезде өзінің іс-әрекетіне есеп бере алмаса, яғни қылмыстық құқық бұзушылық есі дұрыс емес күйде істесе, онда ол адамның іс-әрекетінде кінәнің екі нысаны: қасақаналық пен абайсыздық жоқ деп есептеледі. Қоғамға қауіпті іс-әрекетін ұғынып, оның мағынасына жетіп, ақылмен, естілікпен істеген есі дұрыс адам ғана қылмыс үшін кінәлі деп танылады.

Сонымен қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып қылмыстық заңда көрсетілген жасқа толған, есі дұрыс жеке адам саналады. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі *жалпы және арнаулы* болып екі түрге бөлінеді. Есі дұрыстық, заңда белгіленген жасқа толу және жеке адам болу сияқты белгілер барлық қылмыстарға тән, ортақ белгілер. Бұл белгілер жалпы субъектінің түсінігін береді.

Жалпы субъектінің осы белгілермен қатар жекелеген қылмыстың құрамының ерекшелігіне қарай қосымша, арнаулы белгілерді қажет ететін адам қылмыстың арнаулы субъектісі болып табылады. Мысалы, мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық барлығы дерлік арнаулы мемлекеттік қызметшілер арқылы істеледі. Бұл жерде мемлекеттік қызметші арнаулы субъект болып табылады, әскери қылмыстарды тек әскери қызметшілер істейді, сондықтан әскери қызметшілер де қылмыстық құқық бұзушылық арнаулы субъектісі болып табылады.

2. Жоғарыда атап өткеніміздей, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып заңда көрсетілген жасқа толған, есі дұрыс адам саналады. Адамды қылмыстық жауапқа тартудың ең негізгі шарттарының бірі оның белгілі жасқа толуы болып танылады. Өте жас балалар қылмыстың субъектісі бола алмайды. Өйткені, олар өздерінің тым жастығына сәйкес жеткілікті жағдайда өздерінің қоғамға істеген зиянды іс-әрекетіне жауап бере алмайды және өздерінің қылықтарын басқара алмайды. Сондықтан қылмыстық заң өзі арнайы көрсеткен жасқа толмаған жасөспірімдерді қылмыстық жауапқа және жазаға тартуға тыйым салады. Кәмелетке толмағандардың жас мөлшері және оларды қылмыс субъектісі деп тану мәселесі Қылмыстық кодекстің 15-бабында арнайы көрсетілген.

Осы бап бойынша қылмыстық жауапқа қылмыс істеген уақытқа дейін он алты жасқа толған адамдар тартылады. Қылмыс жасаған уақытта он төрт жасқа толған адамдардың адам өлтіргені (99-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені (106-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіргені (107-баптың екінші бөлігі), зорлағаны (120-бап), сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (121-бап), адам ұрлағаны (125-бап), халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға немесе ұйымдарға шабуыл жасағаны (173-бап), әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздырғаны (174-бап), Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қолсұғушылық (177-бап), Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қолсұғушылық (178-бап), диверсия (184-бап), ұрлық (188-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), тонау (191-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), қарақшылық (192-бап), қорқытып алушылық (194-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), ауырлататын мән-жайлар кезінде автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иеленіп алғаны (200-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), ауырлататын мән-жайлар кезінде бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені (202-баптың екінші және үшінші бөліктері), терроризм актісі (255-бап),

терроризмді насихаттағаны немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақырғаны (256-бап), террористік топ құрғаны, оған басшылық еткені және оның әрекетіне қатысқаны (257-баптың бірінші және екінші бөліктері), террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландырғаны және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік (258-бап), адамды кепілге алғаны (261-бап), ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасағаны немесе оларды басып алғаны (269-бап), терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны (273-бап), қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқырғаны не қорқытып алғаны (291-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде бұзақылық жасағаны (293-баптың екінші және үшінші бөліктері), тағылық (294-бап), есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқырғаны не қорқытып алғаны (298-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде өлгендердің мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлағаны (314-баптың екінші бөлігі) және көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіргені (350-бап) үшін қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Егер кәметке толмаған адам осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген жасқа толған болса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаса не оларға ие бола алмаса, ол қылмыстық жауаптылыққа жатпайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан заң алдында тең.

3. Жоғарыда аталып кеткендей, қоғамға қауіпті іс-әрекет істегені үшін есі дұрыс адам заң бойынша жауап беруге және жазалануға жасы толған адамдар ғана қылмыстың субъектісі болып табылады. Есі дұрыс емес адамдар қылмыстың субъектісі болып табылмайды, сол себепті олар қылмыстық жауапқа тартылмайды. Мұндай адамдарға істеген іс-әрекеттері үшін қылмыстық жаза болып табылмайтын медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

16-бап. Есі дұрыс еместік

1. ҚК-те көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған уақытта есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, ақыл-есінің кемдігі немесе психикасының өзге де дертке ұшырауы салдарынан өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғына алмаған немесе оларға ие бола алмаған адам қылмыстық жауаптылыққа жатпайды.

2. Есі дұрыс емес деп танылған адамға сот ҚК-те көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін.

17-бап. Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасы бұзылған адамдардың қылмыстық жауаптылығы.

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта психикасының бұзылуы салдарынан өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаған не оларға ие бола алмаған есі дұрыс адам қылмыстық жауаптылыққа жатады.

2. Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психиканың бұзылуын сот жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жай ретінде есепке алады және ол ҚК-те көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін негіз бола алады.

18-бап. Масан күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың қылмыстық жауаптылығы

Алкогольді, есірткі, психотроптық заттарды немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану салдарынан мас күйінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды.

Демек, мұндай адам қоғамға қауіпті іс-әрекеті үшін қылмыстық жауапқа тартылады. Мастықтың екі түрі бар: *физиологиялық және патологиялық* мастық.

Физиологиялық мастыққа күнделікті кездесетін мастық жатады. Мұндай жағдайда қылмыс істеген адамды есі дұрыс емес адамның қатарына жатқызуға әсте болмайды.

Физиологиялық мастыққа күнделікті кездесетін мастық жатады. Мұндай жағдайда қылмыс істеген адамды есі дұрыс емес адамның қатарына жатқызуға әсте болмайды.

Патологиялық мастыққа алкоголь ішімдігін, есірткі немесе басқа есеңгірететін заттарды үнемі пайдаланудың салдарынан дертке ұшырап, соның әсерінен өзінің іс-әрекеті туралы есеп беруден қалған, өзін-өзі басқару қабілетін жоғалтқандар жатады. Сот-психиатриялық сарапшының қорытындысына сәйкес, мұндай адамдар есі ауысқан деп танылуы мүмкін. Сондай адамдарға медициналық түрдегі еріксіз емдеу шаралары қолданылады. Ал айыққаннан соң өзінің істеген қылмысы үшін жалпы тәртіппен жазалануы мүмкін. Жаза тағайындалғанда мас болудың себебі, мастықтың дәрежесі және оның қылмыс істеуге ықпалы есепке алынады. Қайсыбір жағдайларда сот адамның мас күйде қылмыс жасауын жауаптылықты ауырлататын мән-жай деп тануы да, танымауы да мүмкін.

4. Кейбір қылмыстық құрамдар үшін қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болуға есі дұрыстық, заңда белгіленген жасқа толу жеткіліксіз, ондай құрамдарға субъект болу үшін осы көрсетілген белгілердің үстіне басқа да қосымша белгілер болуы қажет. Мысалы, сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау және дауысты қате есептеу қылмысының субъектісі болып тек қана осы бапта арнайы көрсетілген — арнаулы адамдар ғана бола алады. Аталған қылмыстың құрамының ерекшелігі сол, мұндай қылмыстарды арнаулы атағы, лауазымы, белгілері жоқ кез келген адам істей алмайды. Жоғарыда айтылған сайлау комиссиясының мүшелері, лауазымды адамдар немесе дәрігерлік атақтар, арнаулы белгілерді көрсетеді. Сонымен, қылмыстың арнаулы субъектісі дегеніміз субъектінің жалпы белгімен (есі дұрыстық, белгілі бір жасқа толу) бірге Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті нормаларда көрсетілген қосымша — арнаулы белгілері бар адамдарды айтамыз.

Қолданылып жүрген қылмыстық заңда қылмыстық құқық бұзушылықтың арнаулы субъектісі туралы жалпы ұғым берілмеген. Қылмыстың арнаулы субъектісін сипаттайтын белгілер Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті қылмыстық-құқықтық нормаларының диспозицияларында көрсетілген.

Жалпы Ереже бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы бойынша қылмыстың субъектісі болып Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар (6,7-бап) танылады. Арнаулы субъектілі қылмыстарды қылмысқа бірге қатысып істегенде оның орындаушысы тек қана арнаулы субъект, ал басқа қатысушылары жай субъект болады. Арнаулы субъект мынадай белгілері бойынша топтастырылады.

1. Мемлекеттік құқылық жағдайы бойынша: Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адам.

2. Демографиялық белгілері бойынша:

Кінәлінің жынысына қарай еркек, әйел; Жас мөлшері.

3. Отбасылық туыстық қатынастары бойынша:

Ата-аналар, жұбайлар, камқоршы

4. Әскери міндетке қатысы жөніндегі міндеті: міндетті әскери қызметке шақырушылық, әскери қызметкерлер және әскери қызмет атқаруға міндеттілер.

5. Қызмет жағдайы жөніндегі адамдар.

6. Арнаулы мемлекеттік жүйелерде лауазымдық жағдайына байланысты қызмет атқарғандар — прокурор, судьялар.

7. Кәсіби міндетіне қарай: дәрігер, медицина қызметкерлері.

8. Атқарған қызметінің немесе жұмысының мәніне қарай қызмет не жұмыс бабын өзіне сеніп тапсырылғаы мемлекеттік құпияны жариялау, теміржол, су, кеме және әуе көлігі қызметкерлері, сайлау комиссиясының мүшесі, сауда қызметкерлері.

9. Азаматтың мемлекет алдындағы борышының мәніне қарай: куә, мәжбүрленуші, сарапшы.

10. Адамның жәбірленуші жөніндегі ерекше жағдайларына байланысты: жәбірленушіге қамқорлық жасауға міндетті адам, жәбірленушінің, сол адамға материалдық немесе басқа тәуелді болуы.

11. Адамның бұрынғы істеген қоғамға жат әрекетін немесе әрекетсіздігін сипаттайтын белгілері бойынша бұрын адам өлтірген адамның адам өлтіруі, бұрын сотталған адам.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің түсінігі.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің белгілері.
3. Есі дұрыстықтың түсінігі мен маңызы.
4. Есі дұрыс еместіктің түсінігі мен медициналық және заңдылық белгілері.
5. Психиканың есі дұрыстықты жоққа шығармайтындай бұзылуы: түсінігі, мәні, маңызы.
6. Мас күйінде қылмыс жасау.
7. Қылмыстық құқық бұзушылық арнаулы субъектісі.

8-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы.

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының ұғымы және оның мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының белгілері.

2. Кінә қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағының негізгі белгісі ретінде. Кінәнің мазмұны және оның нысандары.

3. Қасақаналық және оның түрлері.

4. Абайсыздық және оның түрлері. Оқиға (казус) жазықсыз зиян келтіру ретінде. Кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық.

5. Ниет және мақсат қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының белгілері ретінде, олардың қылмыстық-құқықтық мәні.

6. Заңдылық және фактілік қателік, олардың кінәға, қылмыстық жауаптылыққа және қылмыстың саралануына әсері.

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы бұл негізінен адамның психикалық іс-әрекетінің, қылмыс істеуге тікелей байланысты жағының көрінісі болып табылады.

Қылмыстың сыртқы жағын бейнелейтін объективтік жаққа қарағанда субъективтік жақ қылмыстық құқық бұзушылық ішкі мәнін, мазмұнын білдіреді. Бұл жерден шығатын қорытынды қылмыстың объективтік және субъективтік жағының белгілері өзара тығыз байланысты, белгілі бір бірлікте болады. Сондықтан да қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағына барышша тығыз талдау жасау қажет.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының мазмұнын мынадай заңдылық белгілері: кінә, қылмыстық, ниет, мақсат құрайды. Осы белгілердің, жиынтығы қылмыстық құқық бұзушылық істеген, яғни қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның жан-дүниесінде орын алған ішкі өзгерістерді, оның санасы мен еркінің өзара байланысын бейнелеп береді.

Аталып өткен қылмыстың субъективтік жағының осы белгілерінің, заңдылық маңызы біркелкі емес, керісінше әр түрлі. Кінә кез келген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының субъективтік жағының міндетті белгісі болып табылады. Кінәсіз қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмайды. Мұның, өзі кінәсіз жағдайда қылмыстық жауаптылық туралы сөз болуы мүмкін емес дегенді білдірді. Қылмыстық ниет және мақсат, кінәға қарағанда, кейбір құрамдар үшін заңда көрсетілген реттерде қажетті белгі болады. Ал олай болмаған жағдайларда, ниет пен мақсат қылмыстық құқық бұзушылық құрамының факультативті белгісі ғана болып саналады.

Істелмекші болған қылмыстық құқық бұзушылық жөніндегі абыржу, өкініш білдіру немесе жазадан корку психологиялық әрекеттің элементтері болып табылмайды, сондықтан ол қылмыстың субъективтік белгісіне жатпайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының белгілері — кінәні, ниет пен мақсатты дұрыс анықтаудың маңызы мынада:

Біріншіден, қылмыстық жауаптылық негізінің құрамдас бөлігі ретінде ол қылмыстық құқық бұзушылықты қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайтын іс-әрекеттен ажыратуға мүмкіндік береді. Екіншіден, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы объективтік жағынан өзара ұқсас құрамдарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының мазмұны істелген қылмыстық құқық бұзушылықтың, сондай-ақ оны істеген адамның қоғамға қауіптілік дәрежесінің деңгейін анықтауға себеп болады. Мұның өзі жауаптылықтың, негізділігін және мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағының қылмыстық жауаптылықтың бар жоғын анықтау үшін, істелген қылмысты дұрыс саралау үшін және әділ жаза тағайындау үшін маңызы ерекше. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының пленумы көптеген қаулыларында қылмыстың субъективтік жағының мазмұнын, кінәнің нысандарын, қылмыстық қаскүнемдікпен арам ниеттің және оның мақсатының мазмұнымен бағытын терең зерттеуді талап етеді.

2. Қылмыстық құқықтың ең маңызды қағидаларының бірі-қылмыстық жазаға және қылмыстық жауапқа тек қана қылмыстық құқық бұзушылық істегенге кінәлі адам ғана тартылатындығы болып табылады. Бұл қағидат Қылмыстық кодекстің арнаулы бабында атап көрсетілген. Онда адам қылмысқа қатысты кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жазаға тартылуы тиіс.

Объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

Қасақана немесе абайсызда әрекет жасаған адам ғана қылмысқа кінәлі деп танылады делінген. Қылмыстық құқықта белгілі бір қоғамға зиянды зардап орын алады немесе қоғамға зиянды іс-әрекет істеді екен деп кінәсізден-кінәсіз жауапқа тартуға мүлдем жол берілмейді. Бұл — қылмыстық құқықтың табиғатына жат құбылыс.

Сонымен, кінә дегеніміз бұл адамның өзінің қасақаналықпен немесе абайсызда істейтін қоғамға қауіпті іс-әрекетіне және оның қоғамға зиянды зардабына деген көзқарастарының жиынтығының керсеткіші болып табылады.

Істелген әрбір қылмыс үшін кінәнің болуы - объективті ақиқат. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісінің кінәлілігі туралы тұжырымды сот іс бойынша жинақтаған дәлелдемелер арқылы анықтайды. Кінә екі түрлі — қасақаналық және абайсыздық нысанда болады. Кінә туралы сөз қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді, яғни қылмыстық құқық бұзушылықты істеген жағдайда ғана болады. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаса кінә туралы сөз де болмайды. Кінә психологиялық, сондай-ақ әлеуметтік ұғымдардың жиынтығы, адамның істеген әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті зияндылығын және одан туатын зардапты сезінуі немесе сезінуге мүмкіндік болуы кінәнің психологиялық мазмұнын құрайды. Адамның өзінің істеген іс-әрекетінің және одан туындайтын зардаптың, яғни оның қоғамға қауіпті мәнін сезінуі немесе сезінуге мүмкіндігі болуы кінәнің, әлеуметтік мазмұнын құрайды. Сезіну және еріктілік - психикалық, көзқарастарды құрайтын элементтер болып табылады. Сезіну (интеллектуалды кезең) және ерік (еріктілік кезең) өзара жиналып кінәнің мазмұнын құрайды. Сонымен, кінәнің өзі екі түрлі — сезіну және еріктілік кезендері арқылы сипатталады.

Интеллектуалдық және еріктілік кезендерінің әр түрлі өзара қатынасы кінәнің нысандарын түрлерін анықтауға мүмкіндік туғызады. Қылмыстық кодексте кінәнің нысандарының екі түрі — қасақаналық, және абайсыздық түрі көрсетілген.

3. Қылмыстық, заңда және сот-тергеу практикасында ең көп кездесетін кінәнің нысаны қасақаналық болып табылады. Қасақаналықтың ұғымы негізінен екі түрлі элементтен — интеллектуалдық және еріктілік кезеңнен құралады. Өзінің әрекетінің, немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті мәнін сезіну және сана-сезім арқылы өтетін оның қоғамға зиянды зардабын болжау қасақаналықтың интеллектуалдық (сезім) кезеңін құрайды. Зардаптың болуын тілеу немесе оның тууына саналы түрде жол беру еріктілік кезеңі деп аталады. Істелетін іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін сезіну қасақаналықтың қажетті элементі болып табылады, мұндай элементтің болмауының өзі кінәліліктің болмағандығын дәлелдейді.

Іс-әрекеттің қоғамға қауіпті мәнін сезіну деп сол әрекет немесе әрекетсіздіктен тікелей туындайтын зардаптың мәнісін және мазмұнын түсінуді айтамыз.

20-бап. Қасақана жасалған қылмыстық құқық бұзушылық

1. Тікелей немесе жанама пиғылмен жасалған іс-әрекет қасақана жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

2. Егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынған болса, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігін немесе болмай қоймайтынын алдын ала болжап білген болса және осы зардаптардың туындауын қалаған болса, қылмыстық құқық бұзушылық тікелей пиғылмен жасалған деп танылады.

3. Егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынған болса, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігін алдын ала болжап білген болса, осы зардаптардың орын алуын қаламаса да, оларға саналы түрде жол берсе не оларға немқұрайлы қараса, қылмыстық құқық бұзушылық жанама пиғылмен жасалған деп танылады.

4. Орта есеппен әрбір оныншы қылмыстық құқық бұзушылық абайсыздықпен істеледі: осыған орай оның зияндылығы немесе басқадай теріс әсері жоқ деп санауға болмайды. Кейбір жағдайларда абайсыздықпен істелген қылмыстардан келетін зардаптардың жүгі ауыр, тауқыметі аз болмайды. Техниканың, тұрмыстық химияның, көліктің, әр түрінің дамуының, экология саласындағы жол берілетін ұқыпсыздық салдарынан болатын абайсыздық қылмыстары туралы жауаптылық мәселесі қазіргі уақытта ең көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр.

Абайсыздықпен істелетін қылмыс негізінен жауапсыздықтан, байқаусыздықтан, өзінің кәсіптік немесе басқадай міндеттеріне немкеттілікпен, енжарлықпен қараудан, адамдардың, өмірі мен денсаулығын қорғауға жете көңіл бөлмегендіктен, сондай-ақ өзіне жүктелген кінәлі адамдардың кәсіби шеберлігінің, тәжірибесінің, білімінің жетіспеуінен немесе басқадай себептерге байланысты болады.

21-бап. Абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылық

1. Менмендікпен немесе немқұрайлылықпен жасалған іс-әрекет абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

2. Егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардаптар туғызу мүмкіндігін алдын ала болжап білген болса, бірақ бұған жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен бұл зардаптарды болдырмауға болады деп есептеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық менмендікпен жасалған деп танылады.

3. Егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардаптар туғызу мүмкіндігін алдын ала болжап білмеген болса, дегенмен тиісті ұқыптылық пен сақтық танытқанда, осы зардаптарды алдын ала болжап білуге тиіс және біле алатын болғанда, қылмыстық құқық бұзушылық немқұрайлылықпен жасалған деп танылады.

Егер жанама қасақаналықта кінәлі нақты зардаптың болуын біле тұра саналы жол берсе, менмендікте зиянды зардаптың болуы мүмкін екендігін ғана болжап, ондай зардап бола қалған болса тойтарылады деген жеңіл сенім орын алады. Зардап болмайды деп сенушілік әр түрлі болады. Мысалы, кінәлінің өзінің, жеке басының ептілігіне, тәжірибенің немесе басқалай табиғат күштеріне немесе басқа жағдайларға сенуден қылмыс тойтарылады,

қолайсыз оқиға болмайды деген сеніммен істеушілігі. Ал іс жүзінде қылмысты тойтаруға қабілеті жетпейді.

Менмендіктің жанама қасақаналықтан негізгі, басты айырмашылығы еріктілік элементінің, мазмұнында. Егер жанама қасақаналықта кінәлі адам қоғамға зиянды зардаптың болуына саналы түрде жол берсе, ал менмендікте зардаптың болуын тілеу, оған саналы түрде жол беру орын алмады, мұндайда субъект керісінше зардапты болғызбауға, оны тойтаруға тырысады.

Қылмысты менмендікте адамның санасы мен еркі өзінің іс-әрекеті арқылы болуы мүмкін. Теріс зардапқа немқұрайлы қарап отырмай, қайта оны тойтаруға, болдырмауға бағытталады. Заң менмендіктің еріктілік мазмұнын сипаттағанда қоғамға қауіпті зардапты тойтаруды болдырмауды есепке алып отыр. Кінәлі адам мұндай реттерде зардапты болдырмайтын, тойтаратын нақты күшке, ептілікке, тәжірибеге, шеберлікке, басқа адамның әрекетіне немесе басқа да жағдайларға сеніп отыр. Бірақ та зардап тойтарылады, болдырылмайды, оған кедергі болады, деп сенген жағдайлары жеңілтектіктен, терең ойламағандықтың, менмендіктің әсерінен сенуге тұрмайтын, түкке тұрмайтын нәрселер болып шығады. Қылмыстық заң қорғайтын объектіге немқұрайды қарауға, осындай іс-әрекеттің әсерінен қоғамдық мүддеге зиян келтіруге жол бермейді. Осыған байланысты менмендікпен қылмыс істегені үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген. Абайсыздықтың екінші түрі — немқұрайлылық болып табылады.

Егер адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын болатұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс немқұрайдылықпен жасалған қылмыс деп танылады. Осы анықтамаға байланысты өзінің іс-әрекетінің зиянды екенін түсінбеген, зиянды зардаптардың болуы мүмкін екенін болжамаған адам не үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Мұндай жағдайда адам заңның талаптарына, қоғам ережелеріне, басқа да адамдардың мүдделеріне ұқыпсыз, жауапсыз, байкамай шалағайлықпен, яғни өзінің немқұрайдылығынан өзінің іс-әрекетінен зиянды зардаптың болуы мүмкін екендігі болжауға тиісті және болжай алатын болса да болжамайды.

Бұдан қылмыстық немқұрайлылықтың екі түрлі белгімен сипатталатынын көреміз. Оның біріншісі, адам өзінің әрекетінің немесе әрекетсіздігінің зиянды зардаптарын болжауға тиіс болса, екіншісі болжай алатын болса. Қоғамға зиянды зардапты болжауға тиісті, міндетті болу немқұрайдылықтың объективтік белгісі болып табылады, ал зиянды зардапты болжай алатын болса деген сөз, немқұрайдылықтың субъективтік белгісін түзеді. Заң қылмыстық немқұрайдылықты осы екі объективтік және субъективтік белгісін біріктіру арқылы айқындайды. Немқұрайдылықта объективтік белгісінің мәні адамның өзінің іс-әрекетінен қоғамға зиянды зардаптың болуын болжауға міндеттілігі болып табылады.

22-бап. Кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық

Егер қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде заң бойынша неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын және адамның пиғылында болмаған ауыр зардаптар келтірілсе, мұндай зардаптар үшін қылмыстық жауаптылық, егер адам олардың туындау мүмкіндігін алдын ала болжап білген болса, бірақ бұған жеткілікті негіздерсіз менмендікпен оларды болдырмауға болады деп есептеген немесе егер адам бұл зардаптардың туындау мүмкіндігін алдын ала болжап білмеген, бірақ алдын ала болжап білуге тиіс және біле алатын болған жағдайларда ғана туындайды. Тұтас алғанда, мұндай қылмыстық құқық бұзушылық қасақана жасалған деп танылады.

5. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағына оның міндетті белгісі болып табылатын кінәмен бірге қылмыстың ниеті және мақсаты кіреді.

Егер Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамында ниет пен мақсат оның белгісі ретінде көрсетілсе, онда ол осы құрамның

субъективтік жағының міндетті, қажетті белгісі болып, ал басқа жағдайларда құрамның факультативті белгісі болып саналады.

Кез келген мінез-құлыққа, оның ішінде қылмыстық құқықтық мінез-құлыққа да дұрыс баға беру үшін қылмыстық ниет пен мақсатты анықтау қажет. Қылмыстық істер жүргізу кодексі іс бойынша дәлелденуге тиісті мән-жайлардың қатарына қылмыстық ниет пен мақсатты да бекерден-бекер қоспайды. Ол туралы Жоғарғы Соттың бірнеше қаулыларында арнайы көрсетілген. Осыған байланысты мақсат пен ниетті анықтап алудың қылмыстық күкылық маңызы ерекше.

Қылмыстық ниет деп белгілі бір қажеттіліктер мен мүдделердің іштей түрткі болуына байланысты адамның соларды басшылыққа ала отырып саналы түрде қылмыс істеуге бел бууын айтамыз.

Қылмыстық мақсат деп адамның қылмыс істеу арқылы болашақта белгілі бір нәтижеге жетуін айтамыз.

Сонымен, қылмыстың мақсаты қылмыстық ниетке негізделіп пайда болады екен, ал қылмыстық ниет мақсатпен бірге белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыру арқылы түпкілікті нәтижеге жетуге итермелейді.

6. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының белгісін талдағанда адамның жіберген қатесінің кінәнің нысанына және оның қылмыстық жауаптылығының шегін анықтауға тигізетін әсерін анықтаудың маңызы ерекше.

Қате дегеніміз адамның істелетін қоғамға қауіпті іс-әрекетіне байланысты факт немесе заң туралы мән-жайлары жөніндегі теріс түсінігі болып табылады.

Қылмыстық құқықтағы мұндай қате *тура* қате және *фактілік қате* болып екі түрге бөлінеді.

Заң туралы қателік деп адамның іс-әрекетінің қылмыс қатарына жататыны немесе жатпайтыны, оның саралануы, осы іс-әрекеті үшін тағайындалатын жазаның түрі, мөлшері жөніндегі теріс ұғымын айтамыз.

Мұндай ретте адам өзінің істеген іс-әрекетін қылмыстық құқық бұзушылық деп ойлайды, шындығында заңда ол қылмыстық құқық бұзушылық қатарына жатпайды. Мысалы, адам басқа біреуге байқамай абайсыздықпен жеңіл жаракат келтірді, Ол бұл әрекетін қылмыстық құқық бұзушылық деп ойлайды, бірақ та қылмыстық құқық бұзушылықтың заңда абайсыздықпен жеңіл түрде жаракат салу туралы жауаптылық көрсетілмеген. Демек, мұндай Іс-әрекетте кінә де, қылмыс та жоқ.

Фактілік қате деп адамның қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объектісі және объективтік жағының белгілері, яғни нақты жағдайлар жөніндегі теріс ұғынуын айтамыз.

Фактілік қате мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі мен заты жөніндегі қате;
2. Әрекет немесе әрекетсіздіктің мәні жөніндегі қате;
3. Себепті байланыстың өрістеуі жөніндегі қате.

Объект жөніндегі қате бірнеше жағдайда болуы мүмкін:

а) қылмыскер белгілі объектіге қол сұғатын болып ойланғанымен, ал шын мәнінде басқа объектіге зиян келтіреді. Мысалы, адам дәріханадан наркотикалық препаратты ұрлаудың орнына қателесіп, іш аурудың дәрісін ұрлайды. Бұл сияқты қателеде субъектінің жауапкершілігі қылмысты істеген кезде оның ойы неге бағытталса, соған байланысты шешіледі. Осы айтылған мысалға сәйкес кінәлінің әрекеті наркотикалық нәрсені ұрлауға оқталғаны үшін сараланады.

б) қылмыскер бір объектіге ғана қол сұғуды тілейді, ал шын мәнінде бірнеше объектіге зиян келтіреді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының түсінігі мен маңызы.
2. Қылмыстық құқықтағы кінәнің түсінігі мен маңызы.

3. Кінәнің түрлері мен ерекшеліктері.
4. Қасақаналықтың түсінігі, мағынасы, түрлері.
5. Абайсыздықтың түсінігі мен түрлері.
6. Менмендік: түсінігі интеллектуалдық және еріктілік кезеңдері.
7. Немқұрайдылық: түсінігі интеллектуалдық және еріктілік кезеңдері.
8. Кінәсіз зиян келтіру: түсінігі мен абайсыздық ерекшелігі.
9. Кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыс үшін жауаптылық.
10. Қылмыстық ниет пен мақсат.
11. Қылмыстық құқықтағы қатенің түсінігі мен маңызы.

9-тақырып. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері.

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық жауаптылық заңдылық жауаптылықтың түрі ретінде. Қылмыстық жауаптылықтың мәні. Қылмыстық құқық теориясындағы қылмыстық жауаптылық негізі.
2. Қылмыстық жауаптылық және қылмыстық-құқықтық қатынастар. Қылмыстық-құқықтық қатынастардың субъектілері.
3. Қылмыстық жауаптылықтың туындауы және оның жүзеге асырылу нысандары. Қылмыстық жауаптылықтың аяқталуы. Қылмыстық жауаптылықтан босату.

1. Мемлекет өз азаматтарынан конституцияда көрсетілген белгілі бір әлеуметтік талаптарды қатаң орындауды талап етеді, оны орындамаған ретте азаматтарға заңда көрсетілген негізде моральдық немесе құқылық жауапкершілік жүктеледі. Құқылық жауапкершіліктің ішіндегі ең қатал түрі қылмыстық жауаптылық болып саналады. Қылмыстық жауаптылық мемлекеттің заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді. Адам қылмыстық жауаптылыққа істеген іс-әрекетгерінде қылмыстық заңда көрсетілген нақтылы бір қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы болған жағдайда ғана тартылады. Мысалы: тонау, ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру, бұзақылық, т.б. Мұның өзінде қылмыстық жауаптылық оның іс-әрекеті нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамын түзейтін қылмыстық құқылық нормаларды кінәлі түрде ғана бұзғанда жүзеге асырылады.

Яғни, қылмыстық жауаптылық бұл қылмыстық құқылық норманы бұзудың нәтижесі, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің көрінісі болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылық істелмесе қылмыстық жауаптылық та болмайды. Қылмыстық заң бойынша жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық тек қана қылмыстық құқық бұзушылық істеу арқылы келтірілген зиянның көлеміне, қылмыстық құқық бұзушылық жасау тәсіліне, кінәнің нысанына, қылмыскердің тұлғасының ерекшеліктерін еске ала отырып жүзеге асырылады.

Қылмыстық жауаптылық өзіне тән ерекшелігімен оқшауланған құқылық жауапкершіліктің бір түрі болып табылады. Қылмыстық жауаптылық — өзінің нысаны, мазмұны жағынан мемлекеттік күштеу мәні бар жауаптылықтың түрі. Өйткені мемлекет кез келген қылмысқа тиісінше баға бере отырып, оны істеген адамға мемлекет тарапынан заңда көрсетілген күшпен орындалуға тиісті шараларды қолдануды жүзеге асырады. Яғни, қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұнының өзі сол субъектіге қылмыстық жауаптылық жүктей отырып, мемлекет оның істеген қылмысын мінеп, оған заңдылық баға береді.

Қылмыстық жауаптылықтың мазмұны (теріс қылыққа моральдық саяси баға беріп мінеу және мемлекет, қоғам тарапынан қылмысын бетіне басу) және заңдылық (қылмыс істеген адамға қолданылатын мемлекеттік күштеу шаралары). Бұлар қылмыстық жауаптылықтың манызды, мәнді екі бөлігі болып.

Сонымен, қылмыстық жауаптылық деп — қылмыс заңы бойынша қылмыс деп белгіленген нақты іс-әрекетті істеген адамды мемлекет атынан оның тиісті органдары

арқылы мінеушілігін (айыптаушылығын) айтамыз. Қылмыстық жауаптылық-қылмыстық құқылық қатынас мәселесімен тығыз байланысты. Бұл байланыс екі жақты көрініс арқылы белгіленеді. Біріншіден, қылмыстық құқылық қатынас қылмыстық жауаптылық сияқты істелген қылмыстың құқылық зардабы.

Яғни, нақты қылмыс жасалмаса қылмыстық жауаптылықта, қылмыстық құқылық қатынас та жоқ. Екіншіден, нақты қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақыттан бастап қылмыстық жауаптылық, ал мұнымен бірге бір мезетте істелген қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарынан қылмыстық құбылыс, яғни қылмыстық құқылық қатынас пайда болады. Бұл жерде істелген қылмыстық құқық бұзушылық заңдылық факт болып табылады. Тараптардың арасында қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісімен (қылмыс жасаған адаммен) мемлекеттің атынан өкілділік алған органдардың арасында тиісінше құқылық қатынастар пайда болады. Қылмыстық-құқылық қатынас бір жағынан мемлекет атынан әділ соттылықты жүзеге асыратын анықтама, тергеу, прокуратура, сот органдарымен, екінші жағынан қылмыс істеген субъектінің (қылмыскердің) арасындағы қатынас болып табылады. Бұл қатынастар материалдық мазмұнға ие болады.

Олар істеген қылмыстық құқық бұзушылықтың фактісіне қатысты: істелген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы қандай, кінәнің нысаны, дәрежесі, қылмыскердің тұлғасы, біткен немесе бітпеген қылмыстық құқық бұзушылық па? Мұнда қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу немесе қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылық болды ма және т.б. Сондай-ақ жазаны тағайындау немесе жазаны өзгерту шарттары, жазадан босату сияқты мәселелерге байланысты болады. Қылмыстық құқықтық қатынас іс жүргізу құқылық қатынастармен тығыз байланысты. Өйткені, қылмыстық құқылық қатынас қылмыстық құқық бұзушылық істеу фактісіне байланысты болады. Істелген қылмыстық құқық бұзушылық бойынша оны қозғау, тергеу, сотта қарау мәселелері қылмыстық іс жүргізу құқылық қатынастар арқылы дамып, жүзеге асырылады. Бұл қатынастар субъектімен (қылмыс істеген адам) мемлекеттің оның уәкілдігін жүзеге асыратын органдар арасында іске асырылады. Қылмыстық құқықтық қатынастар субъектілері заң бойынша айрықша құқықтар мен міндеттерге ие болады. Қылмыскер қылмыстық құқықтық қатынастың объектісі болып табылады. Мемлекет қылмыскерді жазалай отырып, басқаларды қылмыс істеуден сақтандырады және сотталған адамды түзеу мақсатын жүзеге асырады. Мемлекеттің осы функциясын атқару кезінде қылмыскер де мемлекетке өз көзқарасын білдіретін қатынастың субъектісі ретінде көрінеді. Мұндай жағдайда мемлекет осындай қатынастың объектісі болып қалады. Яғни, субъект және объект салыстырмалы түсініктер, сондықтан да олар сөз жоқ өзара орын ауыстырулары мүмкін. Қылмыстық құқықтық қатынастың пайда болуын қылмыстық жауаптылықтың жүзеге асырылуы деп түсінуге болмайды. Тек соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін ғана қылмыстық жауаптылық жүзеге асырылады. Сот айыптыны кінәлі деп тани отырып, қылмыскер мен мемлекет арасында кінәлінің қылмыс жасаған уақытынан бастап қылмыстық-құқықтық қатынастың орын алғандығын бекітеді. Қылмыстық құқықтық қатынас мемлекеттің жаза жөніндегі құқығы мен қылмыскердің тиісінше қылмыстың жауаптылығын көтеру міндеттілігімен ғана шектеліп қоймайды. Қылмыскер тиісті өкімет органының күштеуі арқылы ықпал ететін объектісі ғана емес, белгілі бір құқықтардың субъектісі де. Өйткені жазалау шаралары оған оның жасаған қылмысының табиғатына, осы қылмысқа заңда белгіленген жазаға, яғни санкцияға, Қылмыстық кодекстің Жалпы бөліміндегі жаза тағайындау туралы ережелерге сай жүзеге асырылады. Сондықтан да қылмыстық құқылық қатынас мемлекеттің қылмыскер жөніндегі құқығын белгілеп қана қоймайды, сонымен бірге әділ соттылықты жүзеге асыруда заңдылықтың кепілі ретінде де көрінеді.

2. Адамның қылмыстық жауаптылығы оған сот тағайындаған жазаны өтеумен жүзеге асырылады. Яғни, оның жүзеге асырылуы жаза өтеліп болған соң жойылады. Бірақ та қылмыстық жауаптылық барлық уақытта да жазаны өтеу ретінде жүзеге асырылмайды. Мысалы, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам анықталмады делік. Мұндай ретте

қылмыстық, құқықтық қатынас (қылмыс істеген адам мен мемлекет арасындағы) жүзеге аспайды. Бұған мысал ретінде латентті қылмыстарды қосуға болады. Қылмыс жасаған кінәлі адам, егер де ол ауыр қылмыс жасаумен байланысты болса, қылмыстық жауаптылыққа және жазаға тартылады. Бірақ та қолданылып жүрген қылмыстық жазаға сәйкес барлық уақытта да қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға жаза тағайындалуы міндетті емес. Мысалы: Қылмыстық кодекстің 70-бабының 1-2-бөліктерінде: «Қылмыс белгілері бар әрекет жасаған адамды, егер сот істі қараған кезде жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған әрекет қоғамға қауіпті емес деп танылса, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамды, егер ол адамның одан кейінгі мүлтіксіз мінез-кұлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта ол қоғамға қауіпті деп есептеле алмайтындығы белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін» делінген. Осы бапта қылмыстық жауаптылықтан босату негізі көрсетілген.

3. Қылмыстық жауаптылықтың негізін дұрыс анықтау құқық қолдану органдары қызметінің заңдылықты қатаң сақтауының кепілі болып табылады. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауаптылықтың негізі болып қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекетті істеу болып табылады (4-бап). Яғни, бұл деген қылмыстық жауапқа және жазаға тек қана қылмыс істегенге, яғни қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді қасақана немесе абайсыздықтан істегенге айыпты адамға ғана тағайындалатынын көрсетеді. Демек, қылмыстық жауаптылық негізі іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болуы болып табылады. Қылмыстық заң қылмыстық құқық бұзушылық құрамы деген терминнің мазмұнын ашып көрсетпейді. Бұл мәселе қылмыстық құқық теориясында ғана ашып көрсетіледі. Адамның (қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің) қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді (қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы) кінәлі түрде қасақана немесе абайсыздықпен істеуі (қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы) қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі болып табылатын қылмыстық заң қорғайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығы Қылмыстық кодекстің 2-бабында көрсетілген. Сонымен, қылмыстық жауаптылықтың негізі болып қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болатынын білдік. Іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ең кем дегенде бір белгісі жоқ болса ол адамды қылмыстық жауаптылыққа тартатын негіз жоқ.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі.
2. Қылмыстық жауаптылықтың басқа құқықтық жауаптылықтардан айырмашылығы.
3. Қылмыстық жауаптылықтың негізі.

10-тақырып. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары.

Негізгі сұрақтар

1. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатыларының ұғымы және түрлері.
2. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының құрылысы және қылмыстық құқық бұзушылық аяқталуының мезеті.
3. Аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылық (алдын ала қылмыстық қызмет). Қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындалу және оның белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылыққа оқталудың ұғымы және белгілері. Оқталудың қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындалу мен аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтан айырмашылығы. Оқталудың түрлері.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан өз еркімен бас тарту және оның белгілері.

1. Қылмыстық құқық бұзушылық істеу сатылары деп қасақана істелетін қылмысқа дайындалу, оқталудан біткенге дейінгі өтетін кезендерін айтамыз. Қасақаналықпен істелетін

қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше саты болады. Олар: қылмыстық құқық бұзушылық істеуге дайындалу, қылмыс істеуге оқталу және қылмысты аяқтау.

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылық істеу үшін адам өзін соған итермелейтін қоғамға зиянды мүдделерді, қажеттіліктерді, зұлымдық пиғылдарды басшылыққа алады. Яғни, адам қылмыс істеу үшін ең алдымен өзінің психологиялық ой ниетін қалыптастырады. Бұл адамның ішкі сезімін, ойын, ниетін білдіреді. Бірақ, осы сезім, ой-ниет адамның нақты мінез-құлқы, кимылы, әрекеті арқылы сырттай көрініс бермеуі де мүмкін. Сондықтан да адамның мұндай сыртқа шықпаған ішкі жан-дүниесінің белгілі бір іс-әрекет арқылы сырттай көрініс бермеуін қылмыс қатарына жатқызуға болмайды. Яғни, мұндай психологиялық сана-сезім, жалаң ой, қиял, қылмыстық құқық нормасынан тысқары болады, ол үшін қылмыстық Жауаптылық жоқ.

Сондықтан да сөз жүзінде жай айтылған, түсінде көрген, қияли пиғылдар қылмыс деп саналмайды. Өйткені, мұндай жалаң ойдан, қасақаналық ниеттен қылмыстық заң қорғайтын объектіге ешқандай зиян келмейді және зиян келтірілу қаупі болуы да мүмкін емес. Сондықтан да қылмыстық ойдың болуы қылмыс істеу сатысына жатпайды. Өйткені, ондай ой, ниет нақты іс-әрекет арқылы сыртқа шықпай іште қалады, сондықтан да қылмыс сатысына жатпайды. Қылмыстық ой, ниетті табуды қорқыту арқылы ауыр қылмыс жасаумен шатастыруға болмайды. Қылмыстық заңда қорқыту арқылы жасалған бірнеше біткен қылмыстардың құрамы көрсетілген. Мысалы, өлтіремін деп қорқыту, куәні, жәбірленушіні, сарапшыны, аудармашыны қорқыту.

24-бап. Қылмысқа дайындалу және қылмысқа оқталу

1. Тікелей пиғылмен жасалған, қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа сыбайлас қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл ретте қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген болса, қылмысқа дайындалу деп танылады.

2. Ауыр немесе аса ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайды.

3. Қылмыс жасауға тура бағытталған, тікелей пиғылмен жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), егер бұл ретте қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген болса, қылмысқа оқталу деп танылады.

4. Ауырлығы орташа қылмысқа, ауыр немесе аса ауыр қылмысқа оқталғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайды.

5. Қылмысқа дайындалғаны және қылмысқа оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылық ҚҚ-тің аяқталған қылмысқа арналған бабы бойынша, осы баптың тиісті бөлігіне сілтеме жасала отырып туындайды.

Мысалы, кісіні өлтіру үшін у дәрі дайындайды, мылтық сатып алады, жоспар жасап қылмыс жасайтын жерді, жағдайды анықтайды, қылмысқа қатысушыларды іздестіреді. Жәбірленушінің келу-кету жолдарын анықтап ізіне түседі, т. б. әрекеттер. Осындай жағдайларды жасағаннан кейін қылмыстың субъектісі қылмыс жасаудың екінші сатысы қылмыс істеуге оқталу сатысына көшеді, яғни қылмыстық құқық бұзушылық құрамын орындауға тікелей бағыттаған Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі жеке құрамдарда көрсетілген іс-әрекеттерді істейді.

Қылмыс істеуге даярланғандық және оқталғандық қылмыс істедің бастапқы, алдын ала сатысы болып табылады. Осы екі сатыға да тән белгілер: қылмысты мінез-құлықтың аяғына дейін жеткізілмеуі, субъективтік жағынан осы екі сатыдағы қылмыстардың тікелей қасақаналықпен істелуі. Қылмыстың субъектісінің ырқынан тыс жағдайларға байланысты ақырына дейін жеткізілмеуі болып табылады. Қылмыстың осы екі сатысы, яғни қылмысқа даярланғандық және қылмысқа оқталғандық-абайсызда жасайтын қылмыстарда, зардапсыз (формальдық) құрамдағы, сондай-ақ жанама қасақаналықпен жасалатын қылмыстарда орын алуы мүмкін емес. Егер кінәлі адам қылмыстық заңның, Ерекше бөліміндегі жеке құрамдардың барлық белгілерін істесе, онда оның әрекеті біткен қылмыс деп бағаланады.

2. Аяқталған қылмыс. Егер адам жасаған іс-әрекетте ҚК-тің Ерекше бөлігінде көзделген құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері болса, қылмыстық құқық бұзушылық аяқталған деп танылады (25-бап). Қылмыстық заңның керсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ерекшеліктеріне байланысты аяқталған қылмыс бір түрлі емес, әр түрлі болуы мүмкін, оның әр түрлі болуы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының құрылысының, түрліше болуына тікелей байланысты болады. Осыған байланысты қайсыбір қылмыстың аяқталуы қылмыстың объектісіне зиян келтіруге байланысты болып, ал басқа бір қылмыстың аяқталуы сол қылмыстың объектісіне зиян келтіру қаупін туғызған жағдайда-ақ жүзеге асады. Қылмыстық заң осы аталған жағдайлардың орын алған уақытынан бастап қылмыстық құқық бұзушылық құрамының аяқталғанын білдіреді. Сол себепті де қылмыстың аяқталуы барлық уақытта да белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамының ерекшелігімен тығыз байланысты болады.

3. Тікелей пиғылмен жасалған, қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа сыбайлас қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл ретте қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген болса, қылмысқа дайындалу деп танылады (24-бап, 1-бөлігі).

Сонымен, қылмыс істеуге дайындалу мынадай белгілермен сипатталады:

1) дайындық іс-әрекеттерін жасау;

2) қылмысты тек тікелей қасақаналықпен істеу;

3) оның қылмыстық құқық бұзушылық құрамын толық орындауға дейін үзіліп қалуы;

4) қылмыс адамның еркінен тыс жағдайларға байланысты істелмеуі. Дайындық әрекеттері көп жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағының белгілерін қамтамасыз етумен тікелей байланысты болады. Өзінің объективтік белгілеріне сәйкес қылмыс істеуге дайындық адамның мынадай үш түрлі әрекеттері арқылы жүзеге асырылады: қылмыс істеу үшін құралдар немесе қарулар іздестіру я лайықтау немесе қасақана бір жағдайлар туғызу.

Қылмыс істеу үшін құралдар мен қару-аспаптар іздестіру дегеніміз кез келген тәсілмен заңды немесе заңсыз жолмен осы заттарды алуды айтамыз.

Қылмыс істеу қару-аспаптары болып қылмыс істеуге қолданылатын кез келген заттар саналады. Оған атылатын немесе суық, қарудың барлық түрлері қолдан жасалған фин пышағы, сондай-ақ әр түрлі тесіп-кесетін нәрселер жатады. Қылмыс құралдарына қылмыс істеуге әдейі бейімделіп пайдаланылатын таяқ, үшкір тас, бөтелке сынығы, балта, балға, бұрғы, шеге суырғыш, бұрауыш сияқты заттар да жатады. Мысалы, адам қолдануға қолайлы үшкір тасты денеге жаракат келтіруге немесе автокөліктің әйнегін сындырып, ішіндегі заттарын ұрлауға пайдалануы мүмкін. Кінәлі адам шеге шығарғышты, бұрауышты немесе қашауды бөтен біреудің үй-жайының есігін бұзып, мүлкін ұрлау үшін дайындауы мүмкін. Қылмыс істеу құралына қылмысты істеуге жеңілдік туғызатын заттар жатады. Бұлар мысалы, әскер міндетін өтеуден жалтару немесе контрабандамен айналысу үшін жалған құжат дайындау, адамды өлтіру үшін у дәріні немесе қатты әсер ететін зәрлі нәрселерді қолдану, ұрланған заттарды, қылмысты топтың мүшелерін тасуға пайдаланылатын көлік құралдары жатады. Егер автокөлік, трактор, басқа да техника түрлері қоймаларды бұзуға, кедергілерді таптап өтуге пайдаланылса, онда ол қылмыс істеудің құралы емес, қылмыс істеудің қаруы ретінде есептеледі. Құралдар мен қару аспаптарын лайықтау деп қылмыс істеуге пайдаланылатын заттарды қайта өңдеу, түрін өзгерту, қайта жасауды айтамыз. Мысалы, бөтеннің мүлкін ұрлауға пайдалану үшін бірнеше кілтті, қолдан қайта өңдеу, қолдан тапанша, пышақ, жалған құжат жасап, оны қылмыс істеуге, қылмыстың ізін жасыруға пайдалануға әзірлеу және т. б. әрекеттер.

Қылмысқа қатысушыларды іздестіру деп әр түрлі тәсілдермен уәде беріп қорқыту, бопсалау жолымен болашақта істелетін қылмысқа бірге қатысушыларды табу, алу болып

табылады. Қылмыс жасауға сөз байласу деп екі немесе одан да көп адамдармен нақты қылмысты істеу жөнінде күні бұрын уағдаластыққа кол жеткізу болып табылады. Қылмыс істеу үшін қасақана басқа бір жағдайлар туғызу деп құралдар мен қару-аспаптарды дайындаудан басқа қылмыс істеуге бағытталған кез келген әрекеттерді айтамыз. Бұған жататындар; ұрлық, істеу үшін қылмысты топқа мүше Іздестіру, болашақ қылмыстың жоспарын жасау. Қылмыс Істелетін объектілердің, жүйесін зерттеу, қоймаларға жасырын кіру үшін дыбыс беретін құралдарды күні бұрын жою, пәтерге түсу үшін үй иелерінің келіп-кету мерзімін болжау сияқты әрекеттер жатады.

Субъективтік жағынан дайындық әрекетін әр уақытта да тікелей, нақты қасақаналықпен, қасақана қылмыс Істеуге жағдайлар туғызады. Тікелей қасақаналықсыз жағдайлардың өзін жасау мүмкін емес. Кінәлінің ырқынан тыс жағдайларға байланысты іс-әрекетінің үзіліп қалуы деген белгі де қылмыстың тек қана тікелей қасақаналықпен жасалатынын көрсетеді. Яғни, бұл тұрғыдағы қылмысты абайсыздықпен немесе жанама, нақтыланбаған қасақаналықпен жасауға мүлде болмайды, мұндай жағдайда қылмыстан туатын зардап объективтік және субъективтік жағынан алғанда сөзсіз емес, жорамал күйінде болады. Қылмысты істеуге дайындық сатысының негізгі бағыты сол, ол жоспарлаған қылмыс нәтижесінің сөзсіз болуын қамтамасыз ету болып табылады. Қылмысқа дайындалудың зияндышығы сол, қылмыстың, субъектісі қылмыс істеуге бар жағдайларды жасай отырып, өзінің, ырқынан тыс жағдайларға қылмысты жасай алмайды. Кінәлінің, ырқына байланысты емес жағдайлармен дайындық сатысының үзіліп қалуы объективтік немесе субъективтік мән-жайларға байланысты орын алуы мүмкін. Мысалы, дайындық сатысында басқа біреуді өлтіру үшін сатып алынған аңшылық мылтығын милиция қызметкерінің алып қоюы немесе ұрлық жасау үшін пайдаланылатын қойма кілтін жасауға әрекеттенгенімен оны жасай алмай қоюы, т. б. Мысалы, ағайынды С. және К. кершісінің пәтеріне түсу үшін қажетті саймандарды әзірлеп қойған кезде, сол пәтердің алдына басқа көршілер жиі-налып өзара кездесіп қалып, ұзақ уақыт отырып шахмат ойнайды. Бұл ағайындылардың, қылмыс істеуге мүмкіндігін жоймаған-нымен, оны жүзеге асыруға кедергі келтірді. Бұл, сөз жоқ, ұрлық жасауға кінәлілердің арақатынас жағдайларға байланысты жол берілмей үзіліс жасалады.

Қылмысқа дайындықтың, адам ойының қалыптасуынан айырмашылығы мынадай: адам ойының қалыптасуы — қылмыстың психологиялық сыртқы, объективтік көрініс бермеген сатысы, қылмысқа дайындық — әр уақытта қасақана қылмыс жасауға бір жағдайлар туғызатын нақты іс-әрекет. Адамның ойын, яғни өзінің ойын қылмыс жасау туралы мінез білдіруі қылмыс сатысы болмайды, өйткені ол қылмыс жасауға өзінің пікірін айтқанымен, қылмыс істеуге бағытталған әрекет жасамайды.

Қылмысқа дайындалу әр уақытта да іс-әрекет арқылы қылмыс жасауға қолайлы жағдайлар жасайды, онсыз қылмыстың орындалуы мүмкін болмайды. Қылмыс істеуге дайындықтың қылмысқа оқталудан айырмашылығы бар. Қылмысқа дайындықта белгілі бір нақты қылмыс құрамын жасауға мүмкіндік жағдайлар жасалады, ал қылмысқа оқталуда ол мүмкіндіктер жүзеге асырылады.

Субъект өзінің дайындық әрекеттеріне тыйым салғанға дейін, басқа қылмыстың құрамын орындап үлгеруге, оның әрекеті қылмыстың жиынтығы бойынша — тиісті қылмысқа дайындалғандық және басқа біткен қылмысты жасағаны үшін сараланады.

Қылмыс жасауға тура бағытталған, тікелей ниетпен жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), егер бұл ретте қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген болса, қылмысқа оқталу деп танылады (24-бап 3-бөлік).

Істеуге оқталғанда, қылмыс субъектісі қылмыс құрамын орындауға тікелей кіріседі және қылмыстық құқылық норма диспозициясының объективтік жағында көрсетілген элементтерін орындайды. Мысалы, кісіні өлтіруде оған қарай мылтық атады, ұрлық жасағанда есікті бұзып тұрғын жайға кіреді, көлік құралын айдап әкетуде көлікті қозғалысқа келтіру әрекетін жасайды және тағы басқа әрекеттер. Қылмысқа оқталғандағы іс-әрекет қылмыстың зардабын туғызатын себептің көрінісін білдіреді. Егер ол іс-әрекет үзіліп қалмаса, онда қылмыс зардабының болуы сөзсіз болар еді.

Қылмыс істеуге оқталудың екінші белгісі - субъективтік белгісі болып табылады. Қылмыс істеуге оқталғандық тек тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады. Бұл туралы қылмыстық заңның өзінде қылмыс істеу үшін тікелей бағытталып, істелген әрекет немесе әрекетсіздік деп тура көрсетіліп отыр. Заңдағы тікелей бағытталған деген сөздің өзі осы тұрғыда қылмыстың тек қана тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылатындығын білдіреді. Мысалы, кісіні қасақана өлтіру жөніндегі сот тәжірибесі туралы Жоғарғы Сот қаулысында кісіні өлтіруге оқталу тек қана тікелей қасақаналықпен жүзеге асырылады, өйткені мұндай жағдайда кінәлі адам өзінің әрекетінің зиянды екенін біле тұра, оның зиянды зардаптарын болжай тұра, бұл зардаптардың болуын тілеп істейді.

Қылмыс істеуге оқталғандық әрекетсіздік арқылы да жүзеге асырылады. Мысалы, анасының өз нәрестесінен құтылу үшін, емшек бермей, өлтіруге бағытталған әрекетсіздігі. Қылмыс істеуге оқталу жанама қасақаналықпен жүзеге асырылмайды.

Қылмыс істеуге оқталғандықтың үшінші белгісі — істеуге бағытталған қылмыстың ақырына дейін жеткізілмеуі болып табылады. Яғни, қылмыстық құқық бұзушылық құрамын орындау сатысында қылмысты әрекет амалсыздан үзіледі. Бұл жерде қылмыс істеуге оқталғандықтың белгісі қылмыстың аяқталмай қалуы, бітпеуі болып отыр. Бұл белгі аяқталған қылмысты қылмыс істеуге оқталғандықтан айырудың басты белгісі болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыс істеуге оқталу жарамсыз объектіге, затқа немесе жарамсыз құралмен оқталу деп екі түрге бөлінеді. Жарамсыз объектіге немесе затқа оқталу деп оған кінәлі қаншалықты әрекет істегенімен жәбірленушінің, қылмыстың объектісінің немесе затының өзіндік ерекше өзгешеліктеріне байланысты оған зиян келтіру мүмкіндігінің мүлдем болмайтындығын айтамыз. Мысалы: кінәлі тірі адам екен деп өлген адамның басын балтамен шауып, ақша екен деп жәбірленушінің, қалтасынан бір бума қатталған қағаз ұрлайды.

4. 26-бап. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту

Адамның дайындалу әрекеттерін тоқтатуы не осы іс-әрекетті жасауға тікелей бағытталған әрекеттерді (әрекетсіздікті) тоқтатуы, егер адам оны ақырына дейін жеткізу мүмкіндігін ұғынған болса, қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту деп танылады. Егер адам осы іс-әрекетті ақырына дейін жеткізуден өз еркімен және біржолата бас тартса, ол осы қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылыққа жатпайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартқан адам, егер оның іс жүзінде жасаған іс-әрекетінде өзге қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болған жағдайда ғана, қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықты ұйымдастырушы және оған айдап салушы мемлекеттік органдарға хабарлауымен немесе өзге де қолданылған шараларымен орындаушының осы құқық бұзушылықты ақырына дейін жеткізуіне жол бермесе, бұл адамдар қылмыстық жауаптылыққа жатпайды. Егер орындаушы қылмыстық құқық бұзушылықты аяқтағанға дейін оған күні бұрын уәде берген жәрдемінен бас тартса немесе көрсетілген көмектің салдарын жойса, көмектесуші қылмыстық жауаптылыққа жатпайды.

Егер ұйымдастырушының немесе айдап салушының осы көрсетілген әрекеттері қылмыстық құқық бұзушылықты болдырмауға әкеп соқпаса, онда олардың қолданған шараларын сот жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жайлар деп тануы мүмкін.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық істеу сатыларының түсінігін ашыңыз.
2. Қылмысқа дайындалу. Қылмысқа оқталу. Қылмысты аяқтау сатыларын анықтаңыз.
3. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық және аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылық. Қылмыстық құқық бұзушылықты аяғына дейін жеткізуден өз еркімен бас тарту шарттары қандай?

11-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу.

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу ұғымы. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудағы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жоғарғы қоғамдық қауіптілігі. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың объективтік және субъективтік белгілері.

2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу нысандары, өлшемдері олардың топтастырылуы. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу нысандарының заңдылық мінездемесі.

3. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың қылмыстық заң бойынша түрлері, олардың заңдылық мінездемесі.

4. Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негізі және шегі.

5. Қатысушылардың әрекеттерінің саралануы және олардың жауаптылықтары мен жазаларының жекешелендірілуі. Орындаушының шектен шығушылығы.

6. Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасу ұғымы, оның нысандары және қылмысқа қатысудан айырмашылығы. Қылмыстық құқық бұзушылыққа туралы хабарламау және қылмысты жасыру үшін қылмыстық жауаптылықтың шарты мен шегі.

1. 27-бап. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу ұғымы

Екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қасақана бірлесе қатысуы қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу деп танылады.

Сондай-ақ бұл адамдардың жауаптылығының негізі мен шегін, олардың әрқайсысының бірлесіп қылмыс істеудегі кінәсінің мәні мен дәрежесіне қарай салыстыру, әрбір қылмыскердің жеке тұлғасының ерекшеліктерін анықтаудың маңызы зор. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу институты ғана осы мәселелерді анықтауға толық мүмкіндік туғызады.

Жаңа қылмыстық заңда қылмыстық құқық бұзушылыққа бірлесіп қатысудың ұғымы, оған қатысушылардың (орындаушылар, ұйымдастырушылар, айдап салушылар мен көмектесушілер) жекелеген іс-әрекетін сипаттайтын белгілер және оларға жаза тағайындаудың негізгі қағидалары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу нысандарының анықтамасы берілген (ҚК-тің 27, 28, 29, 30-31-баптары).

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу қылмыстық құқық бойынша қылмыс істеудің ерекше нысаны ретінде қарастырылады. өйткені жеке дара қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қарағанда қылмыстық құқық бұзушылықты осы нысанда істеудің қауіптілік дәрежесі және келтіретін залалы да зор. Бірнеше адамның күш біріктіріп бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты істеуі олардың — қатысушылардың — өзара бірін-бірі қолдауы, қылмыс істеуді жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен бірге қылмыстық заң қорғайтын қоғамдық қатынастарға үлкен қауіп келтіреді немесе соны келтіру қаупін туғызады. Қылмыстық құқық бұзушылық істеуді осылай жүзеге асыру қылмысты іс-әрекеттің өзін жоюға, қайсыбір жағдайларда бір адамның қолынан келмейтін қылмысты істеуді дайындауға немесе жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кептеген ауыр қылмыстарды атап айтқанда, бөтен біреудің мүлкін өте көп мөлшерде талан-таражға салу, валюталық операциялар жөніндегі ережелерді бұзу, паракорлық, әйел зорлау, кісі өлтіру сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтар бірлесіп істеу арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық істеудің ерекше нысаны болып табылатын қылмысқа қатысудың өзіндік объективтік және субъективтік белгілері бар. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың объективтік жағының бір белгісі бір қылмыстық құқық бұзушылыққа екі немесе одан да көп адамдардың қатысуы болып табылады. Бұл жерде қатысушылардың бәрінің есі дұрыс, қылмыстық заң бойынша жауап беретін жасқа толған болуы қажет. Есі дұрыс емес адамды немесе қылмыстық жауап беру жасына толмаған жасөспірімдерді қылмыстық құқық бұзушылық істеуге пайдалану қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың құралдары болып саналады, сол себептен ол қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу болып саналмайды.

28-бап. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлері

1. Ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші орындаушымен бірге қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылар деп танылады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей жасаған не оны жасауға басқа адамдармен (бірге орындаушылармен) бірлесіп тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе ҚК-те көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты іс-әрекетті абайсызда жасаған адамдарды пайдалану арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам орындаушы деп танылады.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам, сол сияқты қылмыстық топты құрған не оған басшылық еткен адам ұйымдастырушы деп танылады.

4. Басқа адамды азғыру, параға сатып алу, қорқыту жолымен немесе басқа да тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады.

5. Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, осы іс-әрекетті жасайтын қару немесе құралдар беруімен не оны жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ орындаушыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруын немесе өзге де құралдарын, осы іс-әрекеттің ізін не құқыққа қарсы жолмен қол жеткізілген заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды иемденуге немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың нысандары және түрлері туралы мәселені анықтау қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың субъективтік байланыстарының сипаты мен дәрежесіне, олардың әрекеттерінің өзара келісушілігінің дәрежесіне, қатысушылардың өзара объективтік байланыстарының мәніне, қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың өзара әрекеттестігінің тәсіліне және қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының құрылу ерекшеліктеріне байланысты шешіледі. Қылмыстық құқық бұзушылық қатысушылардың әрекеттерінің келісушілік дәрежесіне байланысты қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу екі түрлі нысанға алдын ала келіспей қылмысқа қатысу және алдын ала келісіп қылмысқа қатысу болып бөлінеді.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі немесе одан да көп орындаушы алдын ала сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

Егер қылмыстық құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

Қылмыстық құқық теориясы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың түрлерін де бөліп көрсеткен.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың түрлері қылмыс істеуге қатысқан жекелеген қатысушылардың қылмыстық құқық бұзушылық істеуге қатысуының дәрежесі мен сипатына байланысты қоса орындаушылық және тар мағынадағы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы болып екі түрге бөлінеді.

Бірнеше адамның қылмысты бірге топ болып істеуін қоса орындаушылық деп атаймыз. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың бұл түрі бойынша қылмыс істеуге қатысқандардың барлығы да сол істеген қылмыстың объективтік жағының белгілерін басынан аяғына дейін немесе жекелеген қатысушылардың қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының бір бөлігін орындауға ғана қатысуын айтамыз. Мұндай ретте қылмыстық құқық бұзушылықтың зардабы қылмыстық құқық бұзушылықты қоса орындаушылардың ортақ әрекетінің жиынтығының нәтижесі болуда.

Тар мағынадағы қатысушылықта орындаушы қылмыс істеуге ұйымдастырушының: айдап салушының немесе көмектесушінің қатысуын білмеуі де мүмкін. Ал қоса орындаушылықта

қылмысқа қатысушылардың барлығының бір-бірінің өзара әрекеті жөнінде хабардар болуы және қатысушылардың қылмысты бірге тікелей істейтінін білуі қажет.

28-бап. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлері

1. Ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші орындаушымен бірге қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылар деп танылады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей жасаған не оны жасауға басқа адамдармен (бірге орындаушылармен) бірлесіп тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе ҚК-те көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты іс-әрекетті абайсызда жасаған адамдарды пайдалану арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам орындаушы деп танылады.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам, сол сияқты қылмыстық топты құрған не оған басшылық еткен адам ұйымдастырушы деп танылады.

4. Басқа адамды азғыру, параға сатып алу, қорқыту жолымен немесе басқа да тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады.

5. Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, осы іс-әрекетті жасайтын қару немесе құралдар беруімен не оны жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ орындаушыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруын немесе өзге де құралдарын, осы іс-әрекеттің ізін не құқыққа қарсы жолмен қол жеткізілген заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды иемденуге немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады.

Нысандары:

Егер қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі немесе одан да көп орындаушы алдын ала сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

Егер қылмыстық құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

Қылмыстық қоғамдастық – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты бірлесіп жасау үшін сөз байласқан екі немесе одан да көп қылмыстық ұйымның бірігуі, сол сияқты осы қылмыстық ұйымдардың кез келгенінің бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты өз бетінше жасауына жағдайлар жасау;

Қылмыстық топ – ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым;

Қылмыстық ұйым – қатысушылары ұйымдық, функционалдық және (немесе) аумақтық оқшауланған топтарға (құрылымдық бөлімшелерге) бөлінген ұйымдасқан топ.

3. 28-бап. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлері

1. Ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші орындаушымен бірге қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылар деп танылады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей жасаған не оны жасауға басқа адамдармен (бірге орындаушылармен) бірлесіп тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе ҚК-те көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты іс-әрекетті абайсызда жасаған адамдарды пайдалану арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам орындаушы деп танылады.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам, сол сияқты қылмыстық топты құрған не оған басшылық еткен адам ұйымдастырушы деп танылады.

4. Басқа адамды азғыру, параға сатып алу, қорқыту жолымен немесе басқа да тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады.

5. Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, осы іс-әрекетті жасайтын қару немесе құралдар беруімен не оны жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ орындаушыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруын немесе өзге де құралдарын, осы іс-әрекеттің ізін не құқыққа қарсы жолмен қол жеткізілген заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды иемденуге немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады.

4. 29-бап. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың жауаптылығы

1. Сыбайлас қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы олардың әрқайсысының қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға қатысу сипатымен және дәрежесімен айқындалады.

2. Бірге орындаушылар өздерінің бірлесіп жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін ҚК-тің 28-бабына сілтеме жасамай, ҚК-тің белгілі бір бабы бойынша жауап береді.

3. Ұйымдастырушының, айдап салушының және көмектесушінің жауаптылығы, олар бір мезгілде бірге орындаушылар болып табылған жағдайларды қоспағанда, жасалған іс-әрекет үшін жаза көзделетін бап бойынша, ҚК-тің 28-бабына сілтеме жасала отырып туындайды.

4. Орындаушы өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша қылмысты ақырына дейін жеткізбеген жағдайда, қалған сыбайлас қатысушылар қылмысқа дайындалуға немесе қылмысқа оқталуға сыбайласып қатысқаны үшін жауаптылықта болады. Өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша басқа адамдарды қылмыс жасауға көндіре алмаған адам да осы іс-әрекетті жасауға дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылықта болады.

5. ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында арнайы көрсетілген, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып табылмайтын, осы бапта көзделген іс-әрекетті жасауға қатысқан адам осы қылмыстық құқық бұзушылық үшін оны ұйымдастырушы, оған айдап салушы не көмектесуші ретінде қылмыстық жауаптылықта болады.

5. Қылмысқа бірге келісіп қатысушылықтың жауаптылығының арнаулы мәселелерін шешудің теориялық және практикалық маңызы зор.

Ол біріншіден, қылмыстық құқық бұзушылық қатысушының эксцесі (шектен шығушылығы) туралы мәселе. Қылмысқа қатысушының эксцесі деп адамның басқа қатысушылардың ниетімен қамтылмаған қылмысты жасауын айтамыз (30-бап). 30-бап. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушының шектен шығуы. Сыбайлас қатысушының шектен шығуы деп адамның басқа да сыбайлас қатысушылардың пиғылында болмаған қылмыстық құқық бұзушылық жасауы танылады. Оның шектен шыққаны үшін басқа сыбайлас қатысушылар қылмыстық жауаптылыққа жатпайды.

6. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасырушылық, қылмысты хабарламау және қылмысқа жолберушілік қылмыстық құқық теориясында қылмысқа жанасушылық деген ұғымды құрайды. Бұл ұғымның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудан өзгешеліктері де ерекше. Қылмыстық заңда қылмысқа жанасушылыққа өзіндік ұғым берілуі және оған кінәлі адамдарға жауаптылық белгіленуі бұл тұрғыдағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстық құқық бұзушылыққа бірге қатысудан дәлме-дәл ажыратуға, сондай-ақ, заңдылықты нығайтуға толық мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылық қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылық істеуге өздері қатыспаған адамдардың сол істелген қылмысты жасыру, істелгелі жатқан немесе істелгені анық қылмысты хабарламау туралы қасақана іс-әрекеттері немесе заң бойынша қылмысқа қарсы күрес жүргізуге міндетті адамдардың қылмысты әрекет туралы тиісті орындарға хабарламауы, я болмаса, сол әрекеттерге кедергі келтірмейтін әрекетсіздіктері деп белгіленеді.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылықтың қауіптілігі сол, мұндай іс-әрекеттер дайындалып жатқан қылмыстарға тойтарыс беруге, сондай-ақ істелген қылмыстарды ашуға, кінәлі адамдарды әшкерелеуге мүмкіндік бермейді. Қылмысқа жанасушылыққа кінәлі адамдардың зияндылығы қылмысқа бірге қатысушыларға қарағанда онша көп емес, сондықтан да қылмысқа жанасушылық үшін Кодекстің Ерекше бөлімінде арнайы көрсетілген реттерде ғана қылмыстық жауапқа тартылады.

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылықтың үш түрлі нысандары бар: күні бұрын уәде бермей жасырушылық; хабарламау; жол берушілік. Қылмыстық заң бойынша қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру үшін жауаптылық кез келген қылмыстық құқық бұзушылықты жасырғандық үшін емес, тек қана ауыр немесе аса ауыр қылмысты алдын ала уәде бермей жасырғанда ғана жүзеге асырылады. Және бұл туралы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің арнайы көрсетілген.

Объективтік жағынан осы қылмыстарды жасырушылық белсенді күйде жүзеге асырылады. Заңда жасырушылықтың нақты нысандары аталып көрсетілмеген, әдетте, ауыр немесе өте ауыр қылмыс істеген адамды жасыру, қылмыс істеуге пайдаланылған құралдар мен аспаптарды, қылмыстың ізін, қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыру арқылы іске асырылады. Жасырушылық тек қана белсенді әрекет күйінде жүзеге асырылады. Мысалы, ауыр немесе өте ауыр қылмыс жасаған қылмыскерді жасыру үшін оған қажетті жалған құжаттар беру, оның бет-бейнесін, сыртқы пішінін өзгерту, оған киетін киімін беру, олар тұратын мекен жайды жасыру сияқты белсенді әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Ауыр немесе өте ауыр қылмыс жасаған қылмыскерді жасырушылық өте сирек жағдайларда әрекетсіздік арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, кісі өлтіріп қолы қан күйде бөтен үйге келіп, тығылған қылмыскерді үй иесі көре тұра, біле тұра іздеушіге оның жасырынған жерін көрсетпеуі, сөйтіп қылмыскердің ұсталмай кетуіне көмек жасауы әрекетсіздік арқылы жүзеге асырылған жасырушылық деп табылады. Жасырушылықтың нысандарының тізбегі заңда нақты көрсетілмеген, сондықтан да оны нақты жағдайларға байланысты анықтау қажет. Субъективтік жағынан жасырушылық тек тікелей қасақаналықпен істеледі және ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған қылмыскердің өзі, қылмыстың Ізін табуға, істелген қылмысты ашуға бөгет келтіруге бағытталады.

Жасырушылықта кінәлі адамның өзінің істеген қылмысының мәнін сезінуі, білуі қылмыстық жауаптылыққа тартылу үшін негізгі шарт болып табылады. Өйткені қылмыстық заң бойынша жауаптылық кез келген қылмысты жасырушылық үшін емес, тек қана ауыр немесе аса ауыр қылмысты жасырушылық үшін ғана туындайды.

Жасырушылықта қылмыстық ниет пен мақсат әр түрлі болады және ол қылмысты саралауға әсер етпейді, бірақ жаза тағайындалғанда есепке алынады. Жасырушылардың қылмыскерлермен туыстық қатынасының, байланысының болуы жасырушыларды қылмыстық жауаптылықтан босатпайды.

Дайындалып жатқан немесе жасалғаны анық белгілі аса ауыр қылмыс туралы хабарламау қылмысты хабарламау деп саналады. Қылмыс туралы хабарламау қылмысқа бірге қатысушылыққа жатпайды, Өйткені қылмысты хабарламаған адам қылмысқа бірге қатысушылармен бірлесіп аса ауыр қылмыс жасауға ешқандай қатысы болмайды. Ол тек қана істелгелі жатқан немесе істелгені анық аса ауыр қылмысты нақты біле тұра ол туралы тиісті орындарға, лауазым адамдарына мәлімдемейді. Яғни, хабарламау объективтік жағынан алғанда сол кінәлі адамның әрекетсіздігін көрсетті. Қылмыс туралы хабарламау адамның істегелі жатқан немесе істелгенін анық білетін аса ауыр қылмысты біле тұра нақты жағдайға байланысты хабарлауға мүмкіндігі бола тұра, соны істемеуі болып табылады. Субъективтік жағынан алғанда хабарламау тек қана қасақаналықпен жүзеге асырылады. Хабар бермеуші істегелі жатқан немесе істелгені анықталса ауыр қылмысты біле тұра, оның зияндылығын сезіп, өзінің әрекетсіздігінен мүмкін болған зардаптың болуын тілеп, оған саналы түрде жол береді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың түсінігі, қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың түрлерін ашыңыз.
2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың нысандары қандай?
3. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың түсінігі мен түрлерін талдаңыз.
4. Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасудың түсінігі, түрлерін ашыңыз.
5. «Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу» және «қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасу» ұғымдарының арақатынасы.

12-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі.

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің ұғымы және белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылық көптілігінің нысандары.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше мәрте жасалуының ұғымы және белгілері. Қылмыстың бірнеше мәрте жасалды деп танылғаның шарттары.
3. Қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығының ұғымы мен белгілері. Қылмыстардың жиынтығының түрлері.
4. Қылмыстың қайталануының ұғымы мен белгілері. Қылмыстың қайталануының түрлері.

1. Бір адамның бір (жеке) немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық істеуі мүмкін.

Жеке қылмыстық құқық бұзушылық деп қылмыстық заңда көрсетілген бір әрекеттен, зардаптан, кінәнің нысанынан құралатын бір құрамды білдіретін және Ерекше бөлімнің бір бабымен ғана сараланатын қылмысты айтамыз.

Кейбір жағдайларда бір адам бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық істеуі мүмкін, мұндай жағдайда олардың іс-әрекетін дұрыс саралау үшін қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігінің түсінігін дұрыс анықтау керек. Қылмыстық жауапқа тартудың мерзімі ескірмеген немесе сотталғандықтан арылмаған немесе сотталғандығы жойылмаған жағдайда бір адамның екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықты істеуін қылмыстық құқық бұзушылық көптігі деп айтамыз.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптілігінің өзіндік белгілері: бір адамның екі немесе одан да көп әрқайсысы жеке-жеке құрам болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықты істеуі болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата білген жөн. Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзі жай, күрделі құрамға, созылмалы, жалғасқан қылмыстар болып және басқа да түрлерге бөлінеді. *Жай* - бір құрамда, бір объектіге, бір әрекет арқылы кінәнің бір нысанымен зиян келтіру арқылы жүзеге асырылады.

Күрделі құрам деп екі немесе одан да көп іс-әрекеттерден құралатын, оның әрқайсысының бірінен-бірін бөліп қарағанда жай түрдегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамына жататын, бірақ ішкі бірлігі бойынша бір қылмысты құрайтын қылмыстардың жиынтығын айтамыз. Мысалы, қарақшылықтың құрамын алайық. Мұнда бөтен біреудің мүлкіне иелік ету жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш жұмсау арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда және әр түрлі қылмыстық әрекеттер (жәбірленушінің) өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету және мүлікті иемдену немесе иемденуге оқталу) бір күрделі қылмыстық құқық бұзушылық құрамын қарақшылықты құрайды, бірақ осы әрекет ішкі бірлігіне байланысты бір қылмыс құрамын құрап тұр.

Жеке, күрделі құрамның бір түрі — *балама әрекетті қылмыстық құқық бұзушылық* болып табылады. Оның ерекшелігі сол қылмыстық заңда көрсетілген әрбір әрекет немесе әрекетсіздік біткен қылмыстық құқық бұзушылық құрамын көрсетеді. Мысалы, мемлекетке опасыздық туралы жауаптылық көрсетілген, осы қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының әр түрлі мынандай балама әрекеттерінің әрқайсысы жеке-жеке біткен қылмыстық құқық бұзушылықты білдіреді: жау жағына шығып кету; шпиондық жасау;

мемлекеттік құпияны жатқа беру; Қазақстан Республикасына дұшпандық әрекет жүргізу; шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға және олардың өкілдеріне өзге де көмек керсөту.

Созылмалы деп кінәлінің өзіне қылмыстық заң жазамен қорқытып жүктеген міндеттемелерін ұзақ мерзімге орындамай әрекет немесе әрекетсіздік арқылы белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамын үзіліссіз, белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асыруы болып табылады.

Мұндай созылмалы қылмыстардың қатарына бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету, балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын бағуға арналған қаражатты төлеуден әдейі бұлтару.

Жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылық деп ортақ мақсатқа жетуге бағытталған ұқсас (бірдей) қылмысты әрекеттерден құралатын, жиынтығында бір қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын қылмыстарды айтамыз. Мұндай қылмыстарға мысалы, үнемі ұрып-соғу немесе басқа да әрекеттермен азаптау.

2. Іс-әрекеттің құрылымына қарай қылмыстық құқық қылмыстардың көптігін мынадай үш нысанға бөледі: қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше мәрте жасалуы, қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы, қылмыстың қайталануы.

12-бап. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы

1. ҚК-тің Ерекше бөлігінің дәл сол бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы деп танылады. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше рет жасалуды құрамайды.

2. Егер адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды.

3. Жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылық, яғни бір пиғылмен және бір мақсатпен ұштасып, тұтас алғанда бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын, құқыққа қарсы бірқатар бірдей іс-әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмайды.

4. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы ҚК-те неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстары ҚК-тің Ерекше бөлігінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

5. Қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы ҚК-те неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары ҚК-тің Ерекше бөлігінің қылмыстық теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

Қылмыстық құқық теориясында бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылық *жалпы және арнаулы* болып екі түрге бөлінеді.

Бірнеше рет жасалған қылмыстың жалпы қайталануы деп істелген қылмыстың қоғамға қауіптілігінің мәні мен дәрежесіне қарамастан кез келген басқа бір қылмыстық құқық бұзушылықты қайталап жасаушылықты айтамыз.

Бірнеше рет жасалған қылмыстың арнаулы қайталануы деп адамның ұқсас немесе бір тектес қылмысты іс-әрекетті тағы да жасауы болып табылады.

Бір тектес қылмыстық құқық бұзушылық деп объективтік, субъективтік белгілері ұқсас, кінәнін бір түрлі нысаны орын алатын, бір немесе бірнеше ұқсас объектіге қылмысты қол сұғатын қылмыстарды айтамыз (мысалы, ұрлық, тонау, қарақшылық және т. б.).

Бұрынғы істеген қылмыс біткен немесе бітпегеніне, кінәлінің сол қылмыс үшін орындаушы ретінде немесе қылмысқа қатысушы ретінде қатысуына қарамастан тағы да істеген қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекеті бірнеше мәрте жасалған деп танылады.

Үнемі (ұдайы) жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар да бірнеше мәрте жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа жатады. Үнемі қылмыстық құқық бұзушылық жасау кейбір қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының қажеті белгісі болуы мүмкін.

3. 13-бап. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы

1. ҚК-тің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам, егер осы іс-әрекеттердің белгілері ҚК-тің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін ҚК-тің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

2. ҚК-тің екі немесе одан да көп бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар бір әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстардың мұндай жиынтығы кезінде адам, егер бір іс-әрекеттің белгілері ҚК- бабының басқа іс-әрекет үшін неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін ҚК-тің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

3. Егер дәл сол бір іс-әрекет ҚК-тің тиісті баптарының жалпы және арнайы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы болмайды және қылмыстық жауаптылық ҚК-тің Ерекше бөлігінің арнайы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды.

Егер мұндай мәселелер болса, онда ондай іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы болмайды. Заң әдебиетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы *идеалдық және нақты* (реалды) болып екі түрге бөлінеді. *Қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалдық жиынтығы деп* кінәлінің бір іс-әрекетінен бірден қылмыстық заңның әр түрлі баптары, бір баптың әр түрлі бөліктері, тармақшалары бойынша сараланатын екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықтардың істелуін айтамыз. Егер кінәлі адам бір әрекет арқылы бір мезгілде қылмыс істеуге оқталумен бірге екінші бір біткен қылмыстың құрамын орындаса бұл да қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалдық жиынтығы болады.

4. 14-бап. Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы

1. Егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады.

2. Қылмыстардың қауіпті қайталануы деп адамның:

1) егер осы адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталса немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған болса, ауыр қылмыс жасағаны;

2) егер ол бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, аса ауыр қылмыс жасағаны танылады.

3. Он сегіз жасқа дейінгі адамның жасаған қылмыстары үшін сотталғандық, сондай-ақ ҚК-те белгіленген тәртіппен алып тасталған немесе жойылған сотталғандық қылмыстардың қайталануын және қылмыстардың қауіпті қайталануын тану кезінде есепке алынбайды.

4. Қылмыстардың қайталануы және қылмыстардың қауіпті қайталануы ҚК-те көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғады.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың қайталануы *фактілі* және *ресми* болып бөлінеді.

Адамның бірінші істеген қылмысы үшін сотталғандық атағының бар жоғына қарамастан тағы да жаңа қылмыс істеуі *фактілі қылмыстық қайталау* деп саналады.

Сотталғандық атағы жойылмаған немесе одан арылмаған адамның жаңа қылмыс істеуі *ресми қылмысты қайталау* болып табылады.

Ресми қылмыстық қайталау деген атақтың болуы кінәлі адамның Іс-әрекетін саралауға, оған жаза тағайындағанда немесе бас бостандығынан айыру жазасына сотталғанда жаза өтеу колониясының түрін белгілеуге, сондай-ақ шартты жазаны, жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаны неғұрлым жеңілдірек жазамен ауыстыруды, қолдану, қолданбау мәселесінде сотталғандықтан арылу немесе оны жою сияқты мәселелерді шешуге тікелей әсері бар.

Ресми қайталану *жалпы, арнаулы, жай, күрделі, пенитенциарлық, қауіпті, аса қауіпті болып* бірнеше түрге бөлінеді.

Жалпы қайталану деп сотталғандығы бар адамның кез келген жаңа қылмыс істеуін айтамыз. Мысалы ұрлық жасап сотталып, жазасын өтеп келген адамның бұзақылық жасауы.

Жалпы қайталанудың қылмысты саралау үшін әсері жоқ, ол тек жазаны даралағанда және тағайындағанда ғана есепке алынады.

Арнаулы қайталану сотталғандығы бар адамның бұрынғы істеген қылмысына ұқсас немесе біртектес жаңа қылмысты істеуін айтамыз. Мысалы ұрлық, бұзақылық үшін бұрын сотталған адамның сотталғандығы жойылмай тұрып тағы да ұрлық, бұзақылық істеуі.

Жай қайталану деп бір рет қана сотталғандығы бар адамның жаңа қылмыс істеуін айтамыз.

Ал, *күрделі (көптік) қайталануға* екі немесе одан да көп сотталғандығы бар адамның жанадан қылмыс істеуі жатады.

Пенитенциарлық қайталану деп бұрын қылмыс істегені үшін бас бостандығынан айыру жазасына сотталып, адамның жазаны өтеп болған соң немесе соны өтеу барысында тағы да қылмыс істеп, бас бостандығынан айыру жазасына сотталуы айтылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық көптігінің түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылық көптігі мен жеке қылмыстың арақатынасы.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық көптігінің түрлерін талдаңыз.
3. Қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше мәрте жасалуы. Қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы. Қылмыстың қайталануын сипаттаңыз.

13-тақырып. Іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екендігін жоятын мән-жайлар.

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық құқық бойынша іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоятын мән-жайлардың ұғымы. Іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоятын жоятын мән-жайлардың заңды табиғаты және түрлері.

2. Қажетті қорғану. Қажетті қорғанудың заңдылық шарттары. Жеке тұлға және құқықтық тәртіп үшін қажетті қорғанудың маңызы. Қажетті қорғанудағы шектен шығушылық. Жалған қорғану және оның құқылық зардабы.

3. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру. Қол сұғушылық жасаған адамға зиян келтірудің заңдылық шарттары. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде шектен шығушылық үшін жауаптылық.

4. Аса қажеттілік. Аса қажеттілік кезінде зиян келтірудің заңдылық шарттары. Аса қажеттіліктің қажетті қорғанудан айырмашылығы.

5. Жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру. Орынды тәуекел етудің заңдылық шарттары. Тәуекел етуді орынды деп танымау.

6. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу. Оның заңдылық шарттары. Оның аса қажеттіліктен айырмашылығы.

7. Бұйрықты немесе өкімді орындау. Оның заңдылық шарттары.

1. Әрбір азаматтың конституциялық борышы - қоғамдық қатынастарды қылмыстық жолмен келтірілген зияннан қорғау. Осы міндетті жүзеге асыруда жеке адамға, қоғамға,

мемлекетке қарсы бағытталған іс-әрекеттерді дер кезінде тыюдың, тойтарудың маңызы ерекше. Қоғамға қауіпті іс-әрекетті тойтаруда, оның зияндылығын тыюда, сол қауіпті төндірген адамға материалдық, моральдық және басқа да зиян келтірілуі мүмкін. Мұндай әрекеттер формальдық жағынан алғанда Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің жекелеген баптарының көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамына жатуы мүмкін. Бірақта бұл әрекеттер белгілі бір жағдайларда қылмыс болып табылмайды. Өйткені мұндай әрекетте қылмыстың материалдық белгісі болып табылатын басты белгі — қоғамға қауіптілік жоқ керісінше, мұндай жағдайларда, қоғамдық қатынастарға зиян келтіруге бағытталған қауіпті жою, тойтару қоғамға пайдалы іс-әрекет деп танылады. Қолданылып жүрген қылмыстық заң бойынша бұларға: Қажетті қорғаныс; Қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру; Аса қажеттілік; Жедел-ізвестіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру; Негізді тәуекел ету; Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу; Бұйрықты немесе өкімді орындау.

2. Мұндай жағдайда қиянат жасаушының өмірі, денсаулығы, меншігі оның қылмыс істеуіне байланысты қылмыстық заңның қорғануынан тысқары қалады. Қажетті қорғану жағдайында оған зиян келтіру қылмыстық құқылық әрекетпен заң қорғайтын объектіге қол сұғушылық болып табылмайды. Қажетті қорғану қиянат жасауды тыюдың, оған тойтарыс берудің белсенді нысаны болып табылады. Бұл шабуыл жасаушыға қарсы істелген тікелей әрекет болып саналады. Сол себепті де мемлекет заңда белгіленген тәртіппен кейбір тәртіп сақшыларына мұндай реттерде қару қолдану құқығына да жол береді.

Қажетті қорғануды қарсы әрекетке ғана қолдануға болады – 1 шарт. Құқылық міндетін орындамаған әрекетсіздікке қажетті қорғануды қолдануға негіз жоқ. Мұндай құқылық міндетті орындамаушылық орын алған жағдайда оған зиян келтірмей-ақ, оны зорлап орындатушылық орын алады. Заңда көрсетілген қылмысты қиянатпен қол сұғу қасақана болуы қажет, абайсыздықпен қол сұғу басқа жолмен тоқтатылады. Қажетті қорғануды қолданудың екінші шарты — қорғану қол сұғушылық нақты бар болғанда ғана қолданылады.

Қажетті қорғанудың үшінші бір шарты — қоғамға қауіпті қол сұғу айқын, шын мәнінде, яғни қоғамдық қатынастарға анық зиян келтіретін болуы керек. Адамның санасында ғана елестетілетін қиянаттың зиян келтірумен ешқандай байланысы жоқ. Елестетілетін қиянаттан қорғануды жалған қорғану дейміз.

Қорғануға байланысты қажетті қорғануды қолданудың заңға сыйымдылық шарттары. *Бірінші шарт.* Қорғану заңда тура атап көрсетілгендей, тек әрекет күйінде жүзеге асырылады.

Екінші шарт. Қорғанушы зиянды қиянат келтірушінің тікелей өзіне (басқаға емес) келтіреді. Өйткені қажетті қорғанудың негізгі қажетті қорғануды тудыратын қиянат келтірушінің өзі ғана болады. Ондай болса қажетті қорғану сол қиянат келтірушінің өзіне тікелей қарсы қолданылады. Мұндай қиянат келтірушіге

келген зиян мөлшері, түрі әр түрлі болуы мүмкін: қиянат келтірушіні өлтіру, денесіне әр түрлі жаракат салу, оның, мүлкін жою т. б. Осыған байланысты заң күні бұрын қиянат келтірушіге келетін зиянға ешқандай шек қоймайды.

Үшінші шарт. Қиянат келтірушіліктен дер кезінде қорғану қажет. Қоғамға қауіпті әрекеттің басталған уақыты мен оның аяқталғанға дейінгі аралығындағы қиянат келтірушіліктен қорғануды жүзеге асыру дер кезінде қолданылған қажетті қорғану болып табылады. Қол сұғушылық аяқталғаннан кейін де қорғану әрекетін одан әрі жалғастыру кешіккен қорғану деп танылады, мұндай іс-әрекет қылмыс қатарына жатқызылады.

Төртінші шарт. Қарсы әрекеттің мақсатынан құралады.

32-бап. Қажетті қорғаныс

1. Қорғанушының және басқа да адамдардың жеке басы мен құқықтарын, сондай-ақ қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан, оның ішінде қолсұғушы адамға зиян келтіру жолымен заңды түрде қорғау қажетті қорғаныс деп танылады.

Барлық адамдардың өздерінің кәсіптік немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет бабына қарамастан, олардың тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан құтылу не басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан, бұл құқық адамға тиесілі болып табылады.

2. Қажетті қорғаныс жағдайында, яғни қорғанушының немесе өзге де адамдардың жеке басын, тұрғынжайын, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қолсұғушыға зиян келтіру арқылы қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау кезінде қолсұғушы адамға зиян келтіру, егер бұл ретте қажетті қорғаныс шегінен шығуға жол берілмеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

3. Нәтижесінде қолсұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қолсұғушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қорғанудың анық сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығу қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Шегінен шығу. Адамның өміріне қол сұғушы адамға не қорғанушының немесе басқа адамдардың өміріне қауіпті қарулы шабуылмен немесе зорлық-зомбылықпен не осындай зорлық-зомбылықтың тікелей қатерімен, не тұрғын үйге, үй-жайға басып кірумен ұштасқан өзге де қолсұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру, сондай-ақ егер қорғанушы қолсұғушылықтың кенеттен болуы салдарынан шабуыл қаупінің дәрежесі мен сипатын объективті бағалай алмаса, қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.

Жалған қорғану. Қажетті қорғанудан жалған қорғануды ажырата білудің маңызы да ерекше. Жалған қорғану деп киянат келтірушілік-тен жорамалды түрде киянат келтіреді екен деп ойлап, оның байыбына бармай қорғануды айтамыз. Яғни, жалған қорғануда төніп тұрған киянат, қауіп жоқ.

Жалған қорғану қорғанушының әр түрлі объективтік жағдайларға байланысты істелген қатесі болып табылады. Мысалы, қорғанушы жәбірленушінің қоғамға қауіпті емес әрекетін қоғамға қауіпті екен деп қателесуі мүмкін. Жұман деген азамат кешкілік қараңғы түскен кезде күндегі әдетінше жұмыстан соң қалың бактың арасындағы жалғыз аяқ, жолмен үйіне қайтады. Бір қарағанда ол өзінің артынан келе жатқан бір адамның сұлбесін байқайды. Сол адамнан қауіптенген ол жүрісін жылдамдатып, бақ ішінен сыртқа шықпақшы болады. Оның артынан келе жатқан адам да жүрісін жеделдетіп, оған таяу келеді. Өзінше қылмыскер шабуыл жасайды деп ойлаған Жұман кілт тоқтай қалады да, жүгіріп келе жатқан әлгі адамды таякпен ұрып құлатады. Нәтижесінде бейтаныс адамға ауыр дене жаракаты келтіріледі. Істі тергеу кезінде анықтағанда Жұманның артынан қалмай келе жатқан адам соның тұрған жерінің тұрғыны болып шығады. Қараңғыда ол да жалғыз жүруден қорқып алдында келе жатқан адамнан қалмауға тырысып, желе-жортып Жұманды қуып жетіп артынан ілесіп отырады. Жұманның әрекеті жалған жағдайда істелген қорғану деп танылған.

Жалған қорғану — қоғамға қауіпті әрекет.

Жалған қорғануды жүзеге асырған адам кінәлі деп танылып, қылмыстық жауапқа тартылады.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық істеген адамды ұстау — қылмыстылықпен күресудің негізгі элементтерінің бірі. Сондықтан да қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

33-бап. Қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру

1. Қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасаған адамды мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қолсұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстап алу кезінде оған зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл ретте осы үшін

қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Адамға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін қажетсіз зиян келтірілген кезде, ұсталатын адам жасаған құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне және ұстап алудың мән-жайларына олардың анық сай келмеуі, қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығу қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алуға бұған арнайы уәкілеттік берілген адамдармен бірге жәбірленушілер мен басқа азаматтардың да құқығы болады.

Қылмыстық іс жүргізу Кодексінің талаптарына сәйкес қылмыс істеді деп сезіктенген адамды ұстауға мынадай негіздердің бірі болғанда ғана жол беріледі:

а) бұл адамның қылмыс істеп жатқан үстінен шықса немесе қылмысты жаңа ғана істеп болған үстінен шықса;

б) көзімен көрген адамды, сонын. ішінде жәбірленуші де қылмысты істеген осы адам деп тура көрсетсе;

в) сезікті адамның өзінде немесе киімінде өз қасында немесе үйінде қылмыстың айқын көздері табылса.

Мұндай асыра сілтеу үшін тек қасақана (абай-сызда емес) зиян келтірген реттерде ғана жауапқа тартылады. Мұндай шектен шығудың, яғни асыра сілтеудің заңда көрсетілген түрлері мынадай:

а) Істелген қылмыстық құқық бұзушылықтың қаупінің сипаты мен дәрежесіне сай емес жағдайда қылмыс істеген адамды ұстағанда зиян келтіру. Мысалы, біреуге қасақана жеңіл жаракат салған адамды ұстағанда, оны ұстау барысында оған ауыр дене жаракатын келтіру немесе сарай үстінде әрі қарай барар жері жоқ, жасырынып тұрған ұрыны жерде тұрып мылтықпен атып жаралау және т.б.

б) Ұстау жағдайына сөзсіз сәйкес келмеуі салдарынан кісіге қажетсіз, жағдайларға байланыссыз сөзсіз шамадан тыс зиян келтіру. Мысалы: қылмыскерге болмашы зиян келтіріп ұстауға болатын болса, оған шамадан тыс ауыр, қажетсіз залал келтіріп, жаракат салып ұстау, ату, мүгедек жасау т. б. мәселелер. Осындай қажетті шамалардың шегінен шығуы тек қасақаналықпен ғана жүзеге асырылады. Заң бойынша қылмыс істеген адамды ұстағанда оған зиян келтірудің қажетті шараларының шегінен шығу кінәлінің жауаптылығын жеңілдететін мән-жайлардың қатарына жатады.

Қылмыскерді ұстаудың қажетті қорғану мен аса қажеттіліктен өзгешеліктері мынандай:

а) қажетті қорғану тікелей төніп тұрған нақты қиянатты тойтаруда жүзеге асырылады. Қылмыскерді ұстау қылмыс істеп жатқан кезде, тікелей қылмыс істегеннен кейін жүзеге асырылады;

б) қажетті қорғанудың мақсаты — қылмысты тойтару, қылмыскерді ұстауда оны өкімет органдарына табыс ету;

в) аса қажеттілікте келтірілген залалдың мөлшері тойтарылған залал мөлшерінен міндетті түрде аз болуы қажет. Қылмыскерді ұстағанда (қажетті қорғанудағы сияқты) қылмыскерге келтірілген зиян мөлшері көп болуы да мүмкін, бірақ ол сөзсіз шамадан тыс болмауы керек.

4. 34-бап. Аса қажеттілік

1. ҚК-пен қорғалатын мүдделерге аса қажеттілік жағдайында, яғни осы адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті өзге амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл ретте аса қажеттілік шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Төнген қауіптің сипаты мен дәрежесіне және қауіп жойылған жағдайға анық сәйкес келмейтін зиян келтіру, құқық қорғау мүдделеріне болдырмай тасталған зиянға тең немесе оған қарағанда неғұрлым елеулі зиян келтірілген жағдайда, аса қажеттілік шегінен шығу деп

танылады. Мұндай шектен шығу тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана жауаптылыққа әкеп соғады.

Бірінші шарт: нақты қауіп қылмыстық заң қорғайтын мүддеге тікелей төнеді.

Аса қажеттілікті қолданудың екінші шарты заң қорғайтын мүддеге зиян келтіру арқылы ғана жүзеге асырылады.

Үшінші шарт: Аса қажеттілік болу үшін келтірілген зиянның мөлшері тойтарылған зиянның мөлшерінен кем болуға тиіс. Келтірілген зиян тойтарылған зиянмен бірдей болса да, іс-әрекет аса қажеттілік жағдайында істеледі деуге болмайды.

Келтірілген зиянның сақтап қалынған зияннан азырақ екендігі нақты жағдайларға байланысты шешіледі. Бұл жерде тікелей төнген қауіп қандай мүддеге бағытталады, ол мүдденің маңыздылығы, қауіп төнген жағдай, тойтарылған зиянның мөлшері т.б. мәселелер еске алынады. Кейбір жағдайларда зиянды тойтарған адам, өзінің келтірген зиянын сақтап қалынған зияннан азырақ деп ойлайды, ал іс жүзінде оның Іс-әрекеті қоғамға қауіпті болады да, мұндай жағдайда аса қажеттілік актісі бұл жерде қолданылмайды. Бірақ та мұндай жағдайда аса қажеттілік шегінен шығып кеткен адам шын кателесіп, өзінің тойтарылған зиян мен келтірілген зиянның ара қатынасы жөніндегі кателіктерге ауыр жан күйзелісі үстінде немесе басқадай негізді себептермен кінәсіз түрде жол берсе, онда ол қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Аса қажеттілікті қолдануда әртүрлі тәсілдер арқылы келтірілген зиян сақтап қалынған зияннан азырақ болуы негізгі шарт болып табылады.

5. 35-бап. Жедел-ізвестіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру

1. Уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерінің не осындай органның тапсырмасы бойынша осы органмен ынтымақтасып жұмыс істейтін өзге адамның Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жедел-ізвестіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін орындау кезінде жасаған, ҚК-те қорғалатын мүдделерге зиян келтірген іс-әрекеті, егер бұл іс-әрекет адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарды болғызбау, анықтау, ашу немесе тергеп-тексеру мақсатымен жасалса, сондай-ақ егер құқық қорғау мүдделеріне келтірілген зиян көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар келтіретін зиянға қарағанда аздау болса және егер оларды болғызбауды, ашуды немесе тергеп-тексеруді, сол сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеуді өзге тәсілмен жүзеге асыру мүмкін болмаса, ол қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің ережелері адамның өміріне немесе денсаулығына қатер төндірумен, экологиялық апат, қоғамдық күйзеліс немесе өзге де ауыр зардаптар қатерімен ұштасқан іс-әрекет жасаған адамдарға қолданылмайды.

36-бап. Негізді тәуекел ету

1. Қоғамға пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін негізді тәуекел ету кезінде ҚК-пен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Егер көрсетілген мақсатқа тәуекелмен байланыссыз әрекеттермен (әрекетсіздікпен) қол жеткізілмейтін болса және тәуекелге жол берген адам ҚК-пен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуін болғызбау үшін жеткілікті шаралар қолданған болса, тәуекел ету негізді деп танылады.

3. Егер тәуекел ету адамдардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндірумен, экологиялық апат, қоғамдық кесепат немесе өзге де ауыр зардаптар қатерімен көрінеу ұштасқан болса, тәуекел ету негізді деп танылмайды.

Егер ол адамдардың өміріне, денсаулығына көрінеу қатер төндіретін, экологиялық апатқа немесе өзге де зардаптарға апарып соқтыратын болса, тәуекел орынсыз деп танылады.

Заңға сәйкес орынды тәуекелге байланысты әрекеттер екі түрлі шартқа байланысты қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды. Бұл шарттарды екі түрлі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа тәуекел әрекеттерін қолдануға негіз болатын шарттар, ал екінші топқа сол әрекеттің өзін сипаттайтын шарттар жатады.

Тәуекел әрекеттерін қолдануға медицина, ғылым, техника, мәдениет, шаруашылық саласы қызметінің тиімділігін жетілдіру қажеттілігі негіз болады.

Қажеттілік қоғам, мемлекет алдына қойылған маңызды міндеттерді шешуден де туындайды. Ғылым, техника, өнер саласында жаңалықтар ашу көп жағдайда әр түрлі тәжірибелерді игеру нәтижесінде жүзеге асырылады. Мұндай кәсіптік қызметті іске асыруда зиянды зардапқа әкеліп соғатын қажеттіліктердің де болуы мүмкін. Творчестволық, кәсіптік немесе шаруашылық қызметінде орын алатын осындай қажеттіліктерге жол бермеу орын алса, онда ғылым мен техниканың дамуы да болмас еді. Мұндай тәуекелге барудың негізгі мақсаты сол арқылы тиімді жетістіктерге жету, тәуекелсіз алға қойылған мақсаттың орындалуы жүзеге аспайтындығы болып табылады. Осыған байланысты мұндай әрекеттерден туындайтын теріс зардаптар орынды тәуекел күйінде келтірілген деп саналып, ол қылмыстық құқық бұзушылық қатарына жатқызылмайды.

Тәуекел әрекеттері кейде кездейсоқ жағдайларға байланысты да қолданылады. Мысалы, соқыр ішекпен ауырған адамға операция жасау үшін оны 120 шақырым жердегі ауруханаға жеткізу қажет болды. Оған жеткенше жолдың кедір-бұдырына байланысты аурудың жағдайы өте киынға соғуы мүмкін. Жергілікті дәрігер жағдайды жан-жақты есепке алып және аурудың келікке отыруға жарамайтынын, оның ауыр жағдайын ескеріп, қажетті жағдайлардың жоқтығына қарамастан операцияны өзі жасауға шешім жасауға тәуекел еткен. Нәтижесінде ауру адам қаза болған. Мұндай жағдайда адам өмірін құтқарып қалуға байланысты әрекет орынды тәуекел күйінде жасалған деп танылды. Орынды тәуекелді қолданудың екінші негізі болып алға қойған мақсатқа тәуекелге байланыссыз әрекеттерсіз жетуге мүмкін болмаған талаптан туындайтындығы болып табылады. Алға қойған мақсатқа жету қолданылып жүрген технологиялық әдістердің, ғылыми эксперименттердің, нұсқаулықтарда, ережеде көрсетілген талаптардың шеңберінде жүзеге асырылмайтын болса, онда орынды тәуекелді қолданудың, да негізі жоқ.

Қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайтын тәуекелді қолдануға байланысты шарттар да теорияда бірнеше түрге бөлінеді. *Оның бірінші шарты* — кәсіптік тәуекелді жүзеге асыру, яғни кәсіпке байланысты дәрігерлік, ғылыми, технологиялық, техникалық қызметтерге байланысты жұмысты жүзеге асыру. *Екінші шарт*—орынды кәсіби тәуекелді қолдану арқылы заң қорғайтын мүдделерге зиян келтіру. *Үшінші шарт*, орынды тәуекел ақталған болуы керек. Орынды тәуекелде құқық қорғайтын мүдделерге зиян келтірілуі мүмкін.

Егер тәуекел күні бұрын экологиялық қауіптің болуына немесе адамдардың өміріне, денсаулығына қатер туғызатын болса, онда ол орынды тәуекелге жатпайды.

Төртінші шарт, тәуекелді қолданған адам заң қорғайтын мүдделерге зиян келтірмеудің, барлық шараларын қолданса ғана ол орынды тәуекел болады. Осы шартқа байланысты адам тәуекелге байланысты әрекеттерді Істегенге дейін мүмкін болатын барлық кедергілерді күні бұрын қарастырып, оны жоюдың амалдарын ойластырып, одан туындайтын қоғамға зиянды нәтижелерді болдырмаудың барлық шараларын қолдануы қажет.

Бесінші шарт, орынды тәуекел алға қойған мақсатқа тәуекелге байланыссыз әрекеттерсіз жетуге мүмкін болмаса ғана қолданылады. Яғни, орынды тәуекелдің, алға қойған мақсаты қоғамға пайдалы нәтижеге жету болып табылады. Олар ғылымда, техникада жаңалық ашу, жана технологияны өндіріске енгізу, жаңа материалдар, шикізаттар жасап шығару, ауруға қарсы тиімді емдер табу т.б.

6. 37-бап. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу

1. Егер күштеп немесе психикалық мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, мұндай мәжбүрлеудің нәтижесінде ҚК-пен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

2. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде ҚК-пен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуінің салдарынан адам өзінің әрекеттеріне ие бола алу мүмкіндігін сақтаған болса, ол үшін қылмыстық жауаптылық туралы мәселе ҚК-тің 34-бабының ережелері ескеріле отырып шешіледі.

Күштеу - бұл белгілі бір әрекетті істеуге мәжбүрлеу. Мұндай ретте жәбірленушіге күш қолданылып, оның жанын қинайтын, сөйтіп оның еркінен айыратын әрекеттер орын алады. Күштеу тойтарылатын немесе тойтарылмайтын болып екі түрге бөлінеді.

37-баптың 2-бөлігінде мәжбүрлеудің екі түрі — психикалық мәжбүрлеудің, сондай-ақ күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде ҚК-пен қорғалатын мүдделерге зиян келтіргені үшін соның салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне басшылық жасау мүмкіндігін сақтаған жағдайда қылмыстық жауаптылық туралы мәселе айтылған. Мұнда сөз тойтарылатын психикалық және күштеп мәжбүрлеулер туралы болып отыр. Мұндай реттерде адамның белгілі бір ерікті тандай алу мүмкіндігі бар, яғни қылмысты істеуге немесе істемеуге. Мәжбүрлеудің осы екі түрі бойынша адам қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірген жағдайда олардың әрекеті келтірілген зиян тойтарылған зияннан көп болған жағдайда ғана қылмыс болып табылады, ал зиян аз болса, ондай іс-әрекетке Қылмыстық кодекстің 34-бабында көрсетілген аса қажеттілік ережесі қолданылып, іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі жойылады.

7. 38-бап. Бұйрықты немесе өкімді орындау

1. Өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау үшін әрекет жасаған адамның ҚК-пен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды. Мұндай зиян келтірілгені үшін заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам қылмыстық жауаптылықта болады.

2. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау үшін қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам жалпы негіздерде қылмыстық жауаптылықта болады. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындамау қылмыстық жауаптылықты болдырмайды.

Бұйрық оны істеуге өкілеттігі бар адамы арқылы ауызша немесе жазбаша түрде жүзеге асырылады. Мұндай бұйрықтар мазмұны жөнінен заңсыз, қылмыстық заң қорғайтын мүддеге зиян келтіретін болуы керек. Осындай міндетті бұйрықты орындаушылардың іс-әрекетінің заңға сыйымдылығы мынадай белгілермен анықталады: міндетті бұйрықты орындаушы бұйрық берген лауазымды адамға бағынышты болуы; міндетті бұйрық соны беруге құқылы лауазым арқылы, тиісті нысанда шығарылса, ал орындаушы қызметі жөнінен мұндай міндетті бұйрықты орындауға әбден міндетті болса; міндетті бұйрықты орындау қылмыстық заң қорғайтын әр түрлі мүддеге зиян келтірсе (табиғи ортаға, мысалы, тазаланбаған лас суды бастықтың бұйрығы бойынша өзенге жіберу, ластау, мемлекет мүлкін бей-берекет жұмсау, жарамсыз жабдықпен жұмыс істеп, еңбекті қорғау ережесін бұзу, ұшақты егіс даласына қондырып, егісті бүлдіру т. б. әрекеттер). Мұндай әрекеті үшін орындаушы қасақана қылмыс істеген адам ретінде жауапқа тартылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын мән-жайлардың түсінігі мен маңызы қандай?
2. Қажетті қорғану деген не?
3. Аса қажеттілік.
4. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтірудің шектері.
5. Орынды тәуекел ету.
6. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу.
7. Бұйрықты немесе өкімді орындау.
8. Жедел іздестіру шараларын жүргізу.

14-тақырып. Жазаның ұғымы мен мақсаттары

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық жазаның ұғымы және түрлері. Қылмыстық құқық ғылымындағы жазалау теориясы. Жазаның тарихи өзгермелі сипаттамасы. Жазаның әкімшілік және тәртіптік сөгістерден, басқа да мемлекеттік және қоғамдық мәжбүр ету шараларынан айырмашылығы.
2. Қылмыстылықпен күресудегі мемлекеттік шаралар жүйесіндегі жазаның орны.
3. Жазаның мақсаты. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Сотталған адамды түзеу. Жаңа қылмыстар жасаудан сақтандыру. Жалпы және арнайы сақтандыру.
4. Жазаның тиімділігінің ұғымы. Жазаның арттыру және мақсатқа жетудегі құқыққорғау органдары мен рөлі.

1. Қылмыстық жаза мемлекеттік күштеу шараларының бірі болып табылады және ол мемлекеттің қылмыспен қарсы күрес жүргізу құралдарының бірі ретінде қолданылады. Мемлекет қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізуде әр түрлі ұйымдастырушылық, тәрбиелік, экономикалық, рухани-шаралардың барлық түрін кеңінен қолданады, сөйтіп қылмыстан сақтандыру мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Сондықтан да біздің жас, тәуелсіз мемлекетіміз қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күрес қылмыстық жазаны қолдануда ең негізгі басты күрес деп саналмайды, бұл құбылысқа қарсы күресте шешуші мәселелер жоғарыда аталып өткен экономикалық, ұйымдастыру, тәрбие, қоғам мүшелерінің белсенділігін, олардың құқылық сана-сезімін жетілдіру арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да қылмыстық шара мемлекеттік күштеу шарасы ретінде тек арнаулы, заңда көрсетілген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Біріншіден, қылмыстық жаза — мемлекеттік күштеу шарасы ретінде қылмыстық заңмен ғана белгіленеді. Қылмыстық кодексте жазаның сот үшін міндетті тізбектері мен оны қолданудың тәртібі тұжырымдалған.

Екіншіден, мемлекеттік күштеу шарасы ретіндегі қылмыстық жазаны мемлекет атынан тек қана сот тағайындайды. **39-бап.** Жаза дегеніміз - сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан ҚК-те көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

Үшіншіден, заңда көрсетілген тәртіппен сотталған адамды жазадан босату, сондай-ақ тағайындаған қылмыстық жазаны жеңілдету тағы да сот арқылы жүзеге асырылады.

Төртіншіден, қылмыстық жаза жария түрде ашықтан-ашық тағайындалады. Яғни, қылмыстық құқық бұзушылық адамның кінәсін анықтау оған жаза тағайындауды қажет деп табу, қылмыстық жазаның нақты түрі мен көлемін анықтау, жеке немесе заңды тұлғалар арқылы емес мемлекет арқылы жария, ашықтан-ашық түрде белгіленеді.

Қылмыстық жаза кінәлі адамға мемлекет атынан белгіленеді, жеке немесе лауазымды адамдар сот тағайындаған жазадан ешкімді де босата алмайды, заңды күшіне енген сот үкімі мемлекеттік, жеке кәсіпорын, ұйым, мекеме, лауазымды және жай адамдардың орындауы үшін Республика аумағында міндетті болып табылады.

Бесіншіден, мемлекеттік күштеу шаралары ретінде қылмыстық жаза қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған кінәлі адамға қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық жазаны қолдану кінәліні басқа түрдегі азаматтық, әкімшілік немесе тәртіптік құқылық жауапкершілікке тартумен де ұштастырылуы мүмкін.

Қылмыстық жаза мемлекет атынан қылмысты іс-әрекеттер үшін кінәлінің кінәсін бетіне басу арқылы берілетін теріс құқықтық баға болып табылады. Бетіне басудың және кінәлаудың дәрежесі қылмыстың ауырлығына, кінәлінің жеке тұлғасына және оның қылмысты іс-әрекетті істеудегі мінез-құлқына тікелей байланысты болады.

2. Жаза сотталған адамға белгілі бір зардап келтірумен тікелей байланысты болады. Мысалы, соттың кінәліні бас бостандығынан айыруы немесе белгілі бір кәсіппен шұғылдануға немесе белгілі бір лауазым иесі болуға тыйым салуы, мүлкін тәркілеуі мүмкін.

Ерекше ауыр қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жағдайда кінәліге заңда көрсетілген негізде ерекше жаза — өлім жазасын тағайындауы да мүмкін. Сөйтіп, кез келген қылмыстық жаза тағайындағанда сотталған адам материалдық, моральдық, мүліктік зардап шегеді. Өйткені жаза өзінің мәні жөнінен кінәліні жазалау болып табылады.

Қылмыстық жазаның басқа да мемлекеттік күштеу шараларынан ерекшелігі сол, оны қолдану кінәліге барлық уақытта да сотталғандық туралы атақ береді. Сотталғандықтың кінәлі үшін белгілі бір құқылық зардабы бар, ол сотталғандығы туралы өмірбаянында көрсетілуі керек, сотталғандық кейбір жағдайларда қылмысты ауырлататын мән-жайларға жатады.

Қылмыстық жазаның әкімшілік құқық бұзушылық үшін қолданылатын жазадан айырмашылығы мынадай: біріншіден, қылмыстық жаза бұл істелген қылмыстық құқық бұзушылықтың зардабы, ал әкімшілік шара болса, ол қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайтын қоғамға жат теріс әрекеттер үшін ғана тағайындалады.

Екіншіден, қылмыстық жаза сот арқылы мемлекет атынан тағайындалады. Әкімшілік шараларды әкімшілік органдары, лауазым адамдары немесе судья тағайындайды. Үшіншіден, қылмыстық жазаның әкімшілік жазадан ерекшелігі сол сот үкімі бойынша тағайындаған қылмыстық жаза кінәліге сотталғандық атақ береді, ол әкімшілік жазаға тартылғандар үшін мұндайда құқылық зардап болмайды.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 39-бабының 2-бөлігінде жазаның мақсаты — жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамға жаза тағайындау және жазаны орындау арқылы оны түзеу, сөйтіп жаңа қылмыс істеуден оны сақтандыру жазаның арнаулы ескертуі болып табылады.

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру дегеніміз қылмыстық құқық бұзушылық істеген адамға әділетті жаза тағайындау, істелген қылмыстың қоғамға қауіптілігі, келтірілген зиян мөлшері, жаза тағайындаудың басты негіздері, кінәлінің жеке басының, ерекшеліктері ескеріле отырып, қылмысына сай келетін, әділ жаза тағайындау болып табылады. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру үшін заңдылық принциппен қатаң басшылыққа алып жасалған қылмысқа әділ құқылық баға және лайықты жаза белгілеу қажет.

Жазаның мақсаттары қылмыстық құқықтың жалпы міндеттері арқылы белгіленеді. Қылмыстық кодекстің 2-бабындағы осы заңның міндеттері заң қорғайтын мүдделерді қорғау, алдын алу делінсе, ол міндеттерді жүзеге асыру үшін қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленіп, қылмыс ұғымы айқындалады, қылмыс істеген адамдарға қолданылуға тиісті жазамен өзге де қылмыстық-құқылық ықпал ету шаралары белгіленеді.

Арнаулы сақтандырудың иелері болып, қылмыс істеп сотталғандар танылады. Жазаның мақсаты бұл адамдардың тарапынан тағы да қылмыс істеу фактісінің орын алмауын көздеуі болып табылады. Жазаның осы кездегі мақсатына жетуінің, құралы — сотталғандарды түзеу арқылы, еңбекке адал, заң талаптарын мүлтіксіз орындау рухында тәрбиелеу болып табылады. Бұл жерде түзеу дегеніміз қылмыс істеп сотталған тұлғаның әлеуметтік, психологиялық, көзқарасын өзгертіп қылмыстық құқық бұзушылықты құбылысқа, қоғам ережелерін бұзуға, еңбексіз күн көріске деген пиғылдарын, жазадан қорықса да өзгертіп дұрыс жолға салу болып табылады.

4. Қылмыскерге жаза тағайындау арқылы оны түзеу жазадан қорықса да қылмыс істемейтін, заң талаптарын қалт жібермей мүлтіксіз орындайтын адам етіп қалыптастыру болып табылады. Жазаның басқа бір мақсаты - басқа адамдарды қылмыстық құқық бұзушылық істеуден сақтандыру болып табылады. Бұл қылмыс істемеген, бірақ тәртіптік, әкімшілік құқық қалыптарын бұзып, биморальдық күйге түсіп жүрген, қылмыс істеуі мүмкін,

тұрақсыз элементтерге бағытталады. Мұндай әлеуметтік тұрақсыз адамдарды қылмыстық құқықта көрсетілген жазамен қорқыту арқылы және қылмыс істегендерге жазаның сөзсіз қолдануын ескерту, қылмыстан сақтандырудың жалпы түрі болып табылады. Мұндай сақтандыру қылмыстық құқықтың тәрбиелік функциясының бір көрінісі болып табылады. Қылмыстық құқық калыптарының жеке түрлерінің санкцияларында көрсетілген жазаларда қылмыс істеген кінәлі адамдарға қолданбақшы болып қорқыту арқылы қылмыстық заң барлық азаматтарға, олардың психологиялық сана-сезіміне әсер ету арқылы, олардың әлеуметтік әділеттілікті, адам өмірінің қорғалуының, құқық тәртібін нығайтудың қажеттілігі туралы көзқарастарының қалыптасуына жағдайлар туғызады.

Сол сияқты жаза - қылмыстының жанын қинау немесе адамгершілік намысына тиіп, қорлау мақсатын көздемейді. Бұл тарихи қалыптасқан қылмыстық құқықтың адамгершілік принципі болып табылады. Осы жерде жазаның мақсаттары туралы Заңның қалпының өзінде қарама-қайшылық жоқ па екен деген заңды сұрақ туындайды. Жаза сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарына шек қою арқылы, сөз жоқ, оның жанын қинайды, адамгершілік намысына тиеді. Бұл жерде қарама-қайшылықты жою үшін жазаның мақсатын және құрамын, мазмұнын дұрыс айыра білген жөн. Жаза қылмыстының жанын қинау немесе адамгершілік намысына тиіп қорлау мақсатын тіпті де көздемейді. Сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарына заңда көрсетілген шекті қою жазаның мазмұнын, ал арнаулы және жалпы сақтандыруды жүзеге асыру жазаның мақсатына жету құралын құрайды. Сотталған адамның қоғамнан оқшауланып, түзеу мекемесінде жазасын өтеуі, әлбетте, оның жанын жеуі сөзсіз бұл жазаның жазалау элементтері болып табылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық жазаның түсінігі.
2. Қылмыстық жазаның мақсаттары.
3. Қылмыстық жазаның жүйесі мен түрлері.
4. Өлім жазасына альтернатива

15-тақырып. Жазаның жүйесі мен түрлері.

Негізгі сұрақтар

1. Жазалар жүйесінің ұғымы мен мәні. Қылмыстық заңнама тарихындағы жазалар жүйесі.
2. ҚР ҚК бойынша жазалар түрі. Негізгі және қосымша жазалар. Жазалаудың негізгі де, қосымша да түрлері ретінде қолданылатын жазалар. Қылмыстылықпен күресті жүзеге асырудағы жазалардың жеке түрлерінің рөлі және мәні.
3. Айыппұл қылмыстық жаза ретінде. Оны өндірудің тәртібі. Айыппұлдың өлшемі. Айыппұлды жазалардың басқа түрлерімен ауыстыру. Айыппұлды өтеуден әдейі жалтарудың салдары.
4. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру. Бұл жазаны тағайындаудың негіздері мен тәртібі. Жазаны өтеуден жалтарғаны үшін жауаптылық.
5. Қоғамдық жұмыстарға тарту. Оның ұғымы және мерзімдері. Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тағайындалмайтын тұлғалар.
6. Түзеу жұмыстары. Бұл жаза түрінің мазмұны мерзімдері және мәні. Бас бостандығынан айырусыз түзеу жұмыстарынан жалтарудың салдары.
7. Қамаққа алу.
8. Бас бостандығынан шектеу. Бас бостандығынан шектеудің мерзімдері. Бұл жаза түрін өтеуден әдейі жалтару үшін жауаптылық.
9. Бас бостандығынан айыру. Қылмыстық заңнама тарихындағы бас бостандығынан айыру. Бас бостандығынан айырудың мерзімдері. Бас бостандығынан айырудың бір бөлігін түрмеде өтеу. Түзеу колонияларының түрлері. Тәрбиелеу колониялары.
10. Өлім жазасы.

11. Арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларының айыру. Аталған жазаның айыпкерге қолданудың тәртібі мен шарттары.

12. Мүлікті тәркілеу және оның түрлері. Мүлікті тәркілеуді қолданудың шарттары. Тәркілеуге жатпайтын мүлік. Жаза ретіндегі мүлікті тәркілеудің арнайы тәркілеуден айырмашылығы.

13. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу

1. Жазаның жүйелері деп қолданылып жүрген қылмыстық заңда белгіленген соттар үшін міндетті және тұжырымды, ауырлығына қарай белгілі тәртіппен орналасқан жазаның түрлерін айтамыз.

Қылмыстық заңның өзінде барлық соттар үшін міндетті болып табылатын жекелеген жазаларды қолданудың шарты, шегі және тәртібі белгіленген. Мұның өзі республика аумағында қылмысқа қарсы күрес саласында біркелкі жазалау қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сотталған адамға келтірілетін айырудың мәніне қарай жазаның түрлері мынадай топтарға бөлінеді:

1. Сотталған адамға моральдық жағынан әсер ететін жаза түрлері. Бұған жататындар: қоғамдық жұмыстарға тарту, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық, дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградадан айыру.

2. Сотталған адамның құқығына шек коюмен байланысты жаза түрлері: белгілі бір лауазым атқару немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыру, әскери қызмет бойынша шектелу.

3. Сотталған адамды материалдық жағынан айыруға байланысты жазалар: түзеу жұмыстары, айыппұл, мүлікті тәркілеу;

4. Сотталған адамның құқығынан немесе бас бостандығынан айыруға байланысты жаза түрлері: өлім жазасы, бас бостандығынан айыру, қамау, тәртіптік әскери бөлімде ұстау. Жаза түрлерін топтастырудың, бұдан басқа түрлері жалпыға мәлім. Жаза жүйелеріне кіретін барлық жаза түрлері негізінен үш топқа бөлінеді: Бірінші топты негізгі жазалар құрайды. Негізгі жазалар дегеніміз заң бойынша жеке-дара жаза ретінде, жазаның мақсатын жүзеге асыру үшін қолданылатын жаза түрлерін айтамыз.

2. Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар:

- 1) айыппұл;
- 2) түзеу жұмыстары;
- 3) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 4) қамаққа алу қолданылуы мүмкін.

2. Қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар:

- 1) айыппұл;
- 2) түзеу жұмыстары;
- 3) бас бостандығын шектеу;
- 4) бас бостандығынан айыру;
- 5) өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар:

- 1) мүлкін тәркілеу;
- 2) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;
- 3) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 4) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін.

3. Айыппұл ҚК көзделген шекте, заңмен белгіленген және жаза тағайындау сәтіне қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде тағайындалатын ақша өндіріп алу.

Айыппұл ҚК-те көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде не пара сомасына немесе құнына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу.

Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде, ал ҚК-тің 366, 367 және 368-баптарында көзделген қылмыстар үшін ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясында белгіленген мөлшерде белгіленеді. Айыппұл мөлшерін жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын және сотталған адамның мүліктік жағдайын ескере отырып, сот айқындайды.

Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін тағайындалған айыппұлды төлеуден жалтарған жағдайда, ҚК-тің 43 және 45-баптарының ережелері ескеріле отырып, ол бір айлық есептік көрсеткіш үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты есебімен қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бір тәулікке қамаққа алу есебімен қамаққа алуға ауыстырылады.

Қылмыс жасағаны үшін тағайындалған айыппұлды төлеуден жалтарған жағдайда, ҚК-тің 46-бабының ережелері ескеріле отырып, ол төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Бұл ретте ҚК-тің 366, 367 және 368-баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін айыппұл ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясы шегінде бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. 41-бап.

4. 50-бап. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында белгілі бір лауазымдарды атқаруға не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

ҚК-тің 120-бабының үшінші бөлігінің 5) тармағында және төртінші бөлігінде, 121-бабының үшінші бөлігінің 5) тармағында және төртінші бөлігінде, 122-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 124-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 132-бабының екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде, 133-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 134-бабының төртінші бөлігінің 2) тармағында және 312-бабының үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалады және педагогикалық лауазымдарды және кәметке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салудан тұрады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалады және мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекет үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан

астамы аталған еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салудан тұрады.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, егер сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін.

Бас бостандығынан айыруға, қамаққа алуға қосымша жаза ретінде осы жазаны тағайындау кезінде, ол негізгі жазаны өтеудің барлық уақытына қолданылады, бірақ бұл ретте оның мерзімі бас бостандығынан айырылған, қамаққа алынған кезден бастап есептеледі. Жазаның басқа негізгі түрлеріне қосымша жаза түрі ретінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған жағдайда, сондай-ақ жазаны өтеу кейінге қалдырылған немесе шартты түрде сотталған кезде оның мерзімі үкімнің заңды күшіне енген кезінен бастап есептеледі.

5. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамның негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады, олардың түрлері жергілікті атқарушы органдардың немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының актілерімен белгіленеді. 43-бап. Қоғамдық жұмыстарға тарту. 1. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамның жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады.

2. Қоғамдық жұмыстар алпыс сағаттан үш жүз сағатқа дейін белгіленеді және сотталған адам оларды өтеу уақытына негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерін орындаудан босатыла отырып не оқудан бос уақытында күніне төрт сағаттан асырылмай, ал егер сотталған адамның тұрақты жұмыс орны болмаса және ол оқуда болмаса – күніне сегіз сағатқа дейін, бірақ аптасына қырық сағаттан асырылмай өтеледі. Қоғамдық жұмыстардан жалтарған жағдайда ҚК-тің 45-бабының ережелері ескеріле отырып, олар қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты үшін бір тәулікке қамаққа алу есебімен қамаққа алуға ауыстырылады.

3. Қоғамдық жұмыстарға тарту жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге, әскери қызметшілерге тағайындалмайды.

6. 42-бап. Түзеу жұмыстары. 1. Түзеу жұмыстары дегеніміз – сотталған адамның жалақысынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде мемлекет кірісіне ақша өндіріп ала отырып, оны негізгі жұмыс орны бойынша еңбекке тарту және ол сотталған адамның жалақысының (ақшалай үлесінің) жиырмадан қырық пайызға дейінгісін ай сайын мемлекет кірісіне аударып отыру арқылы орындалады. Түзеу жұмыстары қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде белгіленеді.

2. Еңбекке қабілетсіз деп танылған, тұрақты жұмысы жоқ немесе өндірістен қол үзіп оқу орындарында оқитын адамдарға түзеу жұмыстары тағайындала алмайды.

3. Түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайларда, қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігі – ҚК-тің 43 және 45-баптарының ережелері ескеріле отырып, бір айлық есептік көрсеткіш үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты есебімен қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бір тәулікке қамаққа алу есебімен қамаққа алуға, ал қылмыс үшін

тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігі ҚК-тің 46-бабының ережелері ескеріле отырып, төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

7. 45-бап. Қамаққа алу

1. Қамаққа алу сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауды білдіреді.

2. Қамаққа алу отыз тәуліктен тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады.

3. Қамаққа алу кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге тағайындалмайды.

4. Әскери қызметшілер қамақта болуды гауптвахтада өтейді.

8. 44-бап. Бас бостандығын шектеу.

1. Бас бостандығын шектеу сотталған адамға бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Тұрақты жұмыс орны жоқ және оқуда жоқ бас бостандығын шектеуге сотталғандар жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда, бірақ жылына екі жүз қырық сағаттан аспайтын мәжбүрлі еңбекке тартылуға жатады. Бас бостандығын шектеуге сотталған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер мәжбүрлі еңбекке тартылмайды. Өзге жазаны бас бостандығын шектеуге ауыстырған жағдайда, ол бір жылға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін, бұл ретте сотталған адам мәжбүрлі еңбекке тартылмайды. Мәжбүрлі еңбекке тарту күніне сегіз сағатқа дейін, бірақ аптасына қырық сағаттан асырылмай өтеледі.

2. Пробациялық бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады және сот шешімі бойынша сотталған адамның: сотталған адамның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау; белгілі бір орындарға бармау; алкоголизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, жыныс жолдары арқылы берілетін аурулардан емделу курсынан өту; отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыру міндеттерін; сотталған адамның түзелуіне және оның жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуға ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды қамтиды.

3. Бас бостандығын шектеуге сотталған адам жазаны өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімі дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстырылады. Бұл ретте бас бостандығын шектеуді өтеу уақыты ҚК-тің 46-бабының ережелері ескеріле отырып, бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыру мерзіміне есептеледі.

9. 46-бап. Бас бостандығынан айыру.

1. Бас бостандығынан айыру сотталған адамды колония-қонысқа жіберу немесе жалпы, қатаң, ерекше режимдегі түзеу колониясына немесе түрмеге отырғызу арқылы оны қоғамнан оқшаулауды білдіреді.

2. Үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмаған, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жалпы немесе күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларына орналастырылады.

3. ҚК-те көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру – алты айдан он бес жылға дейінгі, ал аса ауыр қылмыстар үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір

бойына белгіленеді. Абайсызда жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру он жылдан аспайды. Айыппұл салуды, түзеу жұмыстарын немесе бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстырған жағдайда, ол алты айға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін. Қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде бас бостандығынан айыру мерзімдерін ішінара немесе толық қосқан жағдайда және ҚК-тің 47-бабының бесінші бөлігінде, 71-бабының бесінші бөлігінде және 77-бабының бесінші бөлігінде көзделген жағдайларда, бас бостандығынан айырудың ең жоғары мерзімі – жиырма бес жылдан, ал үкімдердің жиынтығы бойынша отыз жылдан аспауға тиіс.

4. Өмір бойына бас бостандығынан айыру аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін. Өмір бойына бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды. Кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыру белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін.

5. Бас бостандығынан айыруды:

1) абайсызда жасаған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ қасақана қылмыс жасағаны үшін бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған, алғаш рет сотталған адамдарға – колония-қоныстарда;

2) қасақана онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар және ауыр қылмыстар жасағаны үшін бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдарға және айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға – жалпы режимдегі түзеу колонияларында;

3) аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдарға, сондай-ақ егер сотталған адам бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген болса, қылмыстардың қайталануы кезінде және әйелдерге қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде – қатаң режимдегі түзеу колонияларында;

4) қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға – ерекше режимдегі түзеу колонияларында өтеу тағайындалады.

Аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға, сондай-ақ қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза мерзімінің бір бөлігін, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімді түрмеде өтеу тағайындалуы мүмкін.

Үкіммен тағайындалған түзеу мекемесінің түрін өзгертуді Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес сот жүргізеді.

10. 47-бап. Өлім жазасы

1. Өлім жазасы – ату жазасы адамдардың қаза табуымен ұштасқан террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар үшін ең ауыр жаза ретінде белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы өтінішхат беру құқығы беріледі.

2. Өлім жазасы он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өлім жазасын орындауға мораторий енгізген кезде, өлім жазасы туралы үкімді орындау мораторий қолданылған уақытқа тоқтатыла тұрады.

4. Өлім жазасы туралы үкім күшіне енген кезінен бастап ерте дегенде бір жыл өткеннен кейін, сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылған соң ерте дегенде бір жыл өткеннен кейін орындалады.

5. Өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыруға немесе белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ерекше режимдегі түзеу колониясында жазасын өтей отырып ауыстырылуы мүмкін. Өлім жазасына кесілген адамдардың, өлім

жазасын орындауға мораторийдің күші жойылған жағдайда, мораторий енгізілгенге дейін олардың өтінішхат бергеніне немесе бермегеніне қарамастан, кешірім жасау туралы өтінішхат беруге құқығы бар.

11. 49-бап. Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру

1. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде сот кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оны арнаулы, әскери, құрметті немесе өзге де атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан айыра алады.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары, сол сияқты Қазақстан Республикасының Президенті берген арнаулы, әскери, құрметті немесе өзге де атағы, сыныптық шені, дипломатиялық дәрежесі немесе біліктілік сыныбы бар адамды қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде сот үкім шығарғанда сотталған адамды осы наградалардан, атақтардан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы ұсыныс енгізе алады, ал сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізеді.

12. 48-бап. Мүлікті тәркілеу

1. Мүлікті тәркілеу дегеніміз – сотталған адамның меншігіндегі, заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру.

2. Тәркілеуге мынадай:

1) заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түскен табыстарды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік пен осы мүліктен алынған табыстар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған;

3) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын ақша және өзге мүлік жатады.

3. Егер осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген мүлікке кіретін белгілі бір затты тәркілеу осы затты тәркілеу туралы сот шешімі қабылданған кезде оның пайдаланылуы, сатылуы немесе өзге де себептері бойынша мүмкін болмаса, сот шешімі бойынша осы заттың құнына сәйкес келетін ақшалай сома тәркіленуге жатады.

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 15-бөлімінде көзделген жағдайларда мүлікті тәркілеу соттың шешімі бойынша қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде қолданылуы мүмкін.

13. 51-бап. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу

1. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу осы адамның Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу белгілене отырып, сотталған шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бақыланатын кетуі арқылы орындалады.

2. Қосымша жаза түрі ретінде шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін және ол негізгі жаза түрі өтелгеннен кейін орындалады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық жазаның мақсаттары
2. Жаза жүйесінің түсінігі мен маңызы.
3. Жаза түрлері.
4. Негізгі жаза түрлері.
5. Қосымша жаза түрлері.
6. Жазаның аралас түрлері (негізі жаза түрінде де, қосымша жаза түрінде де қолданылатын).

16-тақырып. Жаза тағайындау.

Негізгі сұрақтар

1. Жаза тағайындаудың жалпы басталуы. Жаза тағайындау үшін қылмыстық құқықтағы Жалпы бөлімнің нұсқауларының мәні.
2. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, олардың түрлері.
3. Белгілі бір қылмыс үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау.
4. Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау. Қатысушылықпен жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау. Қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау. Қылмыстардың қайталануы бойынша жаза тағайындау. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау.
5. Мерзімдерді қосу кезінде оларды белгілеу тәртібі. Жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу.
6. Шартты түрде соттау. Шартты түрде соттауды қолданудың негіздері мен шарттары. Түзелу мерзімі, оның ұзақтығы және мәні. Шартты түрде соттауды алып тастау немесе түзелу мерзімін созу.

1. Қылмыстық құқық жаза тағайындағанда кінәлінің жеке-дара жауапкершілік принципін негізгі басшылыққа алады. Сотталушының нақты қылмыстық құқық бұзушылық істеудегі кінәсі анықталған жағдайда сот оған жазаны, істеген қылмысы үшін жауаптылық қаралған заңның тиісті баптарында көрсетілген шектен шықпай тағайындайды. Мұндай ретте, сез жоқ, істелген қылмыстық құқық бұзушылық ерекшелігі және кінәлінің жеке тұлғасы жан-жақты еске алынады. Тек қана осы мәселелерді есепке алған жаза ғана әділ әрі заңға сай деп танылады.

Жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Қылмыстық заңның осы бабында көрсетілген талаптарды бірнеше топқа бөлуге болады. Оның біріншісі, әділ жаза тағайындалуы болып табылады. Әділеттілік принципі Қылмыстық кодекстің 4-бабында арнайы көрсетілген. Осы бапқа сәйкес адамның қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар іс-әрекеті ғана қылмыстық жауаптылықтың негізі болады. Бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық жауапқа тартуға болмайды делінген. Жазаның әділеттілігі істелген қылмыстың, ауырлығына, оны істеу жағдайларына және кінәлінің жеке басының кім екендігіне сай келуі қажет. Тағайындалған жаза қылмыскердің іс-әрекетінің заңдылық зардабы, нәтижесі болуы керек. Жазаның шегі оның іс-әрекетінің шегіне сайма-сай дәл келуі керек. Осыған байланысты тым жеңіл немесе тыш ауыр жаза тағайындалуға жол берілмеуі керек. Тағайындалған жаза істелген қылмысына пара-пар келетін әділ болғанда ғана ол өз мақсатына жетері анық,

Жаза Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте тағайындалады. Яғни, сот жаза тағайындағанда кінәлінің істеген қылмысы үшін жазаның мөлшерін, түрін сол баптың санкциясы көрсеткен шектен шықпай тағайындауға міндетті.

Сондықтан да әділ жаза тағайындаудың алғы шарты іс-әрекетті дұрыс саралау, яғни істелген іс-әрекеттің белгілерінің нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілеріне дәлме-дәл сай болуын анықтау ете қажет, Қылмысты дұрыс сараламау әділетсіз жаза тағайындауға әкеліп соғады. Қылмыстық заңның нақты құрамының санкциясында көрсетілген жаза мөлшерінің ең жоғарғы шегінен шығып, жаза тағайындауға заң ешқандай жол бермейді. Керісінше, сот жаза тағайындағанда қылмыстық заңның 55-бабында көрсетілген шарттарды еске ала отырып, кінәліге белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындауға құқылы.

Сондай-ақ сот жаза тағайындағанда Ерекше бөлімнің нақты бабының санкциясының шегін ескермеумен бірге Кодекстегі Жалпы бөлімнің ережелерін де басшылыққа алуға міндетті. Яғни, сот адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін алдымен оның іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар ма, жоқ па осы мәселені анықтайды. Егер қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар болса, ол біткен немесе бітпеген қылмыс па, қылмыскер оны жеке өзі немесе басқалармен бірге істеді ме деген мәселелерді анықтайды. Бұл сұрақтарға жауап алу үшін ең алдымен Қылмыстық кодекстің Жалпы бөліміндегі қылмыстың ұғымы, оның сатылары, қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу ұғымы, іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын жағдайлар, қылмыстық заңның уақыттағы, кеңістіктегі, қылмыс жасаған адамдарға қатысты қолданылуы сияқты мәселелерді анықтау керек. Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы бар іс-әрекеттерге жаза тағайындағанда сот ең алдымен адамды қылмыстық құқық бұзушылықты жауаптылықтан және жазадан босатуға негіздер бар ма, жоқ па деген мәселелерді анықтауға міндетті. Егер сот жасаған қылмысы үшін жазатағайындау қажет деп тапса, онда ол Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінен жаза туралы бөліміндегі негізгі қағидаларды — жазаның ұғымы мен мақсаты, жазалау түрлері, жаза тағайындаудың жалпы негіздерін басшылыққа ала отырып біткен немесе бітпеген қылмыстарға, қайталанған, қатысып жасалған қылмыс үшін, қылмыстардың, үкімдердің жиынтығы үшін жаза тағайындаудың ерекшеліктерін ескереді. Сондай-ақ мерзімдерді қосу кезінде оларды белгілеу, жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу туралы Жалпы бөлімінің ережелері негізгі басшылыққа алынады.

52-бап. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында белгіленген шектерде және ҚК-тің Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана, ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза түрі тағайындалады. Жасалған іс-әрекет үшін ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделгеннен неғұрлым қатаң жаза ҚК-тің 58 және 60-баптарына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Жасалған іс-әрекет үшін ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделгеннен онша қатаң емес жаза тағайындау үшін негіздер ҚК-тің 55-бабында айқындалады.

2. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар - 53-бап.

Мыналар қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп танылады:

- 1) мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет қылмыстық теріс қылық не алғаш рет онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасау;
- 2) кінәлі адамның кәмелетке толмауы;
- 3) жүктілік;
- 4) кінәлі адамның жас балаларының болуы;
- 5) медициналық немесе өзге де көмекті көрсету салдарына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін жәбірленушіге тікелей осындай көмек көрсету;

6) қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген мүліктік залалды ерікті түрде өтеу, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген моральдық және өзге де зиянның орнын толтыру;

7) жеке басындағы, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан не жаны ашығандық уәжімен қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

8) күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігіне қарай қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

9) қажетті қорғаныстың, аса қажеттіліктің, құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алудың, негізді тәуекелдің, бұйрықты немесе өкімді орындаудың, жедел-іздігіне іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде құқыққа сыйымдылық шарттарын бұзу жағдайында қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

10) жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылыққа түрткі болған заңға қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқы;

11) шын ниетпен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа да сыбайлас қатысушыларын әшкерелеуге және қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлікті іздестіруге белсенді түрде ықпал ету.

Көзделмеген мән-жайлар да жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескерілуі мүмкін.

Егер жеңілдететін мән-жай ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделген болса, ол өзінен-өзі жаза тағайындау кезінде қайтадан ескерілмеуі мүмкін.

Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар - 54-бап.

Мыналар қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар деп танылады:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы, қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы;

2) қылмыстық құқық бұзушылық арқылы ауыр зардаптар келтіру;

3) қылмыстық құқық бұзушылықты адамдар тобының, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобының жасауы, қылмыстық топ құрамында жасау;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасағанда айрықша белсенді рөл атқару;

5) кінәлі адамға психикасының бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні көрінеу белгілі адамдарды не қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адамдарды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту;

6) ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша, басқа адамдардың құқыққа сыйымды әрекеттері үшін кек алу, сондай-ақ басқа қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру немесе оны жасауды оңайлату мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

7) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәлі адамға тәуелді адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

8) адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

9) аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинаумен қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

10) қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар, жарылыс немесе оларды имитациялайтын құрылғылар, арнайы дайындалған техникалық құралдар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, улы және радиоактивті заттар, дәрілік және өзге де химиялық-фармакологиялық препараттар пайдаланып, сондай-ақ күштеп немесе психикалық мәжбүрлеуді қолданып не жалпы қауіпті тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

11) төтенше жағдай, төтенше ахуал кезінде, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктер барысында қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

12) алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан масаң күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасау. Сот қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай бұл мән-жайды ауырлататын мән-жай деп танымауға құқылы;

13) адамның өзі берген сертін немесе кәсіби антын бұза отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасауы;

14) кінәлі адамға оның қызмет бабына немесе шартқа қарай көрсетілген сенімді пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

15) билік өкілінің нысанды киімін немесе құжаттарын пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

16) құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, судьяның өзінің қызмет бабын пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасауы.

Жаза тағайындау кезінде сот көрсетілмеген мән-жайларды ауырлататын мән-жайлар деп тани алмайды.

3. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау - 55-бап.

Егер ҚК-тің Ерекше бөлігінің адам кінәлі деп танылған бабында немесе бабының бір бөлігінде бас бостандығынан айырудан гөрі онша қатаң емес жазаның негізгі түрі көзделсе, адамды:

) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін соттау кезінде, қылмыспен келтірілген мүліктік залалды адам өз еркімен өтеген, моральдық және өзге зиянды қалпына келтірген жағдайда;

2) ҚК 218, 248 және 249-баптарында көзделгендерді қоспағанда, экономикалық қызмет саласында қылмыс жасағаны үшін соттау кезінде, қылмыспен келтірілген мүліктік залалды адам өз еркімен өтеген жағдайда, бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жаза мерзімін немесе мөлшерін ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде – *жартысынан*;

2) ауыр қылмыс жасаған кезде – *үштен екісінен*;

3) аса ауыр қылмыс жасаған кезде *төрттен үшінен* асыруға болмайды.

Жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері, сондай-ақ процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға болмайды.

Іс-әрекеттің мақсаттары мен себептеріне, кінәлі адамның рөліне, оның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-құлқына байланысты ерекше мән-жайлар және іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болған кезде, сол сияқты топтық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы топтың жасаған іс-әрекеттерін ашуға белсене жәрдемдескен кезде, ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең төменгі шектен төмен жаза тағайындалуы мүмкін не соттың жазаның осы бапта көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрін тағайындауы не міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбауы мүмкін.

Жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, осындай мән-жайлардың жиынтығы да ерекше мән-жайлар деп танылуы мүмкін.

Көрсетілген мән-жайлар болған кезде, жаза ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген төменгі шектен төмен тағайындалуы мүмкін.

4. Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау - 56-бап.

Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде мән-жайлардың себебінен қылмыс ақырына дейін жетпеген сол мән-жайлар ескеріледі.

Қылмысқа дайындалғаны үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе *мөлшерінің жартысынан* асыруға болмайды.

3. Қылмысқа оқталғаны үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің *төрттен үшінен* асыруға болмайды.

4. Қылмысқа дайындалғаны үшін және қылмысқа оқталғаны үшін өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау -57-бап.

Сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау кезінде оны жасауға адамның іс жүзінде қатысу сипаты мен дәрежесі, осы қатысудың қылмыстық құқық бұзушылық мақсатына жетудегі мәні, оның келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянының сипаты мен мөлшеріне ықпалы ескеріледі.

Сыбайлас қатысушылардың біреуінің жеке басына қатысты жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар тек сол сыбайлас қатысушыға жаза тағайындау кезінде ғана ескеріледі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша жаза тағайындау - 58-бап.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде сот әрбір құқық бұзушылық үшін бөлек жаза (негізгі және қосымша) тағайындап, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы немесе тағайындалған жазаларды толық немесе iшiнара қосу арқылы түпкiлiктi жазаны айқындайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында тек қылмыстық теріс қылықтар қамтылса, онда түпкiлiктi жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы не жазаларды iшiнара немесе толық қосу арқылы тағайындалады. Бұл ретте айыппұл түріндегі жазаның түпкiлiктi мөлшерiн – *бiр мың айлық есептiк көрсеткiштен*, ал қоғамдық жұмыстарға тарту немесе қамаққа алу түріндегі жазаның түпкiлiктi мерзiмiн тиiсiнше *алты жүз сағаттан немесе тоқсан тәулiктен* асыруға болмайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына тек қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар кірсе, онда түпкiлiктi жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы тағайындалады.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына ауыр немесе аса ауыр қылмыс кірсе, онда түпкiлiктi жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы немесе жазаларды iшiнара немесе толық қосу арқылы тағайындалады. Бұл ретте бас бостандығынан айыру түріндегі түпкiлiктi жазаны жиырма жылдан асыруға болмайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына жасалғаны үшін ҚК-те жиырма жылға дейiнгi мерзiмге бас бостандығынан айыру түрiнде жаза көзделген ең болмағанда бiр аса ауыр қылмыс кірсе, онда түпкiлiктi жаза жазаларды iшiнара немесе толық қосу арқылы тағайындалады. Бұл ретте бас бостандығынан айыру түрiндегі түпкiлiктi жазаны *жиырма бес жылдан* асыруға болмайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына жасалғаны үшін ҚК-те жиырма жылға дейiнгi мерзiмге бас бостандығынан айыру түрiнде жаза көзделген ең болмағанда бiр аса ауыр қылмыс, сондай-ақ жасалғаны үшін айыппұл тағайындалған қылмыстық теріс қылық кірсе, онда түпкiлiктi жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы тағайындалады.

Егер жиынтыққа кіретін қылмыс үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы тағайындалса, онда түпкiлiктi жаза өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе тиiсiнше өлім жазасы түрiнде тағайындалады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша тағайындалған негізгі жазаға жиынтықты құрайтын құқық бұзушылықтар үшін тағайындалған қосымша жазалар қосылуы

мүмкін. Ішінара немесе толық қосу кезінде түпкілікті қосымша жазаны ҚК-тің Жалпы бөлігінің осы жаза түрі үшін белгіленген ең жоғары мерзімнен немесе мөлшерден асыруға болмайды.

Егер сотталған адамның ісі бойынша сот үкім шығарғаннан кейін оның бірінші іс бойынша үкім шығарылғанға дейін жасаған тағы да басқа қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі екені анықталса, жаза осы баптың қағидалары бойынша тағайындалады. Бұл жағдайда соттың бірінші үкімі бойынша өтелген жаза түпкілікті жаза мерзіміне есептеледі.

Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындау - 59-бап.

Қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау кезінде бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзету ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жайлар, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстардың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі ескеріледі.

Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау -60-бап.

Егер сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ жазаны толық өтегенге дейін жаңадан қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот соттың соңғы үкімі бойынша тағайындалған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігін толық немесе ішінара қосады.

Үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жазаны, егер ол бас бостандығынан айырумен байланысты болмаған жағдайда, ҚК-тің Жалпы бөлігінің осы жаза түрі үшін көзделген ең жоғары мерзімнен немесе мөлшерден асыруға болмайды.

Үкімдердің жиынтығы бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жазаны *жиырма бес жылдан асыруға* болмайды. Егер үкімдердің жиынтығына адам жасалғаны үшін ҚК-те жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген ең болмағанда бір аса ауыр қылмыстың жасалуына кінәлі деп танылған үкім кірсе, онда бас бостандығынан айыру түріндегі үкімдер жиынтығы бойынша түпкілікті жазаны отыз жылдан асыруға болмайды. Егер жиынтыққа кіретін қылмыс үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы тағайындалса, онда түпкілікті жаза өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе тиісінше өлім жазасы түрінде тағайындалады.

Үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жаза жаңадан жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін тағайындалған жазадан да, соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігінен де артық болуға тиіс.

Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде жазалардың қосымша түрлерін қосу қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидалары бойынша жүргізіледі.

5. Жаза мерзімдерін қосу кезінде мерзімдерді айқындау тәртібі -61-бап.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы және үкімдердің жиынтығы бойынша жазаларды ішінара немесе толық қосу кезінде бас бостандығынан айырудың бір күніне:

- 1) қамаққа алудың бір күні;
- 2) бас бостандығын шектеудің бір күні;
- 3) қоғамдық жұмыстарға тартудың төрт сағаты сәйкес келеді.

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу, мүлікті тәркілеу, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары оларды қоғамдық жұмыстарға тартумен, бас бостандығын шектеумен, қамаққа алумен, бас бостандығынан айырумен қосқан кезде дербес орындалады.

Жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу - 62-бап.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырудың, бас бостандығын шектеудің, бас бостандығынан айырудың мерзімдері – айлармен және жылдармен, қамаққа алу мерзімдері – тәуліктермен, қоғамдық жұмыстарға тарту мерзімдері сағаттармен есептеледі.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген жазаны ауыстыру немесе жазаларды қосу, сондай-ақ жазаны есепке алу кезінде мерзімдер тәуліктермен есептелуі мүмкін.

Үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты бас бостандығынан айыру, қамаққа алу, бас бостандығын шектеу түріндегі жаза мерзіміне – бір күнге бір күн есебімен, қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза мерзіміне қоғамдық жұмыстардың төрт сағатына күзетпен ұстаудың бір күні есебімен есептеледі.

Үкім заңды күшіне енгенге дейін ұйқамақта ұстау уақыты бас бостандығынан айыру, қамаққа алу, бас бостандығын шектеу түріндегі жаза мерзіміне – бір күнге екі күн, қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза мерзіміне қоғамдық жұмыстардың екі сағатына ұйқамақта ұстаудың бір күні есебімен есептеледі.

Сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін адамды күзетпен ұстау уақыты мен Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде жасалған қылмыс үшін сот үкімімен тағайындалған бас бостандығынан айыруды өтеу уақыты, адам ҚК-тің 9-бабының негізінде ұстап берілген жағдайда, бір күнге бір күн есебімен есептеледі.

Сот талқылауына дейін күзетпен ұсталған сотталушы адамға айыппұл түріндегі негізгі жазаны тағайындау кезінде сот күзетпен ұсталған мерзімді ескере отырып, тағайындалған жазаны жеңілдетеді немесе осы жазаны өтеуден оны толық босатады.

Қылмыс жасалғаннан кейін психикалық аурумен науқастанған адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған уақыт жаза мерзіміне есептеледі.

6. Шартты түрде соттау - 63-бап.

Егер сот бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындағанда сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген түйінге келсе, ол тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы шығарады.

Шартты түрде соттауды қолдану кезінде сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәлі адамның жеке басын, оның ішінде жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескереді.

Шартты түрде соттауды тағайындау кезінде сот ҚК-тің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша бас бостандығынан айырудың барлық тағайындалған мерзіміне, ал кәмелетке толмағандарға *алты айдан бір жылға* дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілейді.

Шартты түрде сотталғандағы пробациялық бақылау кезеңінде онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты қайталап жасаған кезде де кәмелетке толмағандарға шартты түрде соттау қолданылуы мүмкін.

Шартты түрде соттау кезінде мүлікті тәркілеуден басқа, шектеулердің және жазаның қосымша түрлері тағайындалуы мүмкін.

Шартты түрде соттау кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары тағайындалуы мүмкін.

Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде, адамды аса ауыр қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін соттаған кезде адамдарға - *шартты түрде соттау қолданылмайды*.

Шартты түрде соттаудың күшін жою - 64-бап.

Егер шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі өткенге дейін өз мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдесе, пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органның ұсынуы бойынша сот шартты түрде соттаудың күшін жою туралы және сотталған адамнан сотталғандықты алып тастау туралы қаулы шығара алады. Бұл ретте шартты түрде

соттаудың белгіленген мерзімінің кем дегенде жартысы өткен соң оның күші жойылуы мүмкін.

Шартты түрде сотталған адам:

1) қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке адамға қол сұғатын және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін өзіне әкімшілік жаза қолданылған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған;

2) электрондық бақылау құралдарын қасақана зақымдаған (бүлдірген) не дәлелсіз себептермен тіркелуге келмеген немесе пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органға хабарламай тұрғылықты жерін ауыстырған;

3) қылмыстық теріс қылық жасаған жағдайларда, сот пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органның ұсынуы бойынша пробациялық бақылау мерзімін ұзарта алады, бірақ *бір жылдан* аспайтын мерзімге ұзартады.

Шартты түрде сотталған адам соттың оған жүктеген міндеттерін орындамаған не осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды қайталап жасаған жағдайда, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген органның ұсынуы бойынша сот шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы қаулы етеді, ал кәмелетке толмаған сотталған адамға қатысты пробациялық бақылау мерзімін қайтадан ұзарта алады, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартады.

Шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі ішінде – абайсызда қылмыс не онша ауыр емес қасақана қылмыс, ал шартты түрде сотталған кәмелетке толмаған адам онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған жағдайларда, шартты түрде соттаудың күшін жою немесе оны күшінде қалдыру туралы мәселені сот жаңа қылмыс үшін жаза тағайындаған кезде шешеді.

Шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі ішінде – ауырлығы орташа қасақана қылмыс, ауыр немесе аса ауыр қылмыс, ал кәмелетке толмаған адам ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, сот шартты түрде соттаудың күшін жояды және оған үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген жағдайларда жаза осы қағидалар бойынша тағайындалады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Жаза тағайындау кезінде Жалпы және ерекше бөлім ережелерінің арақатынасы мен маңызы.
2. Жаза тағайындау кезіндегі қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлардың ескерілуі.
3. Жаза тағайындау кезіндегі қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың ескерілуі.
4. Жаза тағайындаудың арнаулы ережелері.

17-тақырып. Қылмыстық жауаптылықтан босату. Жазадан босату. Соттылықты өтеу және алып тастау.

Негізгі сұрақтар

1. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату ұғымы мен мәні. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың тиімділігі.
2. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздері мен тәртібі. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрлері. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық-құқықтық салдары.
3. Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.
4. Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату.
5. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

6. Кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

7. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Ескеру мерзімінің өтуін тоқтату. Ескеру мерзімін қолдану.

8. Жазаны өтеуден босаудың ұғымы. Жазаны өтеуден босаудың негіздері мен түрлері және бұл институттың әлеуметтік-құқықтық мәні.

9. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты босату. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты босатудың негіздері және тәртібі.

10. Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру. Бұл институттың жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты босатудан айырмашылығы.

11. Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру. Бұл жазаны өтеуден босаудың шарттары, мерзімдері және салдары.

12. Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату. Бұл босатудың түрлері.

13. Ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру.

14. Айыптау үкімнің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату. Ескіру мерзімі, ескіру мерзімінің өтуін тоқтату және қайта жаңғырту. Өлім жазасына сотталған адамға қатысты ескіру мерзімін қолдану. Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату. Рақымшылық немесе кешірім жасау актілерінің заңды табиғаты мен мазмұны.

15. Соттылықты қылмыстық құқық институты ретінде. Соттылықты жою және алып тастау. Соттылықты мерзімінен бұрын алып тастау. Қылмыстық-құқықтық институты соттылықтың құқыққорғау органдары, оның ішінде кеден органдары қызметіндегі мәні.

1. Қылмыстық жазадан босату — соттың үкімі бойынша сотталған адамды тағайындалған жазадан толық немесе ішінара босату. Босатудың мәні қоғамға аса қауіпті емес қылмыс жасаған адамға немесе қылмыстық қудалауды үнемдеуге негіз беретін өзге де жағдайларға сәйкес қылмыс жасаған адамға өсер етуден тұрады.

Жазадан босату институтын тағайындаудың басты мақсаты сотталған адамның түзелуін ынталандыру, тез арада оны қайта тәрбиелеу, сонымен бірге жазаны қолданбай-ақ қылмыстық құқықтың мақсаттарына қол жеткізуге болатын жолдарды қолдану табылады. Мұның барлығы қылмыстық заңның гуманизациясын білдіреді.

Негізінен қылмыстық жазадан босату қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі адамға соттың үкімі шығарылғанға дейін, яғни жазаның орындалуы басталғанға дейін, сонымен бірге сотталған адам жазаның бір бөлігін өтегеннен кейін, егер сот жазаның мақсаттары орындалды және сотталушының түзеу үшін тағайындалған жазаның орындалуы қажет емес деп тапқан жағдайларда тағайындалады.

Қылмыстық құқық саласындағы қылмыстық жазадан босату институты қылмыстық-атқару құқығымен ұштасып отырады.

Бірақ та, бұл салада жазадан босату институты толық қамтылмайды. Белгілі бір деңгейде жазадан босату қылмыстық жауаптылықтан босатуды еске түсіреді. Бірақ жауаптылық ұғымы жаза ұғымынан неғұрлым кең.

Қылмыстық жауаптылықтан босату — қылмыстық заңдарға және қылмыстық іс жүргізу заңдарына сәйкес қылмыс жасаған адамға мемлекет органының қылмыстық-құқықтық шараларды қолданудан бас тартуы болып табылады.

Қылмыстық жазадан босату белгілі бір деңгейде қылмыстық жауаптылықтан босатуды еске түсіреді.

Дегенмен, босатудың бұл түрлерінің арасында қағидалық тұрғыдағы айырмашылықтары да бар:

- қылмыстық жауаптылықтан әдетте ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам босатылады. Ал жазадан босату адам ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған жағдайда да мүмкін;

- қылмыстық жауаптылықтан босатуды соттың айыптау үкімі шығарылғанға дейін сот қана емес, сондай-ақ тергеуші де, прокурор да, алдын-ала анықтау органы да жүзеге асырады. Ал жазадан босату айыптау үкімі шығарылғаннан
- кейін және осыған орай тек сотпен ғана жүзеге асырылады.

2. Қылмыстық жауаптылықтан босату институтында сонымен қатар әділеттілік, ізгілік, жеке кінәлі жауаптылық, азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидаттары міндетті түрде бірге жүзеге асырылып отырады. Кейбір жағдайларда кінәлі болып қалған адамды қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ немесе оған жаза тағайындап, бірақ оны жазаны нақты өтеуден босату арқылы, сондай-ақ жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату, өтелмеген жазаның бөлігін жеңілірек жазамен ауыстыру арқылы көзделген міндеттерді орындап тиісті мақсатқа жетуге болады. Құқық қолдану органдары қызметкерлері осы мәселелерді шешу барысында қылмыстың жасалуының қоғамға қауіптілігін ескереді, кінәлінің жеке басына оның қылмыс жасағанға дейінгі және қылмыс жасағаннан кейінгі әрекеттеріне мән беруі керек (шын өкінуі, айыбын мойындап келу, қылмысты ашуға жәрдемдесуі, т.с.с.)

Қылмыстық жауаптылықтан босату адамның жасаған әрекетінің қоғамға қауіптілігі аз, онша қауіпті болмауы және адамға қылмыстық жазаны қолданбай-ақ түзелуі мүмкін болған жағдайларда қолданылады. Осыған байланысты қылмыстық құқық қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату немесе жазаны жеңілірек жазамен айырбастау институтын орнықтырған.

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрлері: 65-бап. Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; 66-бап. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату; 67-бап. Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату; 68-бап. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; 69-бап. Кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; 70-бап. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату; 71-бап. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

3. Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

Қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам, кінәлі адамның жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал еткені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянды қалпына келтіруі ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Осы баптың ережелері ҚК-тің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

4. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату - 66-бап.

Қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан туындаған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғаныс шегінен шыққан адам істің мән-жайлары ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

5. Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату - 67-бап.

Процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату - 68-бап.

Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен

татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықпен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірілген жағдайларда, осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам, егер ол шынайы өкінсе және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Осы баптың ережелері абайсызда адам өліміне не екі және одан да көп адамдардың өліміне әкеп соққан қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

6. 69-бап. Кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Қылмыстық теріс қылықты не қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес, жасалғаны үшін ҚҚ-тің Ерекше бөлігінің тиісті бабында немесе бабының бөлігінде негізгі жазаның өзге де түрлерімен бірге айыппұл көзделген онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адамды сот кепілгерлік белгілей отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

2. Кепілгерлік белгілеу кепілгер болатын жеке тұлғаның – жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген айыппұлдың екі еселенген мөлшеріне тең мөлшерінде, ал заңды тұлғаның – он еселенген ең жоғары мөлшерінде кепіл енгізуінен тұрады.

3. Кепілгерлік мерзімі:

- 1) қылмыстық теріс қылық жасалған кезде – алты айдан бір жылға дейін;
- 2) онша ауыр емес қылмыс жасалған кезде – бір жылдан екі жылға дейін;
- 3) ауырлығы орташа қылмыс жасалған кезде – екі жылдан бес жылға дейін белгіленеді.

4. Егер қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам кепілгерлік кезеңі ішінде жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасамаған болса, кепілгерлік мерзімі өткеннен кейін кепіл кепілгерге қайтарылады.

5. Егер кепілгерлік кезеңі ішінде адам жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешімнің күшін жояды және үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша оған жаза тағайындайды. Бұл ретте кепіл мемлекеттің кірісіне алынады.

6. Осы баптың ережелері сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыстар, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.

70-бап. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер іс сотта қаралған уақытта жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған іс-әрекет қоғамға қауіпті болудан қалды деп танылса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады.

2. Қылмыстық теріс қылықты алғаш рет жасаған не онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адам, егер осы адамның содан кейінгі мінсіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта оның қоғамға қауіпті деп есептелмейтіні анықталса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады.

7. 71-бап. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

Егер қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күннен бастап мынадай мерзімдер:

- 1) қылмыстық теріс қылық жасалғаннан кейін бір жыл;
- 2) онша ауыр емес қылмыс жасалғаннан кейін екі жыл;
- 3) ауырлығы орташа қылмыс жасалғаннан кейін бес жыл;
- 4) ауыр қылмыс жасалғаннан кейін он бес жыл;
- 5) аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейін жиырма жыл өтсе, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Ескіру мерзімдері қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күннен бастап және сот үкімі заңды күшіне енген кезге дейін есептеледі.

Қылмыстық теріс қылықтар бойынша ескіру мерзімдерінің өтуі жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қарамастан тоқтатыла тұрмайды және үзілмейді.

Егер қылмыс жасаған адам тергеуден немесе соттан жалтарса, ескіру мерзімдерінің өтуі тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда ескіру мерзімдерінің өтуі адамның ұсталған немесе оның айыбын мойындап келген кезінен бастап қайта басталады. *Бұл ретте, егер қылмыс жасаған уақыттан бері ескіру мерзімі үзілмесе және мынадай мерзімдер:*

- 1) онша ауыр емес қылмыс жасалғаннан кейін он жыл;
- 2) ауырлығы орташа қылмыс жасалғаннан кейін он бес жыл;
- 3) ауыр қылмыс жасалғаннан кейін жиырма жыл;
- 4) аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейін жиырма бес жыл өтсе, адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Егер ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адам осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса, ескіру мерзімінің өтуі үзіледі. Мұндай жағдайларда ескіру мерзімін есептеу жаңа қылмыс жасалған күннен бастап қайта басталады. Өзге жағдайларда, егер ескіру мерзімі өткенге дейін адам қайтадан қылмыс жасаса, әрбір қылмыс бойынша ескіру мерзімі дербес өтеді.

Кодекс бойынша өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін қылмысты жасаған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Егер сот ескіру мерзімінің өтуіне байланысты адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға болады деп таппаса, онда өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айырумен ауыстырылады, ал өмір бойына бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстырылады.

Бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы, экономикалық қызмет саласында аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға ескіру мерзімдері қолданылмайды.

8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жазадан босатудың мынадай түрлерін қарастырады:

72-бап. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату

73-бап. Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту

74-бап. Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру

75-бап. Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату

76-бап. Ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру

77-бап. Айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату

78-бап. Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату

9. 72-бап. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату

1. Егер сот адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танытын болса, сот бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамды осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Адамдардың қаза табуына әкеп соқтырмаған және аса ауыр қылмыстың жасалуымен ұштаспаған террористік немесе экстремистік қылмысы үшін тағайындалған бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, егер ол террористік немесе экстремистік қылмыстарды болдырмауға, ашуға немесе тергеп-тексеруге, террористік немесе экстремистік топтардың қатысушыларын әшкерелеуге белсенді түрде жәрдемдескен болса, сот оны шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Бұл ретте адам жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

2. Бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға жазасының қалған өтелмеген бөлігі ішінде сот ҚК-тің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша пробациялық бақылауды белгілейді. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде адамға сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде көзделген міндеттер жүктеледі.

3. Сотталған адам:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

2) ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

3) аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін іс жүзінде өтегеннен кейін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген негіздер бойынша жойылған болса;

4) ҚК-тің 120-бабы үшінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында, 121-бабы үшінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында көзделген қылмыстар үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 3) тармағында көзделген негіздер бойынша жойылған болса;

5) сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін ғана шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылуы мүмкін.

4. Жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін;

2) ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

3) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштаспаған аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген негіздер бойынша жойылған болса;

4) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштасқан аса ауыр қылмыс не ҚК-тің 120-бабы үшінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында, 121-бабы үшінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында көзделген қылмыстар үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 3) тармағында көзделген негіз бойынша жойылған болса;

5) сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

5. Сотталған адамның бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауы керек.

6. Сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, егер сот оның бұл жазаны одан әрі өтеуін қажет етпейді деп таныса және ол бас бостандығынан айырудың кемінде жиырма бес жылын іс жүзінде өтесе, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Егер сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаса, ол бас бостандығынан айырудың кемінде он бес жылын іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

7. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде:

1) екі және одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасап, олар үшін оған әкімшілік жаза қолданылса немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан дәлелсіз себеппен екі реттен артық жалтарса не бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін таңдалған тұрғылықты жері бойынша тіркелу үшін бес жұмыс күні ішінде дәлелсіз себеппен келмесе, сот уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазаның қалған өтелмеген бөлігін орындау туралы қаулы шығара алады;

2) қылмысты абайсызда жасаса, сол сияқты жүкті әйел, жас балалары бар әйел, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркек, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйел, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркек, бірінші немесе екінші топтағы мүгедек қылмыстық теріс қылық, қасақана онша ауыр емес қылмыс жасаған жағдайларда, жаңа қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою не оны күшінде қалдыру туралы мәселені сот шешеді. Егер сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жойса, жаза үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындалады;

3) қылмысты қасақана жасаса, осы бөліктің 2) тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сот оған үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды.

8. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамға, адамдардың қаза табуына әкеп соққан не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс үшін сотталған адамға, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін сотталған адамға қолданылмайды.

10. 73-бап. Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту

1. Онша ауыр емес, ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамға, ол қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген не жазаны

өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, сот жазаның қалған өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруы мүмкін. Бұл ретте адам, өмір бойына тағайындалған жазаларды қоспағанда, жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

2. Жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмысы үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден бұрын шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған және жазаның қалған өтелмеген бөлігі кезеңінде жаңа қылмыстар жасаған адам жаза мерзімінің үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру адамдардың қаза табуына әкеп соққан не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс, сондай-ақ қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы жасалған қылмыс үшін сотталған адамдарға қатысты қолданылмайды.

3. Жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру кезінде сот бас бостандығынан айырудың төрт күніне бір айлық есептік көрсеткіш есебімен айыппұлды не бас бостандығынан айырудың бір күніне бас бостандығын шектеудің бір күні есебімен бас бостандығын шектеуді таңдауы мүмкін. Айыппұлға ауыстырудың шарты қылмыспен келтірілген залалды толық өтеу болып табылады.

4. Онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр қылмыстар немесе аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамға, егер ол жазаны өтеу кезеңінде қылмыстық топ жасаған қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал еткен не процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, сот қалған өтелмеген жазасының жартысынан аспайтын бөлігін қысқарта алады.

11. 74-бап. Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру

1. Сотталған жүкті әйелдердің жазаны өтеуін сот бір жылға дейін кейінге қалдыруы мүмкін. Жас балалары бар сотталған әйелдер мен жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазасын орындауды сот бес жылға дейін, бірақ бала он төрт жасқа толғаннан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруы мүмкін. Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуі кейінге қалдырылмайды.

2. Егер осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген сотталған адам баладан бас тартса немесе баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса немесе сотталып, жазасын өтеу кейінге қалдырылған адамды бақылауды жүзеге асыратын орган екі рет жазбаша түрде ескерту жасағаннан кейін қоғамдық тәртіпті бұзса, сот сол органның ұсынуы бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жойып, сотталған адамды сот үкіміне сәйкес тағайындалған жерге жазасын өтеуге жібере алады.

3. Жазаны орындаудың кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала шетінеген не жүктілігі үзілген жағдайларда, сот сотталған адамның мінез-құлқына қарай оны жазаны өтеуден босатуы немесе тағайындалған жазаны неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруы не сотталған адамды жазаны өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

4. Егер сотталған адам жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезеңінде жаңа қылмыс жасаса, сот оған үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды.

12. 75-бап. Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін оны өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын психикасының бұзылуы пайда болған адамды сот жазадан босатады, ал жазасын өтеп жатқан адамды сот оны одан әрі өтеуден босатады. Мұндай адамдарға сот ҚК-те көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін.

2. Өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа, жазаны өтеуге кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шегуші адамды сот жазаны өтеуден босатады немесе науқасының сипаты, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы, сотталған адамның жеке басы және басқа да мән-жайлар ескеріле отырып, жаза неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде аталған адамдар, олар сауыққан жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тартудың немесе айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтіп кетпесе, қылмыстық жауаптылыққа және жазалануға жатады.

13. 76-бап. Ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру

1. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталған адамды, егер өрт немесе дүлей зілзала, отбасының еңбекке қабілетті жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлардың салдарынан оның отбасы үшін аса ауыр зардапқа әкеп соққан мән-жайлар туындаса, сот жазадан босатуы мүмкін.

2. Террористік немесе экстремистік қылмыс не қылмыстық топ құрамында жасалған немесе жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін сотталған адамдарды қоспағанда, ауыр немесе аса ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның жазасын өтеуін сот осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер болған кезде, үш айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыра алады.

14. 78-бап. Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату

1. Рақымшылық жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Парламенті жеке-дара айқындалмаған адамдар тобына қатысты шығарады.

2. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдар рақымшылық жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар жазадан босатылуы мүмкін не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға тағайындалған жазаның мерзімі қысқартылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан рақымшылық жасау туралы актімен сотталғандығы алып тасталуы мүмкін.

Террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жасаған, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған адамдарға рақымшылық жасау туралы акт қолданылмайды.

3. Өзіне қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген белгілі бір жеке-дара айқындалған адамға, сол сияқты шет мемлекет сотының үкімі бойынша тағайындалған жазаны Қазақстан Республикасының аумағында өтеп жатқан не өтеген адамға кешірім жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Президенті шығарады.

4. Қылмысы үшін сотталған адам кешірім жасау кезінде жазаны одан әрі өтеуден босатылуы мүмкін не оған тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін не мұндай адам жазаның қосымша түрінен босатылуы

мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан кешірім жасау актісімен сотталғандығы алып тасталуы мүмкін.

15. 79-бап. Сотталғандық

1. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адам соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап сотталғандығы өтелген немесе алып тасталған кезге дейін сотталған болып есептеледі. Сотталғандық ҚК-ке сәйкес қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы айқындалған кезде және жаза тағайындау кезінде ескеріледі.

2. Жазадан босатылған, сондай-ақ қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адам сотталғандығы жоқ деп танылады.

3. Сотталғандық:

1) шартты түрде сотталған адамдарға қатысты – пробациялық бақылау мерзімі өткен соң;

2) бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлеріне сотталған адамдарға қатысты – жазаны іс жүзінде өтеген соң;

3) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін үш жыл өткен соң;

4) ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін алты жыл өткен соң;

5) аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты жазаны өтегеннен кейін сегіз жыл өткен соң жойылады.

4. Егер сотталған адам Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босатылса немесе жазаның өтелмеген бөлігі жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылса, онда сотталғандықты жою мерзімі жазаның іс жүзінде өтелген мерзімі негізге алына отырып, негізгі және қосымша жаза түрлерін өтеуден босатылған кезден бастап есептеледі.

5. Егер соттың үкімі бойынша адамға негізгі жазамен қатар қосымша жаза тағайындалса, онда сотталғандықты жою мерзімі негізгі және қосымша жаза түрлерін өтеу кезінен бастап есептеледі.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қосымша жаза тағайындалған жағдайларда, онда сотталғандықты жою мерзімі жазаның негізгі түрін өтеу кезінен бастап есептеледі.

6. Адам әртүрлі ауырлық дәрежесіне жататын қылмыстар үшін қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша сотталған кезде, сотталғандық әрбір қылмыс үшін жеке жойылады, бұл ретте жою мерзімдері қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы немесе үкімдердің жиынтығы бойынша жазаны өтеу кезінен бастап есептеледі.

7. Егер сотталған адам жазаны өтегеннен кейін өзін мінсіз ұстаса, онда сот оның өтінішхаты бойынша сотталғандықты жою мерзімі өткенге дейін одан сотталғандықты алып тастай алады.

Бұл норма ауыр немесе аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған адамдарға қолданылмайды.

8. Егер сотталған адам сотталғандықты жою мерзімі өткенге дейін қайтадан қылмыс жасаса, сотталғандықты жою мерзімінің өтуі үзіледі. Бірінші қылмыс бойынша сотталғандықты жою мерзімі соңғы қылмыс үшін негізгі және қосымша жаза түрлерін іс жүзінде өтегеннен кейін қайтадан есептеледі. Бұл жағдайларда адам екі қылмыстың анағұрлым ауыры үшін сотталғандықты жою мерзімі өткенге дейін олар үшін сотталған деп есептеледі.

9. Сотталғандықты жою немесе алып тастау өмір бойына тағайындалған жазаның қосымша түрімен белгіленген шектеулерді қоспағанда, сотталғандыққа байланысты барлық құқықтық зардаптардың күшін жояды.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың түсінігі, мәні, маңызы.
2. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздері.
3. Қылмыстық жазадан босатудың негіздері.

18-тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.

Негізгі сұрақтар

1. 18 жасқа толмаған, қылмыс жасаған тұлғалардың қылмыстық жауаптылығының жалпы сұрақтары.
2. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар түрлері.
3. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындаудың ерекшеліктері.
4. 18 жасқа толмаған тұлғаларды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату.
5. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары. Бұл мәжбүрлеу шараларының қылмыстық жазадан айырмашылығы.
6. Кәмелетке толмағандармен қылмыс жасау кезіндегі соттылық.

1. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығын қарастыратын нормалар ҚК-тің 6-бөлімінде жинақталған.

Жаза мен тәрбиенің дұрыс сәйкестігін қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, мемлекет жасы кәмелетке толмағандардың жеке басының ерекшеліктерін, жасөспірім өмірінің әлеуметтік-психологиялық аспектілерін ескеріп, оларға қатысты қылмыстық жазаның жазалау күшін біршама шектеуді қарастырады. Осыған сәйкес қылмыстық заңда кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазаның бірқатар түрлерін орындау мен қолдануда шектеулер көрсетілген.

Қылмыстық заң кәмелетке толмағандар деп қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдарды айтады. Ал қылмыстық жауаптылық жалпы негізде он алты жастан, кейбір қылмыстар тобы үшін он төрт жастан басталады. Бұл орайда, адамның белгілі жасқа толуы ол туған күні емес, келесі тәуліктен басталады.

90-бап. Осы бөлімнің ережелерін он сегізден жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға қолдану

Он сегіз бен жиырма бір жас аралығындағы қылмыс жасаған адамдарға жасаған іс-әрекетінің сипатын және жеке басын ескере отырып, сот айрықша жағдайларда, оларды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыруды қоспағанда, осы бөлімнің ережелерін қолдана алады.

ҚК-ң 6-бөліміндегі кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығын реттейтін нормаларға талдау жасай отырып, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктерін мына бағыттағы жағдайлармен түсіндіруге болады:

- 1) Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалардың жүйесі бойынша,
- 2) Оларға жаза тағайындаудағы ерекшеліктер бойынша;
- 3) Кәмелетке толмағандарды жауаптылық пен жазадан босату кезіндегі ерекшеліктері;
- 4) Ескіру мерзімі, соттылықты өтеу кезіндегі ерекшеліктер;
- 5) Тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі бойынша.

Қылмыстық заңда қарастырылған жаза түрлері жазаның белгілі бір жүйесін құрайды. Жаза жүйесі деп қатандық дәрежесі бойынша белгілі бір тәртіппен орналасқан және сот үшін міндетті болып табылатын қылмыстық заңмен бекітілген жазалардың түпкілікті тізімін түсіну қажет. ҚК-ң 79-бабында кәмелетке толмағандарға қолданылатын жазалар жүйесі көрсетілген. Бұл жүйенің өзіндік ерекшеліктері бар. ҚК-ң 39-бабында қарастырылған он екі жазаның ішінде кәмелетке толмағандарға мына жеті жаза түрлері ғана тағайындалады: айыппұл, белгілі бір қызметпен айналасу құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, қамау, бас бостандығынан айыру.

2. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын жоғарыда аталған жаза түрлерінің мөлшері мен шектері ересек қылмыскерлерге қарағанда едәуір төмендетілген.

81-бап. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері

1. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру болып табылады.

2. Кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

3. *Айыппұл* кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл айлық есептік көрсеткіштің *оннан екі жүз елуге* дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

4. *Түзеу жұмыстары* дербес табысы немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға айлық есептік көрсеткіштің *оннан екі жүз елуге* дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

5. *Қоғамдық жұмыстарға тарту қырық сағаттан бір жүз елу* сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмыстарды орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. Он алты жасқа дейінгі адамдардың бұл жаза түрін орындау ұзақтығы – күніне *екі сағаттан*, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне *үш сағаттан* аспауы керек.

6. *Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу* – *екі жылға* дейінгі мерзімге, ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстыру жағдайында жазаның қалған өтелмеген бөлігінің бүкіл мерзіміне тағайындалады.

7. *Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру* – *он жылдан аспайтын*, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Онша ауыр емес қылмыс немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

8. Кәмелетке толмаған сотталған адамдар бас бостандығынан айыруды:

- 1) бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған еркек жынысты кәмелетке толмағандар, сондай-ақ әйел жынысты кәмелетке толмағандар – жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында;
- 2) бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген еркек жынысты кәмелетке толмағандар – күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында өтейді.

9. Іс-әрекеттің сипатына және қоғамға қауіптілік дәрежесіне, кінәлі адамның жеке басына және істің өзге де мән-жайларына қарай сот қабылданған шешімнің уәждерін көрсете отырып, еркек жынысты кәмелетке толмаған сотталған адамның бас бостандығынан айыруды жалпы режимдегі тәрбиелеу колониясында өтеуін тағайындауы мүмкін.

10. Сот жазаны орындаушы органға кәмелетке толмаған сотталған адаммен қарым-қатынас кезінде оның жеке басының белгілі бір ерекшеліктерін ескеру туралы нұсқау беруі мүмкін.

3. Қылмыстық заң кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау кезінде соттарды ҚК-ң 52-бабындағы жаза тағайындаудың жалпы негіздерімен бірге кәмелетке толмағандардың тұрмыс және тәрбие алу жағдайларын (отбасындағы сәтсіз жағдай, ата-ананың дәрексіздігімен, қатыгездікпен қарауы және т.б.), психикалық даму деңгейін, жеке басының ерекшеліктерін, қылмыс жасаудың себептерін, жасөспірімге ересек адамдардың әсерін ескеруді міндеттейді.

Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе оған жаза тағайындау туралы мәселелерді дұрыс шешу үшін кәмелетке толмағандардың иланушылығы,

ашушандығы, тәуелділігі, сөзге, қиялға, бастамашылыққа бейімділігі сияқты жеке басының өзіндік қасиеттерін де анықтап алу қажет. Бұл мақсатта оны тәрбиелеп отырған адамдардан және басқа қатысты адамдардан жауап алып, оның денсаулығына және санасының дамуына қатысты ресми құжаттарды сұратып, оның жеке басының құжаттарын (күнделіктер, жазбалар, хаттар, аудио жазбалар және т.б.) зерттеген жөн.

Кәмелетке толмағанның ақыл-есінің артта қалуы туралы жорамалға негіз болатын меліметтер болған жағдайда, оның психикалық жетілуін анықтау үшін міндетті түрде кешенді психологиялық-психиатриялық сараптама тағайындалады. Ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған кезде осындай психикалық дамуы жағынан артта қалуы кәмелетке толмағанға жаза тағайындағанда ескерілуі қажет.

ҚК-ң 53-бабына сәйкес айыптының кәмелет жасқа толмауы қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай болып табылады. Ол басқа да жеңілдетуші мән-жайлардың жиынтығымен ескерілуі мүмкін.

4. Тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шаралары мемлекеттік мәжбүрлеу шарасының бір түрі, бірақ жазаға қарағанда құқықтық мәні бойынша соттылыққа әкеп соқпайды. Қылмыстық заң гуманизм принципін басшылыққа ала отырып, кәмелетке толмағандарға тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданып оларды жазадан босату мәселесін қарастырады.

83-бап. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату

1. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

2. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қол жеткізуге болады деп танылса, сот жазадан босатуы мүмкін.

3. Қазаға ұшыратумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды сот, ҚК-тің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

5. 84-бап. Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары

1. Сот кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мынадай мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;
- 3) келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу;
- 4) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;
- 5) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру;
- 6) жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеу;
- 7) пробациялық бақылау белгілеу.

Кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар бірнеше мәжбүрлеу шарасы бір мезгілде тағайындалуы мүмкін.

85-бап. Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларының мазмұны және оларды қолдану мерзімдері

1. Ескерту кәмелетке толмаған адамға оның іс-әрекетімен келтірілген зиянды және ҚК-те көзделген құқық бұзушылықтарды қайталап жасаудың зардаптарын түсіндіруден тұрады.

2. Қадағалауға беру ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға не мамандандырылған мемлекеттік органға кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпал ету және оның мінез-құлқын бақылау жөнінде міндеттер жүктеуден тұрады.

3. Келтірілген зиянды қалпына келтіру міндеті кәмелетке толмаған адамның мүліктік жағдайы және оның тиісті еңбек дағдыларының болуы ескеріле отырып жүктеледі.

4. Кәмелетке толмаған адамның бос уақытын шектеу және оның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу белгілі бір орындарға баруға, бос уақыттың белгілі бір нысанын, оның ішінде механикалық көлік құралын басқаруға байланысты нысанын пайдалануға тыйым салуды, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерде болуын, мамандандырылған мемлекеттік органның рұқсатынсыз басқа жерлерге баруын шектеуді көздеуі мүмкін.

Кәмелетке толмаған адамға білім беру мекемесіне қайта оралу, оқуын жалғастыру немесе аяқтау не мамандандырылған мемлекеттік органның көмегімен жұмысқа орналасу талабы да қойылуы мүмкін. Осы тізбе толық болып табылмайды.

5. Алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыруды сот қасақана ауырлығы орташа қылмыс немесе ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмаған адамға тағайындауы мүмкін. Аталған ұйымдарда болу адамның кәмелетке толуына байланысты, сондай-ақ егер түзетуді қамтамасыз ететін мамандандырылған мемлекеттік органның қорытындысы негізінде сот кәмелетке толмаған адам өзінің түзелуі үшін бұдан әрі бұл шараны қолдануды қажет етпейді деген түйінге келсе, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

6. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуды осы баптың бесінші бөлігінде көзделген мерзім өткеннен кейін ұзартуға тек кәмелетке толмаған адамның жалпы білім беретін немесе кәсіптік даярлығын аяқтауы қажет болған жағдайда ғана жол беріледі, бірақ ол кәмелетке толғаннан аспауы керек.

7. Кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуының тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

8. Кәмелетке толмаған адам келтірген зияны үшін жәбірленушіден өзі кешірім сұрайды.

9. Пробациялық бақылау ҚК-тің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша бір жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

10. ҚК-тің 84-бабы бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақтарында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мерзімі қылмыстық теріс қылық жасаған кезде – ұзақтығы алты айға дейін, онша ауыр емес қылмыс жасаған кезде – алты айдан бір жылға дейін, ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде – бір жылдан екі жылға дейін және ауыр қылмыс жасаған кезде екі жылдан үш жылға дейін белгіленеді.

11. Кәмелетке толмаған адам тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шарасын бір жыл ішінде екі және одан да көп рет қасақана орындамаған жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі өтіп кетпесе, мамандандырылған мемлекеттік органның ұсынуы бойынша сот бұл шараның күшін жояды және материалдар кәмелетке толмаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жіберіледі.

6. 86-бап. Кәмелетке толмағандарды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату

1. Кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға, бас бостандығын шектеуге немесе түзеу жұмыстарына сотталған адамдар, оларда жазаны өтеудің немесе орындаудың белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылық болмаған жағдайда:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің немесе мөлшерінің кемінде төрттен бірін;

2) ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің немесе мөлшерінің кемінде үштен бірін;

3) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштаспаған аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

4) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштасқан аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін іс жүзінде өтегеннен немесе орындағаннан кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

2. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам пробациялық бақылау мерзімі ішінде абайсызда қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана онша ауыр емес қылмыс жасаған жағдайларда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою немесе оны күшінде қалдыру туралы мәселені жаңа қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде сот шешеді. Егер сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жойса, жаза үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындалады.

3. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам пробациялық бақылау мерзімі ішінде қасақана ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жояды және жазаны үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындайды.

87-бап. Кәмелетке толмағандарға жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру

1. Кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамдарға, сот оларда жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылық болмаған кезде, жазаның қалған өтелмеген бөлігін:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде бестен бірін;

2) ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің төрттен бірін;

3) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштаспаған аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің үштен бірін;

4) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштасқан аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін бас бостандығын шектеуге ауыстыруы мүмкін.

2. Жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру кәмелетке толмаған жаста қылмыстық топ құрамында қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға қолданылуы мүмкін.

88-бап. Ескіру мерзімдері

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан немесе жазаны өтеуден босату кезінде қылмыстық жауаптылыққа тартудың немесе айыптау үкімінің ескіру мерзімдері тең жартысына қысқартылады.

89-бап. Сотталғандықты жою мерзімдері

Он сегіз жасқа толғанға дейін қылмыс жасаған адамдар үшін ҚК-тің 79-бабында көзделген сотталғандықты жою мерзімдері қысқартылады және олар тиісінше:

1) бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлерін өтегеннен кейін - төрт айға;

2) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін - бір жылға;

3) ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін - екі жылға;

4) аса ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін үш жылға тең болады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері.
2. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктері.
3. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын жаза түрлері, мерзімі мен мөлшері.
4. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау барысындағы ерекшеліктер.

19-тақырып. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

Негізгі сұрақтар

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының ұғымы, қолдану мақсаты және құқықтық табиғаты. Бұл мәжбүрлеу шараларының қылмыстық жазадан айырмашылықтары.
2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың негіздері.
3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері. Емханалық мәжбүрлеу қадағалау және психиатрда емделу. Жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеу емдеу, психиатриялық стационарлар түрлері.
4. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату.
5. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданғаннан кейін жаза тағайындау.
6. Жазаны атқарумен біріккен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

1. Заңдық критерии жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекеттің ауырлығы, ауру адамның қылмысты жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлығы, адамның әлеуметтік психологиялық ұстанымдары және т.б. жағдайлар арқылы анықталады. Ал, медициналық критерии психикалық аурудың клиникалық нысанымен, оның күрделілігі және тереңдігімен, аурудың жазылу динамикасымен сипатталады.

Психикалық ауру адамның қоғамға қауіптілігі сонымен бірге аурудың ұзаққа созылуымен де түсіндіріледі.

Сонымен, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың негізі деп қылмыс жасаған психикалық ауру адамдарға аталған шараларды қолдану қажеттілігін анықтайтын жағдайлардың жиынтығын түсіну қажет.

Қылмыстық заңға сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған психикалық ауру немесе осындай шараларды қолдануды қажет ететін өзге де адамдарды емдеу, олардың психикалық жағдайын жақсарту, сондай ақ олардың жаңа қылмыстарды жасауын болғызбау мақсаттарында қолданылады. Сонда, аталған шараларды қолданудың мақсаты қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасаған қоғамға қауіпті психикалық ауру адамдарды мәжбүрлеу емдеудегі заңшығарушының тіпті нәтижесін көрсетеді. Ал медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының міндеттері ретінде психикалық ауру адамдарға мәжбүрлеу емдеуді қолданудың қылмыстық-құқықтық және медициналық мақсаттарына қол жеткізу процесі кезінде құқық қолданушы шешуге тура келетін қылмыстық-құқықтық шараларды айтуға болады.

2. Мәні бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың мақсаттары қылмыстық-құқыққа қайшы іс әрекетті жасаған психикалық ауру адамға қатысты тергеу, сот, қылмыстық-атқару және арнаулы бағдардағы медициналық мекемелердің қызметтерінің негізгі бағыттарын білдіреді.

92-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану мақсаттары

ҚК-тің 91-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарды емдеу немесе олардың психикалық жай-күйін жақсарту, сондай-ақ олардың ҚК-тің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген жаңа іс-әрекеттерді жасауының алдын алу медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың мақсаттары болып табылады.

91-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері

1. Сот медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын:

1) есі дұрыс емес күйде ҚК-тің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген іс-әрекеттерді жасаған;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасы жаза тағайындау немесе оны орындау мүмкін болмайтындай бұзылған;

3) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған және есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасының бұзылуынан зардап шегетін;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған және алкоголизмнен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан емдеуге мұқтаж деп танылған адамдарға тағайындауы мүмкін.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары психикасының бұзылуы бұл адамдардың өзге елеулі зиян келтіру мүмкіндігіне не өзіне немесе басқа адамдарға қауіп төндіруіне байланысты жағдайларда ғана тағайындалады.

3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын орындау тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде және денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында айқындалады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген және өзінің психикалық жай-күйі бойынша қауіп төндірмейтін адамдарға қатысты сот осы адамдарды емдеу немесе оларды психоневрологиялық ұйымдарға жіберу туралы мәселені Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешу үшін денсаулық сақтау органдарына қажетті материалдар жібере алады.

3. Қылмыстық заң мәжбүрлеп психиатриялық емдеуді қажет ететін қылмыс жасаған адамдарға сот арқылы тағайындалуы мүмкін медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының мынадай төрт түрін қарастырады:

- 1) амбулаториялық мәжбүрлеп байқауды және психиатрда емдеуді;
- 2) жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеуді;
- 3) мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеуді;
- 4) интенсивті байқайтын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеуді тағайындауы мүмкін.

Медициналық мәжбүрлеу шараларын мұндай түрлерге бөлу мәжбүрлеп емдеу жүргізілетін психиатриялық мекемелердің түрлеріне сәйкес жүзеге асырылады. Олар бір бірінен мәжбүрлеп емделуде жатқан адамды қадағалау режимінің қатандық дәрежесіне байланысты ажыратылады. Ал адамды емдеу процесі мәжбүрлеу шарасының түріне байланысты емес, денсаулық сақтау министрлігімен бекітіледі.

Медициналық мәжбүрлеу шарасының түрін таңдау кезінде сот ең алдымен ауру адамның психикалық жағдайын, оның жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін, қоғамға қауіпті іс-әрекетті қайталап жасау мүмкіндігін ескереді. Мұндай мәжбүрлеу шарасының белгілі бір түрін талдау үшін сот-психиатриялық немесе сот-наркологиалық сараптамаларының қорытындысы маңызды болып табылады. Бұл қорытындыларды сотқа нақты ауру адамға медициналық мәжбүрлеу шарасының қандай түрін тағайындау мақсатқа лайық болатыны туралы нұсқаулар береді.

94-бап. Амбулаториялық мәжбүрлеп байқау және психиатрда емдеу

Егер адам өзінің психикалық жай-күйі бойынша психиатриялық стационарға орналастыруды қажет етпесе, ҚК-тің 91-бабында көзделген негіздер болған кезде амбулаториялық мәжбүрлеп байқау және психиатрда емдеу тағайындалуы мүмкін.

95-бап. Психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу

1. Егер адамның психикасының бұзылу сипаты тек психиатриялық стационарда ғана жүзеге асырыла алатын емдеудің, күтудің, ұстаудың және байқаудың осындай шарттарын талап ететін болса, ҚК-тің 91-бабында көзделген негіздер болған кезде психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу тағайындалуы мүмкін.

2. Жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекетінің сипаты бойынша стационарлық емдеу мен байқауды қажет ететін, бірақ интенсивті байқауды талап етпейтін адамға тағайындалуы мүмкін.

3. Мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекетінің сипаты бойынша тұрақты байқауды талап ететін адамға тағайындалуы мүмкін.

4. Интенсивті байқайтын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекетінің

сипаты бойынша өзіне немесе басқа да адамдарға айрықша қауіп төндіретін және ұдайы әрі интенсивті байқауды талап ететін адамға тағайындалуы мүмкін.

4. 96-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзартуды, өзгертуді және тоқтатуды психиатр-дәрігерлер комиссиясының қорытындысы негізінде мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мекеме әкімшілігінің ұсынуы бойынша сот жүзеге асырады.

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы тағайындалған адам сотқа осындай шараны тоқтату туралы немесе өзгерту туралы ұсыныс енгізу үшін негіздердің бар екені жөніндегі мәселені шешу үшін кемінде алты айда бір рет психиатр-дәрігерлер комиссиясында куәландырылып отыруға жатады. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануды тоқтату немесе өзгерту үшін негіздер болмаған кезде мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мекеменің әкімшілігі мәжбүрлеп емдеуді ұзарту үшін сотқа қорытынды береді. Мәжбүрлеп емдеуді бірінші ұзарту емдеу басталған кезден бастап алты ай өткеннен кейін жүргізілуі мүмкін, мәжбүрлеп емдеуді одан кейін ұзарту жыл сайын жүргізіледі.

3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын өзгертуді немесе тоқтатуды адамның психикалық жай-күйі өзгеріп, бұрын тағайындалған шараны қолдануда қажеттілік болмай қалған не медициналық сипаттағы өзге мәжбүрлеу шарасын тағайындауда қажеттілік туындаған кезде сот жүзеге асырады.

4. Психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеуді қолдану тоқтатылған жағдайда, сот мәжбүрлеп емдеуде болған адамға қатысты қажетті материалдарды оны емдеу немесе психоневрологиялық ұйымға жіберу туралы мәселені Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешу үшін денсаулық сақтау органдарына беруі мүмкін.

5. 97-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылғаннан кейін жаза тағайындау

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін немесе жазасын өтеу уақытында өзінің әрекеттері үшін өзіне есеп беру немесе оларға ие болу мүмкіндігінен айыратын психикалық аурумен ауырған адамға, егер ескіру мерзімі өтіп кетпесе немесе оны қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату үшін негіздер болмаса, ол сауыққаннан кейін сот оған жаза қолдана алады.

2. Психикасының бұзылуы қылмыс жасағаннан кейін басталған адам емделген жағдайда, жаза тағайындау немесе оны орындауды қайта бастау кезінде адамға психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу қолданылған уақыт бас бостандығынан айырудың бір күні үшін не қамаққа алудың бір күні үшін психиатриялық стационарда болған бір күн есебімен жаза мерзіміне есептеледі.

6. 98-бап. Жазаны орындаумен біріктірілген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

1. ҚК-тің 91-бабы бірінші бөлігінің 3) тармағында көзделген жағдайда, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары – бас бостандығынан айыруды өтеу орнында, ал өзге де жаза түрлеріне сотталғандарға қатысты амбулаториялық психиатриялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында орындалады.

2. ҚК-тің 91-бабы бірінші бөлігінің 4) тармағында көзделген жағдайда, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары – бас бостандығынан айыруды өтеу орнында, ал өзге де жаза түрлеріне сотталғандарға қатысты денсаулық сақтау ұйымдарында орындалады.

3. Сотталған адамның стационарлық емдеуді талап ететін психикалық жай-күйі өзгерген кезде сотталған адамды психиатриялық стационарға немесе өзге де емдеу мекемесіне

орналастыру Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізіледі.

4. Аталған мекемелерде болған уақыт жазаны өтеу мерзіміне есептеледі. Сотталған адамның көрсетілген мекемелерде одан әрі емделуіне қажеттілік болмай қалған кезде оны шығару Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен жасалады.

5. Жазаны орындаумен біріктірілген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасының қолданылуын тоқтатуды жазаны орындаушы органның ұсынуы бойынша, психиатр-дәрігерлер комиссиясының қорытындысы негізінде сот жүргізеді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері.
2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының мерзімін ұзарту, өзгерту және тоқтату.
3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданғаннан кейін жаза тағайындау.
4. Жазаны орындауға қосылған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

5. ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ (ЖАЛПЫ БӨЛІМ) ПӘНІН ОҚЫТУ БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

ҚР Қылмыстық құқығы (жалпы бөлім) пәні құрылымы жағынан пәннің оқу-әдістемелік кешенін толық қамтиды: онда пәннің оқу жұмыс бағдарламасы, силлабус, жеке сабақ түрлері бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулар, тапсырмалар, глосарий, студент білімін бағалау жүйесінен тұрады. Аталмыш нұсқаулар құжат жоғары оқу орындарында 5В030100 «Құқықтану», 5В030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандықтары бойынша күндізгі, кешкі оқу факультеттерінде білім беруге арналады.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында қылмыстық құқықты оқыту құқық қорғау органдарына жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті терең теориялық білім беруді және осы негізде қалыптасқан мықты дағды мен біліктілікті студент бойына қалыптастыруды мақсат етеді.

Курстың негізгі міндеттері болып жүйелі мазмұндау және қылмыстық құқық ғылымының қағидалары мен ережелері туралы теориялық білім беру, студенттерді қолданыстағы қылмыстық заңнамаларды дұрыс түспалдауға, қылмыстарды саралауға, қылмыстық құқық нормаларын шебер түсіндіру және қолдануға үйрету табылады. Басты міндеті студенттерді қылмыстық заңға азаматтардың құқығы, бостандығы және заңды мүдделерін, сонымен бірге қоғам және мемлекет мүддесін қылмыстық қолсұғушылық әрекеттен қорғайтын бұлжымас құрал ретінде құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Қылмыстық құқық курсының маңызды жағы – жалпы теориялық, әсіресе, құқықтық және арнайы пәндер – қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару, әкімшілік, азаматтық құқтармен, криминологиямен, криминаластика, жедел іздестіру қызметі және т.б. пәнаралық байланысты белсенді дамыту.

Қылмыстық құқық дәрістері әр жоғары оқу орнының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып оқытылуы тиіс. Студенттермен жұмысты осы ерекшеліктерді ескере отырып, дөңгелек үстел, көкейкесті проблемалар туралы сөз жарыстыру, олимпиада, топтық жаттығу, рөлдік ойындар, қылмыстық істердің макетін талдау сияқты перспективалық семинар және тәжірибелік дәрістердің түрлерін енгізе отырып жасау керек. Студенттерді тәжірибелік оқытудың нәтижелі нысаны ретінде қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін кафедрааралық кешендік оқу ұсынылады.

Студенттер дәрістер мен зертханалық сабақтарда алған білімдерін толық жеке жұмыс жүргізу кезінде ОЖСӨЖ, СӨЖ сабақтарында ары қарай толық меңгере алады.

Студенттердің жеке өзіндік сабақтары мен жеке жұмыстары бақылау тапсырмалары, өзекті теориялық мәселелердің мазмұнына шолу, жарияланған тергеулік тәжірибенің талдауы құқық қорғау органдарының тәжірибесін жинақтау, қылмыстық істердің макетін дайындау сынаудан өткізілген нысандар мен әдістерден құрылады. Ол келешекте сот, құқық қорғау органдары қызметкерлерін, заңгерлерді даярлауда ат салысады.

6. СЕМИНАР САБАҚТАРДЫ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАМАЛАР

Сіздің курс бойынша жан-жақты әрі толық білім алуыңыз бен қорытынды рейтинг баллыңызға семинар сабақтарына қаншалықты дайын болғандығыңыз, семинар сабағы барысында тақырыпты талқылауға қаншалықты қатысқаныңыз, дәріс сабағы барысында тақырыпты толық ұғына алмағандығыңызаса маңызды ықпал ететіндігін ұмытпаңыз, сол себепті әрбір семинар сабағына SYLLABUS-та көрсетілген пәннің мазмұнына қарай, толық әрі жан-жақты дайындалып жүріңіз, себебі дәріс және семинар сабағы барысында ұғынған, ОЖСӨЖ және СӨЖ тапсырмаларын орындау барысында қорытып жинақтаған білімдеріңіздің деңгейі тек өзіңіздің жауаптылығыңыз бен өзіндік жұмыс жасау қабілетіңізге ғана байланысты болады.

Төменде барлық семинар сабақтарына бірдей дайындалу жөніндегі жалпылама әдістемелік нұсқамалар беріледі. Жалпы әрбір семинардың тақырыбы мен қарастыратын сұрақтары жөніндегі мәліметтерді пән бойынша SYLLABUS-ыңызда белгіленген пән мазмұнына сәйкес анықтап отырасыз. Барлық семинар сабақтарының өткізілу нысаны: ауызша сұрау.

Сағат көлемі 1 сағат, яғни бір аптада 50 минут. Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиетті жалпы ұсынылатын негізгі және қосымша әдебиет тізімімен өзіңіз анықтап қарап аласыз.

Курс бойынша семинар сабақтарына дайындалуға жалпы әдістемелік нұсқама:

Семинар сабағы тақырып бойынша дәріс сабағында алынған білімдер мен студенттің өз бетінше қосымша оқып білген білімдерін талқылап, қорыту үшін арналған. Семинар сабағының тақырыбы өте ауқымды, ал сабаққа бөлінген сағат көлемі өте аз болғандықтан, сондай-ақ кредиттік технология бойынша, оқытудың талаптары бойынша білім алу барысында студенттің өздік жұмысына көбірек көңіл бөлінуі қажет екендігіне, курсты меңгеру барысындағы жетістікке қол жеткізу, ең алдымен студенттің оқу белсенділігінде екенігіне байланысты осы тақырыпты толығырақ әрі тереңірек ұғыну үшін ұсынылған SYLLABUS-та көрсетілген барлық талаптарға сәйкес тапсырмаларды орындауыңыз, ұсынылатын негізгі және қосымша әдебиеттер тізімімен танысуыңыз қажет болады. Сонымен қатар, семинар сабағында студент мүмкіндігінше көбірек баға алып қалуға тырысуы қажет. Бұл өкінішке орай, кредиттік технология бойынша білім алатын студенттер үшін аса күрделі болып келеді, себебі семинар сабағына тек 1 сағат, яғни 50 минут бөлінеді, ал топта орташа есеппен 10 студенттен 20-25 студентке дейін оқиды. Семинар сабағы кезіндегі студенттің сабақты талдауға қатысуы, сабақта тәртіпті бұзбауы, сабаққа студенттің толығымен дайын болуы (бұл дегеніміз ішінара, шала-пұла дайындығы емес), жалпы курс бойынша студенттің қорытынды рейтинг бағасына ықпал ететінін ұмытпаңыз.

Семинар сабағына дайындық:

- семинар сабағына кешікпеңіз;
- семинар сабағының тақырыбына толықтай дайын болыңыз;
- семинар сабағына дәріс дәптеріңізбен семинар дәптеріңізді ұмытпаңыз;
- семинар дәптеріңізде тиісті тақырыптағы көзделген нысанындағы СӨЖ тапсырмаңыз орындалып тұруы тиіс.

Семинар сабағы №1

Тақырып. Қылмыстық құқықтың қысқаша сипаттамасы

Семинар мақсаты: Қылмыстық құқықтың сипаттамасын ашып көрсету

Тапсырмалар:

1. Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларымен арақатынасын анықтаңыз.
2. Қылмыстық кодекстің негізгі ұғымдарын сипаттаңыз.
3. Қылмыстық құқықтың жүйесі атты схема сызыңыз.

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқықтың түсінігі.
2. Қылмыстық құқықтың міндеттері.
3. Қылмыстық құқық қағидалары.
4. Қылмыстық құқықтың қайнар көздері.
5. Қылмыстық құқық жүйесі.
6. Қылмыстық құқық ғылымы.
7. Қылмыстық құқықтың басқа пәндермен байланысы.
8. Қылмыстық құқықтың Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде алатын орны.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №2

Тақырып. Қылмыстық заңның қысқаша сипаттамасы

Семинар мақсаты: Қылмыстық заңға жалпылама сипаттама беріңіз.

Тапсырмалар:

1. Қылмыстық заңнаманы басқа құқық саласының заңнамасымен салыстырмалы кесте сызыңыз.
2. Қылмыстық заңнаманың тарауларына талдау жасаңыз.
3. Қылмыстық заңнамаға байланысты кроссворд жасаңыз.

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық заңның түсінігі, белгілері, маңызы.
2. Қылмыстық заңның міндеттері.
3. Қылмыстық заңның құрылымы.
4. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші.
5. Қылмыстық заңның мерзімдегі күші.
6. Қылмыстық заңның кері күші.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №3

Тақырып. Қылмыс және қылмыстық жауаптылық: түсінігі, арақатынасы.

Семинар мақсаты: Қылмыс ұғымын анықтап, қылмыстық жауаптылық жас шамаларын көрсету.

Тапсырмалар:

1. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық жауаптылық жас шамасының түрлеріне салыстырмалы кесте сызу (мысалымен бірге)
2. Қылмыс санаттары атты баяндама жазу
3. Қылмыстың басқа құқық бұзушылықтардан айырмашылығына салыстырмалы кесте сызу.

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі мен белгілері.
2. Қылмыстың санаттары.
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.
4. Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі.
5. Қылмыстық жауаптылықтың басқа құқықтық жауаптылық түрлерінен айырмашылығы.
6. Қылмыстық құқық бұзушылық пен қылмыстық жауаптылықтың арақатынасы.
7. Қылмыстық жауаптылықтың негізі.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №4-5

Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы: түсінігі, маңызы, элементтері.

Семинар мақсаты: Қылмыс құрамының түсінігін ашып көрсету.

Тапсырмалар:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықты саралаудың түсінігі мен маңызы атты қысқаша баяндама жазу.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамына схема сызу
3. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамына қатысты крассворд сызу.

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі.
2. Қылмыстық құқық бұзушылықты саралаудың түсінігі мен маңызы.
3. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы және қылмыстық құқық бұзушылықты саралау ұғымдарының арақатынасы.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері.
5. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері.
6. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі.
7. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағы.
8. Қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағы.
9. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №6

Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық істеу сатылары.

Семинар мақсаты: Қылмыстық құқық бұзушылық істеу сатыларының ерекшеліктерін білу.

Тапсырмалар:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық істеу сатыларын кезектерімен жасалуына қатысты схема сызу
2. Аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылық тақырыбына шағын реферат жазу.
3. Қылмыстық құқық бұзушылық аяғына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартуға қатысты қосымша материалдар даярлау.

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық істеу сатыларының түсінігі.
2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындалу.
3. Қылмысқа оқталу.
4. Қылмыстық құқық бұзушылықты аяқтау.
5. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық және аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылық.
6. Қылмыстық құқық бұзушылықты аяғына дейін жеткізуден өз еркімен бас тарту.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №7

Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу: түсінігі, нысандары мен түрлері

Семинар мақсаты: Қылмысқа қатысудың түсінігін ашып көрсету.

Тапсырмалар:

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың түрлеріне салыстырмалы кесте сызу
2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасуға қатысты баяндама жазу
3. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың түрлерін бөліп көрсетіңіз

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың түсінігі.
2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың түрлері.
3. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың нысандары.
4. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың түсінігі мен түрлері.
5. Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасудың түсінігі, түрлері.
6. «Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу» және «қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасу» ұғымдарының арақатынасы.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №8

Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптігі: түсінігі мен түрлері.

Семинар мақсаты: Қылмыстық құқық бұзушылық көптігінің анықтамасын білу.

Тапсырмалар:

1. Қылмыс көптігінің түрлеріне салыстырмалы кесте сызу
2. Қылмыстың жиынтығының анықтамасын білу.
3. Қылмыстың қайталануына баяндама жазу

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптігінің түсінігі.
2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптігі мен жеке қылмыстың арақатынасы.
3. Қылмыстық құқық бұзушылық көптігінің түрлері.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше мәрте жасалуы.
5. Қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы.
6. Қылмыстың қайталануы.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №9

Тақырып. Іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайлар

Семинар мақсаты: Іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайлардың ұғымын ашып көрсету

Тапсырмалар:

1. Іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайлардың түрлеріне қатысты салыстырмалы кесте сызу
2. Орынды тәуекел етуге қатысты қосымша материал көрсету
3. Жедел іздестіру шараларын жүргізу тақырыбында баяндама жазу

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайлардың түсінігі мен маңызы.
2. Қажетті қорғану.
3. Аса қажеттілік.
4. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру.
5. Орынды тәуекел ету.
6. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу.
7. Бұйрықты немесе өкімді орындау.
8. Жедел іздестіру шараларын жүргізу.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №10-11

Тақырып. Қылмыстық жаза: түсінігі, мақсаттары, жүйесі және түрлері.

Семинар мақсаты: Қылмыстық жаза түсінігін талқылау

Тапсырмалар:

1. Қылмыстық жаза ұғымына толықтай сипаттама беру
2. Қылмыстық жазаның жүйесі мен түрлеріне кесте сызу
3. Қылмыстық жазаға красворд сызу

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық жазаның түсінігі.
2. Қылмыстық жазаның мақсаттары.
3. Қылмыстық жазаның жүйесі мен түрлері.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №12

Тақырып. Қылмыстық жаза тағайындаудың жалпы негіздері

Семинар мақсаты: Қылмыстық жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің сипаттамасын көрсету

Тапсырмалар:

1. Қылмыстық жаза тағайындаудың жалпы негіздеріне салыстырмалы кесте сызу
2. Жаза тағайындаудың анықтамасын білу.
3. Жаза тағайындаудың арнаулы ережелері тақырыбында баяндама жазу

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Ұлттық қылмыстық заң бойынша жаза тағайындаудың жалпы негіздері.
2. Жаза тағайындау кезінде Жалпы және ерекше бөлім ережелерінің арақатынасы мен маңызы.
3. Жаза тағайындау кезіндегі қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлардың ескерілуі.
4. Жаза тағайындау кезіндегі қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың ескерілуі.
5. Жаза тағайындаудың арнаулы ережелері.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №13

Тақырып. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату

Семинар мақсаты: Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату ұғымын білу

Тапсырмалар:

1. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздеріне кесте сызу
2. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздеріне қатысты қосымша материал көрсету
3. Қылмыстық жауаптылық тақырыбында баяндама жазу

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың түсінігі, мәні, маңызы.
2. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздері.
3. Қылмыстық жазадан босатудың негіздері.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №14

Тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

Сабақ мақсаты: Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ұғымын білу

Тапсырмалар:

1. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын жаза түрлері тақырыбында баяндама жазу
2. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын жаза түрлеріне кесте сызу
3. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау барысындағы ерекшеліктеріне қатысты қосымша материалдар даярлау.

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері.
2. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктері.
3. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын жаза түрлері, мерзімі мен мөлшері.
4. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау барысындағы ерекшеліктер.

Есеп беру нысаны: семинар дәптеріндегі конспект.

Семинар сабағы №15

Тақырып. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

Семинар мақсаты: Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын анықтау

Тапсырмалар:

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлеріне кесте сызу
2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданғаннан кейін жаза тағайындауға қатысты қосымша материал даярлау
3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түсінігіне баяндама жазу

Семинар сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Студент семинарға дайындық алдында қажетті әдебиеттер және нормативтік актілермен танысу керек. Одан кейін, сұрақтарды мұқият оқып шығып әдебиеттерді саралау керек. Тапсырмаларды толық және уақтылы семинар сабағында ашып оқытушыға өткізу керек.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түсінігі.
2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың мақсаттары.
3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері.
4. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының мерзімін ұзарту, өзгерту және тоқтату.
5. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданғаннан кейін жаза тағайындау.
6. Жазаны орындауға қосылған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

7. ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ӨТКІЗУ БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Тақырып №1 «Қылмыстық құқықтық жалпы сипаттамасы»

Сабақ мақсаты: Қылмыстық құқықтық жалпы сипаттамасын ашып көрсету

Негізгі сұрақтары:

Қылмыстық құқықтың түсінігі. Қылмыстық құқықтың міндеттері. Қылмыстық құқық қағидалары. Қылмыстық құқықтың қайнар көздері.

Қылмыстық құқық жүйесі. Қылмыстық құқық ғылымы. Қылмыстық құқықтың басқа пәндермен байланысы.

Қылмыстық құқықтың Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде алатын орны.

Тапсырма: ОЖСӨЖ-де көзделген сұрақтарды заңи әдебиеттерде қарап ғылыми аспектілерін ашу керек.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Белгілі бір тақырып бойынша коллоквиум нысанында көзделген ОЖСӨЖ тапсырмасын орындау үшін Сіз дәріс сабағы мен семинар сабағы барысында алған білімдеріңізді толықтыру және нығайтып бекіту мақсатында ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінде көрсетілген қайнар көздермен танысуыңыз қажет, соның нәтижесінде ғана тақырып бойынша коллоквиум барысында өзіңізден оқытушы сұрап қалуы мүмкін сұрақтарға жауап бере аласыз. Коллоквиум барысында қойылған сұраққа қысқа да нұсқа түрде (яғни, оқулықта не мақалада кездесетін басқа автордың ой қорытындысын, ұғымды түсіндіру барысында келтірілген мысалдарыд сөзбе-сөз қайталап айтудың қажеті жоқ) тақырыптан өзіңіз ұққан ережелерді қысқаша айтып жеткізу арқылы жауап беріңіз, бірақ ең бастысы қойылған сұраққа мазмұны ашылған әрі дұрыс жауап берілуі тиіс.

Есеп беру нысаны: коллоквиум

Студенттердің білімін бағалау мен тапсырманы орындау мерзімі – 1 апта

Тақырып №2 «Ұлттық қылмыстық заңның жалпы сипаттамасы»

Сабақ мақсаты: Ұлттық қылмыстық заңның жалпы сипаттамасын білу

Негізгі сұрақтары:

Қылмыстық заңның түсінігі, белгілері, маңызы. Қылмыстық заңның міндеттері.

Қылмыстық заңның құрылымы. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші.

Қылмыстық заңның мерзімдегі күші. Қылмыстық заңның кері күші.

Тапсырма: ОЖСӨЖ-де көзделген сұрақтарды заңи әдебиеттерде қарап ғылыми аспектілерін ашу керек.

Әдістемелік нұсқаулар

Белгілі бір тақырып бойынша коллоквиум нысанында көзделген ОЖСӨЖ тапсырмасын орындау үшін Сіз дәріс сабағы мен семинар сабағы барысында алған білімдеріңізді толықтыру және нығайтып бекіту мақсатында ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінде көрсетілген қайнар көздермен танысуыңыз қажет, соның нәтижесінде ғана тақырып бойынша коллоквиум барысында өзіңізден оқытушы сұрап қалуы мүмкін сұрақтарға жауап бере аласыз. Коллоквиум барысында қойылған сұраққа қысқа да нұсқа түрде (яғни, оқулықта не мақалада кездесетін басқа автордың ой қорытындысын, ұғымды түсіндіру барысында келтірілген мысалдарыд сөзбе-сөз қайталап айтудың қажеті жоқ) тақырыптан өзіңіз ұққан ережелерді қысқаша айтып жеткізу арқылы жауап беріңіз, бірақ ең бастысы қойылған сұраққа мазмұны ашылған әрі дұрыс жауап берілуі тиіс.

Есеп беру нысаны: коллоквиум

Студенттердің білімін бағалау мен тапсырманы орындау мерзімі – 2 апта

Тақырып №3 «Қылмыстық жауаптылық. Қылмыстық құқық бұзушылық және қылмыстылық»

Сабақ мақсаты: Қылмыстық жауаптылық. Қылмыстық құқық бұзушылық және қылмыстылық ұғымын білу

Негізгі сұрақтары:

Қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі мен белгілері. Қылмыстың санаттары. Қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі. Қылмыстық жауаптылықтың басқа құқықтық жауаптылық түрлерінен айырмашылығы. Қылмыстық құқық бұзушылық пен қылмыстық жауаптылықтың арақатынасы. Қылмыстық жауаптылықтың негізі.

Тапсырма: ОЖСӨЖ-де көзделген сұрақтарды заңи әдебиеттерде қарап ғылыми аспектілерін ашу керек.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Белгілі бір тақырып бойынша коллоквиум нысанында көзделген ОЖСӨЖ тапсырмасын орындау үшін Сіз дәріс сабағы мен семинар сабағы барысында алған білімдеріңізді толықтыру және нығайтып бекіту мақсатында ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінде көрсетілген қайнар көздермен танысуыңыз қажет, соның нәтижесінде ғана тақырып бойынша коллоквиум барысында өзіңізден оқытушы сұрап қалуы мүмкін сұрақтарға жауап бере аласыз. Коллоквиум барысында қойылған сұраққа қысқа да нұсқа түрде (яғни, оқулықта не мақалада кездесетін басқа автордың ой қорытындысын, ұғымды түсіндіру барысында келтірілген мысалдарыд сөзбе-сөз қайталап айтудың қажеті жоқ) тақырыптан өзіңіз ұққан ережелерді қысқаша айтып жеткізу арқылы жауап беріңіз, бірақ ең бастысы қойылған сұраққа мазмұны ашылған әрі дұрыс жауап берілуі тиіс.

Есеп беру нысаны: - коллоквиум

Студенттердің білімін бағалау мен тапсырманы орындау мерзімі – 3 апта

Тақырып №4 «Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы»

Сабақ мақсаты: Қылмыстық құқық бұзушылық құрамын ажырата білу

Негізгі сұрақтары:

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылық саралаудың түсінігі мен маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы және Қылмыстық құқық бұзушылықты саралау ұғымдарының арақатынасы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі. Қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағы. Қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағы. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі. Ис-әрекет, зардап, себепті байланыс, қылмыстың жасалу орны, уақыты, әдісі, құралы, т.б. Кінәнің түсінігі, нысандары. Ниет пен мақсат. Есі дұрыстық, есі дұрыс еместік: түсінігі, белгілері, арақатынасы.

Тапсырма: ОЖСӨЖ-де көзделген сұрақтарды заңи әдебиеттерде қарап ғылыми аспектілерін ашу керек.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Белгілі бір тақырып бойынша коллоквиум нысанында көзделген ОЖСӨЖ тапсырмасын орындау үшін Сіз дәріс сабағы мен семинар сабағы барысында алған білімдеріңізді толықтыру және нығайтып бекіту мақсатында ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінде көрсетілген қайнар көздермен танысуыңыз қажет, соның нәтижесінде ғана тақырып бойынша коллоквиум барысында өзіңізден оқытушы сұрап қалуы мүмкін сұрақтарға жауап бере аласыз. Коллоквиум барысында қойылған сұраққа қысқа да нұсқа түрде (яғни, оқулықта не мақалада кездесетін басқа автордың ой қорытындысын, ұғымды түсіндіру барысында келтірілген мысалдарыд сөзбе-сөз қайталап айтудың қажеті жоқ) тақырыптан өзіңіз ұққан ережелерді қысқаша айтып жеткізу арқылы жауап беріңіз, бірақ ең бастысы қойылған сұраққа мазмұны ашылған әрі дұрыс жауап берілуі тиіс.

Есеп беру нысаны: коллоквиум

Студенттердің білімін бағалау мен тапсырманы орындау мерзімі – 4-5 апта

Тақырып №5 «Қылмыстық құқық бұзушылық істеу сатылары»**Сабақ мақсаты:** Қылмыстық құқық бұзушылық істеу сатыларының ерекшеліктерін білу**Негізгі сұрақтары:**

Қылмыстық құқық бұзушылық істеу сатыларының түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылықтайындалу. Қылмысқа оқталу. Қылмыстық құқық бұзушылық аяқтау.

Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық және аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылық. Қылмыстық құқық бұзушылықты аяғына дейін жеткізуден өз еркімен бас тарту.

Тапсырма: ОЖСӨЖ-де көзделген сұрақтарды заңи әдебиеттерде қарап ғылыми аспектілерін ашу керек.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Белгілі бір тақырыпта реферат нысанындағы ОЖСӨЖ тапсырмасын орындау үшін Сіз дәріс және семинар сабақтары барысында алған білімдеріңізді толықтыру және нығайтып бекіту мақсатында ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінде көрсетілген қайнар көздермен танысуыңыз қажет; соның нәтижесінде ғана А4 форматты ақ қағазға тақырыптың мазмұнын толықтай ашатын мәліметтерді қамтитын, қысқа да нұсқа түрде (яғни, оқулықта не мақалада кездесетін басқа автордың ой қорытындысын толығымен, ұғымды түсіндіру барысында келтірілген мысалдарды сөзбе-сөз көшірудің қажеті жоқ) тақырыптан өзіңіз ұққан ережелерді қысқаша жазып алыңыз, бірақ ең бастысы-тақырыптың мазмұны ашылып қана қоймай, Сіздің осы тақырып жөніндегі өз ой-пікіріңізде білдірілкі тиіс.

Есеп беру нысаны: реферат

Студенттердің білімін бағалау мен тапсырманы орындау мерзімі – 6 апта

Тақырып №6 «Қылмыстық заң бойынша қылмыстық құқық бұзушылық қатысушылық»**Сабақ мақсаты:** Қылмыстық заң бойынша қылмыстық құқық бұзушылық қатысушылық ұғымын білу**Негізгі сұрақтары:**

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың нысандары. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың түсінігі мен түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасудың түсінігі, түрлері.« Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу» және «Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасу» ұғымдарының арақатынасы.

Тапсырма: ОЖСӨЖ-де көзделген сұрақтарды заңи әдебиеттерде қарап ғылыми аспектілерін ашу керек.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Белгілі бір тақырыпта тест нысанындағы ОЖСӨЖ тапсырмасын орындау үшін Сіз дәріс және семинар сабақтары барысында алған білімдеріңізді толықтыру және нығайтып бекіту мақсатында ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінде көрсетілген қайнар көздермен танысуыңыз қажет; соның нәтижесінде ғана А4 форматты ақ қағазға тақырыптың мазмұнын толықтай ашатын мәліметтерді қамтитын, қысқа да нұсқа түрде (яғни, оқулықта не мақалада кездесетін басқа автордың ой қорытындысын толығымен, ұғымды түсіндіру барысында келтірілген мысалдарды сөзбе-сөз көшірудің қажеті жоқ) тақырыптан өзіңіз ұққан ережелерді қысқаша жазып алыңыз, бірақ ең бастысы-тақырыптың мазмұны ашылып қана қоймай, Сіздің осы тақырып жөніндегі өз ой-пікіріңізде білдірілуі тиіс.соғында сұрақ жауаптары болуы шарт.

Есеп беру нысаны: тест

Студенттердің білімін бағалау мен тапсырманы орындау мерзімі – 7 апта

Тақырып №7 «Қылмыстық құқық бұзушылық көптігі»**Сабақ мақсаты:** Қылмыстық құқық бұзушылық көптігі ұғымын білу**Негізгі сұрақтары:**

Қылмыстық құқық бұзушылық көптігінің түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптігі мен жеке қылмыстық құқық бұзушылықтың арақатынасы. Қылмыстық құқық бұзушылық

көптігінің түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше мәрте жасалуы. Қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы. Қылмыстың қайталануы.

Тапсырма: ОЖСӨЖ-де көзделген сұрақтарды заңи әдебиеттерде қарап ғылыми аспектілерін ашу керек.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Белгілі бір тақырып бойынша коллоквиум нысанында көзделген ОЖСӨЖ тапсырмасын орындау үшін Сіз дәріс сабағы мен семинар сабағы барысында алған білімдеріңізді толықтыру және нығайтып бекіту мақсатында ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінде көрсетілген қайнар көздермен танысуыңыз қажет, соның нәтижесінде ғана тақырып бойынша коллоквиум барысында өзіңізден оқытушы сұрап қалуы мүмкін сұрақтарға жауап бере аласыз. Коллоквиум барысында қойылған сұраққа қысқа да нұсқа түрде (яғни, оқулықта не мақалада кездесетін басқа автордың ой қорытындысын, ұғымды түсіндіру барысында келтірілген мысалдарыд сөзбе-сөз қайталап айтудың қажеті жоқ) тақырыптан өзіңіз ұққан ережелерді қысқаша айтып жеткізу арқылы жауап беріңіз, бірақ ең бастысы қойылған сұраққа мазмұны ашылған әрі дұрыс жауап берілуі тиіс.

Есеп беру нысаны: коллоквиум

Студенттердің білімін бағалау мен тапсырманы орындау мерзімі – 8 апта

Тақырып №8 «Іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайлардың қылмыстық-құқықтық мәні мен маңызы»

Сабақ мақсаты: Іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайлардың қылмыстық-құқықтық мәнін мен маңызын танып білу

Негізгі сұрақтары:

Іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайлардың түсінігі мен маңызы. Қажетті қорғану.

Аса қажеттілік. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру. Орынды тәуекел ету. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу.

Бұйрықты немесе өкімді орындау. Жедел іздестіру шараларын жүргізу.

Тапсырма: ОЖСӨЖ-де көзделген сұрақтарды заңи әдебиеттерде қарап ғылыми аспектілерін ашу керек.

Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар:

Белгілі бір тақырыпта реферат нысанындағы ОЖСӨЖ тапсырмасын орындау үшін Сіз дәріс және семинар сабақтары барысында алған білімдеріңізді толықтыру және нығайтып бекіту мақсатында ұсынылған негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінде көрсетілген қайнар көздермен танысуыңыз қажет; соның нәтижесінде ғана А4 форматты ақ қағазға тақырыптың мазмұнын толықтай ашатын мәліметтерді қамтитын, қысқа да нұсқа түрде (яғни, оқулықта не мақалада кездесетін басқа автордың ой қорытындысын толығымен, ұғымды түсіндіру барысында келтірілген мысалдарды сөзбе-сөз көшірудің қажеті жоқ) тақырыптан өзіңіз ұққан ережелерді қысқаша жазып алыңыз, бірақ ең бастысы-тақырыптың мазмұны ашылып қана қоймай, Сіздің осы тақырып жөніндегі өз ой-пікіріңізде білдірілкі тиіс.

Есеп беру нысаны: реферат

Студенттердің білімін бағалау мен тапсырманы орындау мерзімі – 9 апта

